



ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

№4 (42) / 2015



ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

Қазақстан Республикасының
Ақпарат министрлігінде тіркелген
№ 516-ж куәлігін берілген
(14.06.2004)

Бас редактор
Қонысбай ӘБІЛ

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси
жұмыс комитеті

Редакциялық кеңес:

Ербол Нұрғалиев

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс
комитеті төрағасының орынбасары

Қойшығара Салғараұлы

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы

Кеңес Юсуп

Жазушы, аудармашы

Ғарифолла Есім

ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Алдан Смайыл

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Сауытбек Абдрахманов

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
акционерлік қоғамының президенті, филология
ғылымдарының докторы

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі

Дархан Қыдырәлі

ҚР Білім және ғылым министрлігі
Халықаралық түркі академиясының
президенті, тарих ғылымдарының докторы

Айдос Сарым

Саясаттанушы

Тіл және тәуелсіздік

Адамзат қоғамының саналы түрде сабақтаса, араласа тіршілік етуінің өміршең құралы, халықтың «менінің», ұлттық ділінің арқауы — тіл дейтін болсақ, онда адам баласы ұлтына, жеріне, тарихи дамуына, қауымдасуына, діліне қарай дербес мемлекеттер болып өмір сүріп жатқанда тіл мәселесінің мазмұны да, мәні де артпақ. Жалпы, мемлекетішілік қатынас құралына айналған тіл үлкен саяси мәнге ие. Яғни, тіл өзіне тән табиғи қызметтерімен бірге ендігі тұста аса маңызды елдік, мемлекеттік қызметті де атқарады. Нәтижесінде, мемлекет ішінде тілдің біріктірушілік, басқарушылық, реттеушілік маңызы артады. Сөйтіп, әлеуметтік құбылыс ретіндегі тіл ірі қоғамдық һәм саяси құбылысқа айналады. Оны «мемлекеттік» немесе «ресми» тіл деп атап жүрміз.

Қоғамдық және саяси тұрғыдан тіл - мемлекетішілік қатынас, басқару, әлеуметтік байланыстарды реттеуші, азаматтардың өзара түсінісу құралы болса, ұлттық тұрғыдан келгенде тіл - сол халықтың тарихы, дәстүрі, мәдениеті, білімі, танымы сақталатын ең басты қазынасы. Соған орай, тіл — мемлекет тұтастығының кепілі және халықтың төлтумалылығын сақтаушы әрі жетілдіруші негізгі рухани құбылыс болмақ. Қазақстандағы мемлекеттік тіл дегенде біз осы екі мәселені алға тартуға және ұғынуға тиіспіз. Бұл арада қазақ халқының саяси тәуелсіздік алып, өз алдына жеке ел болуы — оның тілінің де еркіндік алуымен, кедергісіз өрістеуімен тікелей сабақтасып жатуы қажет-ақ. Егемендікке жетуіміздің негізінде саяси, тарихи, себептерден бұрын «қазақ» деген ұлттың болмағы тұрса, онда халықтығымыздың қайнарында тіл тұрары және ақиқат. Сондықтан да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қиын кезеңдерде ұлтты қожыратпаудың қуатты қаруы болған қазақ тілі бүгінгі азат өмірімізде де ұлтты тұтастандырудың тегеурінді тетігі болуға тиіс» деп тілдің ұлтты сақтайтын және біріктіретін

орасан қызметіне лайықты баға берді. Егемендік тұсында қазақ тілі ұлтты сақтаушылық сияқты табиғи әрі тарихи миссиясымен бірге ұлтымыздың саяси һәм қоғамдық құқықтарға ие болуының, рухани әлемін кеңейтуінің де кепілі қызметін толықтай орындауы шарт. Осы бағытта елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге байланысты мақсатты шаралар атқарылуда. Олар арнайы мемлекеттік бағдарламада көрініс тапқан.

Тіл ұлт, ел мәдениетінің бөлігі ғана емес, сол халықтың, мемлекеттің барша мәдениетінің қуаты. Сол мәдениеттің баяны да, безбені де. Қандай мәдениет болмасын қатынас құралы ретінде де, ұлттың барша болмысы көрінген келбеті ретінде де тіл арқылы жасалған, тілі арқылы да өмір сүреді, сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға жетіп ұлттық тұтастықты сақтайды. Мәдениет ұлт өмір сүруінің ғасырлар бойы жинақталған амалдары мен тәсілдерінің мейлінше сұрыпталған тәжірибесінің ең жарқын қазынасы. Сондықтан ол халықтың табиғи ортамен, өз ішіндегі, сыртқы байланыстарының түйінделген, мейлінше жүйеленген ойларының, аңсарларының, көзқарастарының қымбат құндылығы, бағалы қазынасы. Ендеше, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі — қазақ тілі жалпы қазақстандық мәдениеттің де негізі болмағы қажет. Осы орайдан келгенде, тіл біздің еліміздің мәдени болмысын қалыптастырушы басты құрал, сонымен қатар сол мәдениеттің де негізгі мазмұнын құрамақ. Мәдениет ұлттың болмысы ғана емес, сол ұлттың сан ұрпағы жасаған, жетілдірілген, тұтынған сол халықты сақтаған және сақтай беретін ұлы қорғаны. Бүгінгі күнге дейін дербес халық болып жету, дінін, тілін сақтап қалу, өмірдің барлық саласын қамтыған, ешкімге ұқсамайтын, қайталанбас мәдениет қалыптастыру, сол мәдениет аясында әрі қолданбалы, әрі рухани бай қазына арқылы ортамен ымырашылдықта өмір сүру, осы алып территорияны иемденіп, оны ерлік пен бірліктің арқасында сақтап қалу, намысы мен абыройы үшін күресе білу, енді бүгін тәуелсіз мемлекет құрып әлемдік қауымдастыққа еніп жатса, соның бәрі ұлттың үлкен әлеуетінде. Осындай қуатты әлеуеті бар қазақ елінде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде, қазақстандықтардың ортақ

қатынас құралы ретінде өз қызметін толық атқаруға байлығы да, күші де жетеді. Оны отандастарымыздың баршасы сезінсе, түсінсе жаһандану дәуірінде барлық құндылықтарымызды өз деңгейінде сақтай да аламыз, жетілдіре де аламыз. Осы құндылықтар еліміздегі барлық халықтың ортақ қазынасына айналғанда тілдің біріктірушілік, тұтастырушылық қуаты күшеймек. Мемлекетте бір тілдің, сол арқылы бір мәдениеттің төңірегіне топтасу тәжірибесі әлемдік кеңістікте баршылық. Бұл өркениеттің мысалы.

Тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы — сол елде тұратын азаматтардың баршасына ортақ мәдени қазына және қоғамдық құндылық сапасына көшуімен сабақтасады. Бұл бір жағынан мемлекетішілік тұтастыққа қол жеткізсе, екінші жағынан жаһандану дәуірінде ұлттық, мемлекеттік келбетімізді сақтап қалуға оң ықпал етеді. Жаһандану қазанында өзіміздің ұлттық болмысымызды, мемлекеттік келбетімізді сақтап қалу үшін, қазақ та, басқа этностар да қазақ тілі мен мәдениетінің маңайына шоғырлануы керек. Біз қазіргі заманның реалды болмысын сараласақ, өзге ұлттың да, тілдің де, мәдениеттің де төңірегіне топтасуымыз мүмкін емес, егер олай мүмкін дейтін отандастарымыз болса, олар не бүгінгі күннің шындығынан бейхабар, не өз мемлекетінің мықты болуына мүдделі еместер. Бізді «Қазақстан Республикасы» деген мемлекет біріктіреді екен, ендеше осы мемлекеттің бағзы тарихынан бастап бүгінге дейінгі осы жерді сақтап келген мұраттар жолында тұтасуымыз қажет, біздің білім алуымыз, жұмыс істеуіміз, мақсаттарға жетуіміз үшін еліміздің ішкі бірлігі, сыртқы қауіпсіздігі қай-қайсысымызға да қажет. Әлбетте, алдымен жеке басымызға, отбасымызға, жақындарымызға. Ал осы ортамыздың амандығына кепілдік беретін мемлекет, оны ұмытпағанымыз жөн. Егер бір мемлекет азаматтарының әрқайсысы қалаған тілінде сөйлеп, басқа мемлекеттің мәдениетіне еліктей берсе, әлбетте, елдік санаға да, мемлекеттік мүддеге де салқыны тиеді. Сондықтан бүгін «өркениетті» деп еліктеп жүрген мемлекеттердің қай-қайсысы да мұны терең түсінгендіктен мемлекетқұраушы ұлттың тіліне, мәдениетіне, қажет десеңіз дініне де өзге этностарды енгізеді. Бүгінгі Қытай, Франция, Испания, Германия, Италия сияқты

аса танымал мемлекеттердің XVIII-XX ғасырлардағы тарихына көз салсақ, қаншама этностарды негізгі ұлттың діліне бейімдегенін аңғарар едік. Әлемде мұндай үдерістер қазір үдемесе, баяуламауда. Осы бағыт, осы үдеріс өрістей бермек. Сол себепті де елдігіміздің негізі, ұлтымыздың ұйтқысы — қазақ тілінің шынайы мемлекеттік тілге айналуы үшін әлі де атқарар жұмыстардың көп екендігін сезініп, осы бағытта мемлекеттік деңгейде де, азаматтық ынтамен де кірісуіміз керек.

Қазақстанда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін барлық салаға батыл, толық, жан-жақты енгізудің басты алғышарттары бар, қалыптасқан. Біріншіден, қазақ тілі Қазақстан Республикасының Конституциясында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл — қазақ тілі» деп бекітілген. Екіншіден, демографиялық тұрғыдан алғанда, тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ халқының үлес салмағы тәуелсіздік алған жылдардан бері үнемі артып келеді. Бұл елімізде қазақ тілді ортаның кеңеюіне әкелетіні түсінікті. Үшіншіден, ұлт болашағының да, тіл болашағының да кепілі — балалар дейтін болсақ, онда қазақ мектептеріне баратын оқушылардың саны еселеп өскендігін аңғарамыз. Бұл да тілдік орта қалыптастыратын маңызды үдеріс. Сонымен бірге, тәуелсіздік кезеңінде өз балаларын қазақ сыныптарына беріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің саны көбеюде және осындай үдеріс балабақшалардан да байқалуда. Төртіншіден, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде арнайы түрде балабақша, мектептен бастап ересектерге, мемлекеттік қызметкерге дейін ұйретіледі. Бесіншіден, қазақ халқы кеңес дәуіріне қарағанда тәуелсіздік жылдары өзінің тарихи терең тамырларын, ұлттық болмысын түсініп тіліне, өткеніне, дәстүріне бет бұрып жатқаны шындық. Бәлкім, бұл үдеріс біз күткендегіден баяулау жүріп жатуы әбден мүмкін, десек те ондай бетбұрыс бар. Яғни, қазақ халқының басым бөлігі қазақтілді болуға ұмтылады және бұл үдеріс жылдан-жылға артатын болады. Міне, осы негізгі алғышарттарды басшылыққа алып барын ұқсатуға, қажеттісін табуға, баяуын жеделдетуге күшке күш, серпінге серпін қосқанымыз жөн. Бұл халқымыз бен мемлекетіміз үшін, тәуелсіздігіміздің мәңгілігі үшін аса маңызды, қадірменді ағайын!



Бақытжан ХАСАНҰЛЫ

Мемлекеттік тілді қамыту стратегиясы

Тіл дамуының өз заңдылығы бар: бір жағынан, ол өз бетінше, ішкі даму заңдылықтары негізінде өзгеріске түсіп отырады, оның көпшілігі даму белгісін береді; екінші жағынан, тіл қоғамның (дәлірек айтсақ, оның өкілдерінің) тікелей ықпалымен дамиды. Тілді саналы түрде дамыту тілдік өмірімізге енді. Тілдік өмірдің өнегелі өрілуіне мемлекет тұтқасын ұстаған тұлғалар тікелей әсер етуде.

Қазақ халқы өз елінің шапшаң дамып келе жатқандығын ана тілінің даму деңгейінен де көргісі келеді. Әрине, бұл салада жеткен меже мәз емес. Мұны ана тілі дамуының тамыршысы сезініп отыр. Оны өзге ешкім емес, сол тілді туғызған халықтың дәл өзі бағалап отыр. Елбасы мемлекеттік тілдің өткені мен бүгінгісін ескере отырып, тілдің даму стратегиясының іргетасын қалап берді, әлбетте, стратегия үш тұғырға қонуы шарт. Олар: басқару, ұйымдастыру, ақпарат.

Ел басқару тізгінін қолына алған шенеуніктер ретін тауып, елді баса-көктеуге, тілдің даму заңдылығын, тілді сақтау мен дамыту-

ды құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ете алу қабілеті болмақ керек. Пікір айтар, көсемдік танытар тұлға, шешіліп сөйлер шешеннің, қасірет шеккен қазақ тілінің қамын жейтіндей қазақылығы болмақ керек.

Тілдік даму стратегиясы саяси жаңару тұғырында орын алуы тиіс.

Елбасы мемлекеттік, саяси, қоғамдық институттарға тапсырыс беріп отыр деп түсіну керек. Тапсырысты орындаудың басы-қасында мемлекеттік биліктің атқарушы тұтқасы — жаңадан құрылған Тіл комитеті. Ол арқылы Орталық билік күллі мәселені шешуді қолына ұстамай, бәрін өзіне шоғырландырмай, ортақ өкілеттілікті жергілікті органдарға беруі тиіс, тілдің аймақтық мәселесін шешуді жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне тапсырады. Тіл комитеті мен тіл қозғалысы да өз қызметін атқарады.

Стратегия мемлекеттік тілдің өрісін жеделдете кеңейтіп, орыс тіліне тәуелділіктен шығарып, екі тілдің қатар қолданылуы мен бәсекелестігі негізінде бұрынғы орыс, қазақ халықтарына тән біртілділік орнына қазақ пен орыстың екіжақты қостілділікті дамытуы күн тәртібіне қойылды. Анығын айтпақ керек, мәселені шешу мүмкіндігі пайда бола бастады. Біріншіден, біртілділікке апаратын орыстандыру саясаты опат болды, кетті. Екіншіден, Қазақстанда тіл егемендігі пайда болып, керітартпа саясат орнына игілікті сипатты тіл саясаты алғы шепке шықты. Үшіншіден, орыстілді өзге ұлт өкілдері жергілікті халық тіліне мән бере бастады.

Қазақстанның тілдік даму стратегиясы — мемлекеттік тілді көптілді Қазақстанның ортақ тіліне айналдыру. Мұндағы мақсат неде? Мақсат сол — қазақ деген мемлекет құрған, әрі елдегі көпшілік болып табылатын халықты халық етіп қалыптастырған тілді қазақтың өзінің, қала берді өзге ұлыстардың, ел игілігіне айналдыру. Бұл ретте елдегі орыс тілінің, оны туғызған орыс ұлтының үлес салмағының қазақтың елдегі үлес салмағының жартысындай (27 %) болуын және қазақтармен туыс түркі халықтары тілдерінде сөйлейтіндерді есептегенде Қазақстан халқының үштен екісін құрайтынын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Тілдік стратегия бүкілхалықтық сұраныс негізінде жасалады, оны сенімі мен біліктілігі сай келген тұлға жүзеге асырмақ. Сондай тұлға — Елбасы.

Елбасы қазақ тілінің болашағына сенеді. Сол сенім ақталу үшін мемлекеттік тіл негізінде тіларалық қатынас жақсарып, екіжақты қостілділік (атап айтар болсақ, қазақ-орыс, орыс-қазақ қостілділігі) стратегия өзегіне айналмақ керек.

Тілдік даму болған жерде ғана күрделі тілдік жағдаяттың жақсарып, тұрақталуы қамтамасыз етіледі. Міне, осындай жағдайда ғана қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі Қазақстанның күллі аумағында жүзеге аспақ және мемлекеттік тіл күнделікті өмірімізде орнықпақшы. Қоғамның, халықтың діттегені — осы.

Стратегия жасау үшін алдымен тілдік-этникалық жағдаят дұрыс сарапталуы шарт. Соның негізінде ғана қажетті идея ұсынылмақ. Идеяны халық алдында мемлекеттік биліктегілер жүзеге асырады. Өкінішке орай, бұлар халық мүддесінен ауытқып, аппарат мүддесін жоғары қоюды ұмытпайды, ал саяси партиялар болса, олардың бір де біреуінің мемлекеттік тілді дамыту жөнінде өзіндік идеясы жоқ, тіл дамытудың тетігін таба алмай келеді, құр сөз айтып қоя салуға әуес.

Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» деп аталатын 2005 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы — Қазақстан үшін қыры-сыры мол, ХХІ ғасырдың алғашқы бес жылында маңыздылығы бойынша теңдесі жоқ құжаты, Жолдаудың қалың жұртшылық тарапынан жан-жақты қызу талқылануы, қолдау табуы — соның нақты дәлелі.

Жолдаудың негізгі функциясы (атқарар қызметі) қандай? Ол анық: стратегиялық бағытымыздың негізгі бағдарларын аралық саралау, атқарған жұмысымызды қорытындылау, мемлекетіміздің алдағы жүрер жолының бағыт-бағдарын айқындау.

Өмірдің сан алуан саласындағы азаматтарымыз жаңаруға өз үлесін қосуы тиіс. Үлес қосу үшін Жолдау функциясын жете түсіну шарт.

«Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі — еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек», - деді Елбасы. Бұл — нақты тапсырыс. Басшы сөзінің ретіне қарасақ, мемлекеттік тілді барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторына айналдыру — Елбасының бірінші тапсырысы. Барлық қазақтың ана тілін одан әрі дамыту — Елбасының екінші тапсырысы.

Елбасы тапсырысын күллі қоғам, барша әлеуметтік топ, оның ішінде ұстаздар мен студенттер қауымы жақсы түсінуі шарт.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының ректоры Ш.К.Беркімбаева ғылым докторларына соңғы курстардағы студенттерге дәріс оқи отырып, солардың ішінен жақсы үлгеретіндерін магистратура мен аспирантураға қабылдауға ұсынуды тапсырған болатын. Сол тапсырманы орындай отырып, мен 4-курста жалпы тіл білімінен дәріс оқимын. Кезекті бір дәрісте 4-курс студенттерін Елбасы Жолдауымен таныстыра отырып, олардан тілге байланысты жолдарға назар аударып, оқылып отырған пәнге, қазақ тіл біліміне байланыстыра бірнеше сұрақ қойдым. Жалпы тіл білімі пәні мазмұнына сай, әлеуметтану (социология), тіл теориясы тұрғысынан:

1. «Қазақстандықтарды біріктірудің әлеуметтік факторларын» атаңыздар деген сұрақ қойылды. Түсінісуге тура келді: Фактор, қарапайымдап айтсақ, жағдай. Әлеуметтік фактор кең мағынада әлеуметтік жағдайда (условие), мінез-құлыққа ықпал етуші жағдай.

2. «Мемлекеттік тіл — қазақстандықтарды біріктіруші фактор» деген тұжырымды қалай түсінесіздер? деген сұрақ қойылды.

3. «Мемлекеттік тілді қалай Қазақстан халқының басын біріктіруші факторға айналдыруға болар еді?» деген сұрақ және қойылды.

Жасыратын несі бар, бұл сұрақтарға берген студенттердің жауабының деңгейі тиісті дәрежеде болмады. Өз сұрағыма қысқаша жауап беруге тура келді. Студенттерге Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1459 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» (бұдан былай - Бағдарлама) міндеттерінің бірі ретінде «мемлекеттік тілді басым дамыту» керектігі атап көрсетілгені ескерілді. Шамасы, мұны әр дәріс тұсында ескертуіміз керек екен.

Келесі сұрақтарым жеке тіл білімі – қазақ тіл білімі тұрғысынан болды. Студенттер «ана тілі» деген – қазақ тілі екенін, Жолдау бойынша, «ана тілін дамыту» керектігін айтты. Алайда, «тілді қалай дамытуға болатынын» ешкім нақты айта алмады. «Ана тілі» алдымен психолингвистикалық категория екенін айтқан соң, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту тетігін социолингвистикалық, психолингвистикалық тұрғыдан жақсылап түсіндіру керек болды.

Әлбетте, қазақ тілін қазақстандықтарды біріктіруші факторға айналдыру мәселесі – күрделі мәселе, ал қазақ тілін ұрпақ тіліне айналдыру мәселесі күрделілігі жағынан одан бір де бір кем емес. Өйткені, дәл қазіргі қазақтар төл тілін білу-білмеу деңгейі жағынан біркелкі емес, бірнеше топқа бөлінеді: қазақ тілін ана тілі дәрежесінде білетіндер, қазақ тілін екінші тіл ретінде білетіндер, сөйлеу тілінде қиналып, орысша араластырып сөйлейтіндер және қазақ тілінен бейхабар, мүлдем білмейтіндер, сонымен қатар қазақ тілін білсе де ресми орындарда сөйлемейтіндер, сөйлесе де қазақ тілі тағдырына немқұрайлы қарайтындар, Президент, Сенат пен Мәжіліс төрағалары еркін меңгеруге тиісті мемлекеттік тілді (Қазақстан Республикасы Конституциясының 41, 58 баптары) ұлты қазақ депутаттар білу міндетті емес деп есептейтін қазақ халқы қалаулылары, ақын, ғалымсымақтар баршылық. Орыстілділіктің қазақтың қайсы бір зиялылары мен білгіштерінің тілдік санасына берік орныққаны соншалық – кеңес дәуірінде қазақ арасында тарап кеткен орыс біртілділігі тілдік егемендік жағдаятында да берік сақталуда. Бұларсыз да қазақ тілін дамытамыз, дей тұрғанмен саяқ жүргендер ана тілі үйіріне қосылар деп үміттенеміз.

Қазақ тілін ұлтты ұйыстырушы факторға айналдыру үшін бірінші кезекте ана тілі дәрежесінде білетіндер тіл мәдениетін мейлінше жетілдіруі керек, екінші тіл ретінде пайдаланатындар ана тілі деңгейінде білуі тиіс, ал шала білетіндер мен мүлдем білмейтіндер оны екінші тіл деңгейінде меңгеріп, екі тілдің бірі ретінде алма-кезек қолдана алатындай болуы қажет. Міне, осындай жағдайда келесі кезекте тілдің әдеби нормасын сақтау, тіл мәдениетін жетілдіру мәселесі шешілуі тиіс.

Білімді елдің ғана тілі бай болады.

Білім мен тіл.

Білім деген не? Білім пәні — адам.

Білім деген қайсыбір санада, жадта сақталған «ақпараттық», «мазмұндық» бірліктер, жүйеге түскен объективті мәліметтер. Қазақ тілін оқыту жас ұрпақты әлеуметтендіру қызметін атқарады, сондықтан да ол халықтық педагогикаға құрылуы тиіс, себебі мұнда өмірмен байланыс, сабақтастық бар. Білім ауысады, ырыс жұғысады. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады.

Білім беру — қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту үдерісі. Сонымен қатар, пайым деген түсінік бар. «Әр нәрсенің пайымына бар» дейді халқымыз, «ақылға сал» деген сөз. Пайым (түсінік, тоқу, сабақ алу) деген жеке адам, ұжымдық шындық өмірмен байланыс пен қарым-қатынастың субъективті бейнеленуі, өзіндік (субъективті) елес, ұғым және оларға байланысты баға. Мысалы, әр әлеуметтік топтың өкілінің Махамбет пен Жәңгір хан жөніндегі пікірі сай келе бермесі хақ.

Білім мен пайым табиғаты, құрылым, белсенділену (активтену), сақталу формасы мен тәсілі жағынан өзара бөлінеді, дараланады.

Кезінде Халел Досмұхамедұлы: «Мәдениеттің негізі — білім. Білім тіл арқылы жетіледі. Білімді жұрттардың тілі бай болады» деп еді.

Елбасы биылдан бастап педагог мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 5 мың бірлікке артатындығын айтты. Бұл гранттан 8 педагогикалық жоғары оқу орнына берілді.

Белгілі идеологияны өмірге енгізумен қатар балғын жасты қорғай отырып, егемендік белгісі мемлекеттік тілді қорғап, ол тілде білімді дамытуды қамтамасыз ету мемлекеттік билікті жүргізушілердің бірден-бір міндеті болса керек.

Білім — тілдің дамуын белгілейтін, оның дамуында шешуші роль атқаратын қозғаушы күш.

Қазақстанда білім саласын түбегейлі өзгерту қажеттігі дау туғызбайды.

Қалай түбегейлі өзгеріске қол жеткіземіз — сонда біз білімді ел боламыз. О заман да, бұ заман білімді елдің ғана тілі бай болады. Бірақ халық білімді басқа тілде емес, ана тілінде алғаны жөн. Бұл — әлем мойындаған заңдылық.

Қазақстанда білім саласында қазақ, орыс, ағылшын тілдері оқу тілі (мамандық игеру тілі) ретінде қолданылады, пән ретінде де оқытылады. Неміс, корей, француз, испан, қытай тілдері, негізінен, пән ретінде оқытылады.

Мемлекеттік тілді біріктіру факторына айналдыру, егер тіл өз мәртебесіне лайықты қолданылса, әлеуметтік, саяси жедел жаңару тұғырында жүзеге аспақ, себебі мемлекеттік тіл дегеннің өзі — саяси

категория, ал әлеуметтік жедел жаңару, сайып келгенде, әлеуметтік фактор, ал, қандай да тіл болмасын, ол саяси өмірімізді ырықтандыру барысында, әлеуметтік фактордың ықпалымен дамиды. Айта кету керек, экономикалық фактордың да ықпалы өзінше мықты болады, бірақ ол кейбір дамыған елдің өзінде кез келген тілге игілікті ықпал ете бермейді (мысалы, экономикасы дамыған Канада, Америка Құрама Штаттарында т.б. көптеген елдерде тілдік жағдаяттың үнемі күрделі болып келуі осыны байқатады).

Білім беру бағдарламасы бойынша үш тілді білетін тұлғаны тәрбиелеу стратегиясы белгіленді және оны жүзеге асыру үшін тиісті дәрежеде қаржы қарастырылған.

Қазақстан білімді ел болса, оның негізгі білім алу (мамандық игеру) тілі, әлбетте, қазақ тілі болуы тиіс, ағылшын, орыс тілдерінде де білім алу дұрыс болады. Бірақ министрліктің қазіргі бұл тілдер жөнінде ұстанған бағыты бұлыңғыр, ғылыми тұрғыдан күмәнді. Министрлікке мәселені социолингвистикалық, психолингвистикалық тұрғыдан ғана шешуге болатынын айтқан абзал.

Халықтық этномәденилингвистикалық ерекшелікті сақтау — ғұмырлық іргелі проблема, оны шешу үшін этнос тілдің толыққанды (бағалы) қолданысын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін Қазақстанда тілдердің білім саласында қоғамдық қызмет атқаруын күнілгері жоспарлау керек. Бұл екі бағытта жүруі тиіс:

оқыту құралы — оқыту тілі;
оқу пәні (оқытылатын тіл).

Әңгіме мынада: қай тіл білім беру тілі болып белгіленсе, сол тілде адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және ой мен бой дамуы іске аспақ, кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту үдерісі жүреді. Мынаны да ескеру керек: Елбасы қазақтың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерді жұмсау керектігін атап айтты, бұл аз болса, оның «Қазақстан болашағы — қазақ тілінде» дегені және бар.

Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы алға тартқан міндеттің сапында «білім беру процесін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру» аталғаны баршаға белгілі. Осы орайда бағдарлама бойынша, «мемлекеттік тілді басым дамыту» керек, мемлекеттік тіл білім саласында да басым қолданылуы тиіс, ал бұл қазақ тілін оқу-әдістемелік және ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуді және оны жетілдіруді талап етеді. Сондықтан да білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту ерекше орын алады. Алайда кейінгі кезде білім саласында ағылшын тілін оқыту мәселесі тәжірибе-сынақ түрінде ерекше қойылған. Әлбетте, Конституциямыздың 19-бабына сәйкес, «біздің елде әркімнің өз балаларын тиімді деп тапқан жерлерде оқытуға құқығы бар».

Мемлекеттік білім бағдарламасында «№ 2 сыныптан бастап шет ел тілдерін, информатиканы оқытуды көздеу» белгіленген еді. Енді, міне,

ағылшын тілі балабақшада мұқият үйретіле бастады. Балабақшада шет тілі түгілі, орыс тілін үйретуді керек дегеннің өзінде оны үйретудің өзіндік ерекшелігі болады, оны ескеру шарт.

Қазақстанда ағылшын тілін тым ерте, 2-сыныптан бастап оқыту көрініс беруде. Елімізде 32 мектепте ағылшын тілі эксперимент ретінде оқытылады, оның үстіне 103 мектепте де ағылшын тілі сабағы шет елдік оқулық бойынша жүргізіледі. Бұл не деген сөз? Бұл — оқулықта Қазақстан тақырыбында ешқандай материал болмайды деген сөз. Бұл мектептерде сабақ шет елдік бағдарлама бойынша жүргізіледі. Бұл не деген сөз? Бұл — ағылшын тілі пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжаттың өзі ағылшын тілінде деген сөз. Оқу тілі, екі бастан, шет ел тілі — ағылшын тілі.

Оқыту әдісі де мүлде өзгеше, шет елдікі. Әдістеме деген — оқытуды жүргізу, қарапайымдылық, сабақтастық, көрнекілік ұстанымдарын белгілеу ғылымы мен практикасы, олай болса, шет елдік әдістеме мен отандық әдістемелік сабақтастығы болмайтыны, ал мұның қате екендігін жасыра алмаймыз. Сабақ таза ағылшын тілінде жүрген мектептерде бұл жалғанда қазақ халқы бар екендігі туралы бір сөз болмастан өтуі мүмкін. Кейбір мектепте ағылшын тілі маманын да шет елден шақыруға құлшыныс болады екен. Маманның тіл білгені аз, әдіскер болуы шарт. Бір жолы (осы жолғы 16 наурыз күні) Білім және ғылым министрлігі өкілі радиодан сөйлегенде, «бала ағылшын тілінде қазақ тілінің әсерімен қате жіберсе, ол түзетіледі, сол арқылы ағылшынша сөйлеу керектігін түсіндіреміз. Міне, осы арқылы ана тіліне көмектесеміз» деген сияқты сөзін өз құлағымызбен естіп, таң қалдық. Ағылшын тілі сабағы арқылы ана тіліне көмек береміз деген не сөз? Міне, мұны мемлекеттік тілді назарға алмаудың, мойындамаудың белгісі демеске амал жоқ.

Әңгіменің қысқасы: ағылшын тілі — біз үшін шет тілі, әлемде шет ел тілі — өзге халықтармен байланыс тілі. Әсіресе, ағылшын тілі сияқты «Ғаламдану тілі» болып есептелетін тілді қолдануда өте сақ болған жөн.

Тұлғаның негізі бала кезінде қаланады. Тілдік тәрбие негізі жас ұрпақпен тұңғыш кәсіби педагогикалық жұмыс жүргізетін қоғамдық-мемлекеттік формасы — мектепке дейінгі тәрбие мен жанұяда басталады. Бұл екеуі басқа тәрбие түрлерімен қатар тілге де баулиды: біріншіден, балдырған еліктейтін тілдік ортамен қамтамасыз етіледі, оның еліктеп, әрекет жасауына, ана тіліне қызығуына, бейімделуіне жағдай туғызылады. Екіншіден, кішкене балалар мектепке ауысқан тұста оның санасына, тілдік санасына болашақ оқу тілі болатын тілге деген құштарлығы қалыптасуы тиіс. Өкінішке орай, орыс тілімен күрделенген қазақ балаларының тілдік ортасы кейбір жерлерде ағылшын тілімен онан сайын күрделенуде.

Ана тілін білу дағдарысы жалпы білім жүйесіндегі тілге деген келеңсіз көзқарастан, жанұяның бала тәрбиесінде әлеуметтік

мәртебесінің төмен болуынан (кей жағдайда оны бала тәрбиесінен, тілдік тәрбиеден басын аулақ салуынан) туындайды.

Әлемдік тілдердің көлеңкесінде қалдырмас үшін, шет ел тілдерін оқыту тілі – қазақ тілі болуы шарт.

Бұлай дейтін себебім сол – 2008 жылы 12 жылдыққа көшу эксперименті 6 класты қамтиды. Бұл қанша бала? Қазақ тілінен ада, таза ағылшынша оқытылатын бала аз болмайды, мұның үстіне қазір 19 мың азаматымыз шет елде оқитынын, бұдан былай жыл сайын шет елдің жоғары оқу орындарына 3 мың азаматымызды оқуға жіберу жоспарланған. 4551 баланы шетел асырап алды. Бұдан басқа да қазақ баласының қазақ тілінен қақас қалатын жағдайлары баршылық.

Қазіргі кезде күллі қазақ баласы арасындағы қазақша оқитын қазақ баласының үлес салмағы қанша? Білім беру бағдарламасы бойынша, «мемлекеттік тілде оқытатын мектептердегі оқушылардың контингенті ұлғайып келеді. Егер 2000 жылы оқушылардың 52,1 %-ы мемлекеттік тілде оқыған болса, ал бүгінгі таңда 54,8 %-ы оқиды». Демек, бұл мәлімет рас болса, дәл қазір қазақ баласының 45,2 %-ы ана тілінде оқымайды деген сөз. Бұған иланбасқа амал жоқ (біраз бұрын күллі қазақ баласы арасында қазақ тілінде оқымайтындар 38 %-ды құрайтынын жазған болатынбыз). Міне, осы жәйттер жалғаса берсе Жолдауда аталған қазақтың ана тілін оқуына, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде Қазақстан халқының басын біріктіруші фактор бола ма, бұған лингвистикалық, педагогтік мекемелер ерекше назар аударуы тиіс болса керек.

Ендеше, министрліктің «қазақ, орыс, ағылшын тілдерін оқыту, дамыту стратегиясын» жасауы шарт.

Тілді оқыту стратегиясы мазмұны тек лингвистикаға негізделмеуі тиіс, жас ұрпақты заманға лайықты, ұлттық қасиетімізді сақтай отырып тәрбиелеуге, бәсекеге қабілеттілікке баулу және азаматтық болмысын сомдауға негізделуі керек. Бұл іске психолінгвист, социолінгвист кеңінен тартылуы тиіс.

Егер министрлік тапсырма берсе, біздің институт ғалымдары шағын уақытша жұмыс тобын құрып, сол стратегия негізін жасауға атсалысар еді.

Елбасы атап айтты: «Бәрі де мектептен басталады. Сондықтан біз 2008 жылдан бастап 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшіп, педагогтардың кәсіптік деңгейін, оқулықтар мен білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға тиіспіз».

Елбасының күш-жігері, Жолдауда көрсетілгендей, «білім беруді, кәсіптік даярлық пен әлеуметтік саланы ХХІ ғасырдың деңгейіне көтеруге» бағытталған. Жолдауда «ХХІ ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі

алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз.

Барлық деңгейдегі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт» деп атап көрсетілді.

Әлбетте, білімін дамыта алмаған ел болуымыз керек, бірақ әңгіме білімді қай тілде дамытуда. Білімді өз мемлекеттік тілімізде дамыту бір басқа, өзге елдің мемлекеттік тілінде дамыту — мүлдем басқа. Кадрлар мен басқарушылардың (менеджерлердің) шетел тілін білгені жақсы, бірақ мемлекеттік тілді жұмыс бабында (мысалы, қабылдауда, өндірісте, іс жүргізуде) қолдана алатындай болуы шарт.

Жолдауға іле-шала Білім беру мониторингі жарияланды. Өзімнің байқағандарым жөнінде жуырда Шымкентте іссапармен болғанда педагогика ғылымының докторы Амангелді Жапбаров, сондай-ақ Сандыбай, Амангелді, қарағандылық Мархабат, Жандос сынды доценттермен, Айсұлу, Жанат сынды ұстаздармен пікір алыстым. Сол пікір алысуда оқулыққа, қазақ тілін оқытуға байланысты мынадай жәйттер атап айтылды. Олар:

1. Көптеген оқулықтар тілінің тартымсыздығы, әсіресе этнопедагогикалық тұрғыдан баяндау тілінің нәрсіз болып келе беретіні;

1) Оқулық мазмұны мен тілінің этнопедагогика ғылымына сай келе бермеуі;

2) Оқулық тілінің сөздерді жиілік сөздік ұстанымына құрылмауы; Мұндай жағдайда сирек кездесетін сөз қолданылады да, ұғым игерілмейді, сөз түсініксіз болып қала береді.

3) Күні бүгінге дейін I-XI сынып оқушыларының сөздік қоры мөлшерінің белгісіздігі. Әр кластың сөздік қоры нақтылануы қажет.

2. Мектеп оқушысына арналған, оқушының деңгейіне лайықты көптеген пән бойынша терминологиялық сөздіктің бола бермейтіндігі.

Айта кеткеннің артықтығы болмас, осы мәселелер Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Тіл теориясы мен оқыту әдістемесі және Қазақстан тілдері кафедрасының зерттеу нысаны болып отыр.

Айталық, лексикаға оқыту деген — қазақ тіліне оқыту үдерісінің құрамдас бөлігі. Бұл қазақ тілін, әдебиет және басқа пәндерді оқыту сабақтарының барлық деңгейінде жүзеге асады. Лексикаға оқыту, яғни оқушы, оны анықтау, активтендіру, оқушылардың негізгі лексикологиялық ұғымдарды меңгеру, сөздіктерді пайдалана білу дағдысының қалыптасуы үстінде жүзеге асады.

Әріптестердің тағы бір айтқаны сол — аудандық, облыстық, қалалық білім беру бөлімдері штатында инспектор деген бар, олардың әдістемемен шаруасы жоқ екен. Инспекторлардың көбі әдістеме маманы болғандықтан, әдістемелік нұсқаулықтар (Ы.Алтынсарин академиясында дайындалған, басқа оқу орнында дайындалғандар) мектепке жетпейді екен. Әдістемелік көмек үшін қаржы бөлінбеген. Озат тәжірибе насихатталмайды, пайдаланылмайды.

Білімнің негізгі бір міндеті — практикалық қызметке дайындау. Алайда білім практикалық жұмыс тәжірибесін бере алмайды, себебі оқыту деген практикалық қызмет емес. Практикалық қызмет тәжірибесін беру үшін білім технологияларды таңдайды, сақтайды, соларға үйретеді, практика саласына жол ашады.

Оқу гомилетикасы (педагогтік шеберлік) — мұғалімнің дидактика мен әдістемені пайдалана отырып, сабақ берудегі дара шеберлігі, түсінікті, қысқа сөйлей алу ептілігі, пән бойынша сөйлесе алатын, білім мен ептілікті бағалай алатыны, білім мен қабілетті сыйлауда жеке үлгі көрсете алатындығы.

Бұл жәйттер білім беру мониторингінің жыл сайынғы нәтижелері қорытындылайтын құжат — Республиканың білім беру жүйесінің жай-күйін бағалайтын ұлттық баяндама рәсімделер тұста ескерілуі тиіс-ау деп ойлаймын. Бұл мониторинг осы сияқты фактілерді айқындау, ұйғарымдарды ескеріп, біз айтқан ұстанымдарды ескерсе керек.

«Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыруды жалғастыра беру де стратегиялық бағыт — Елбасының атаулы тапсырысы. Бұл бағдарлама қазақ тілін дамытуға тікелей жағдай туғызушы фактор. Қазіргі заман мәдениетін жан-жақты дамыту бөгде тілде емес, мәдени мұра тілінде болуы шарт.

Қазақстанның мәдениеті жергілікті халықтар тілі арқылы жетіледі, білім саласындағы мемлекеттік саясат пен оның ұстанымдары сол тілдерде жүзеге асады, білім беру саласындағы қоғамдық қатынастар да сол тілдер арқылы реттеледі. Мемлекеттік тіл болса да, ол мәдениет саласында үш жақты, яғни ауызша, жазбаша және электронды формада да қызмет етуі тиіс.

Елбасы жүзеге асқан бастамаларды баяндай келе, «еркін ұлт жасақтау жолында алға жылжуымызға қажетті берік негіз қаладық» деді. Әлбетте, еркін ұлт болу үшін оның белгілі дәрежеде тілдік сана-сезімі болуы шарт, ол үшін ұлт төл тілінде дамыту аса ана тілінен безген, өзге ұлт тіліне телмірген ұлт еш уақытта еркін бола алмайды.

Сонымен қатар Жолдау бойынша: «біз ұлтына қарамастан, әрбір қазақстандыққа салт-дәстүр, мәдениет пен дінді таңдауға ерік беретін еркін әрі ерікті қоғамның негіздерін нығайтуға тиіспіз». Ерікті қоғам өзге қоғамның тіліне тәуелді болмауы тиіс.

Еркін қоғамның еркін ұлты ана тілі уызына жарыған адамдардан құралмағы керек. Жапон ғалымдары оқулық ұлтты қалыптастырады деп есептейді. Ендеше, біздің төл оқулықтар еркін ұлт дайындауға жарай ма? «Жарайды» деу үшін көптеген оқулықты жақсарта түспек керек. Ендеше, әлемдік деңгейдегі оқулықтармен иық түйістіретін оқулық жазу да стратегиялық бағыт.

Мемлекеттік тілді барша қазақстандықтарды біріктіруші факторға айналдыру өзге ұлт тілінің есебінен болмайды, өзге ұлт біткен өз тілімен қатар мемлекеттік тілді меңгеріп, ұлттық қазақ-қостілділігін

ауқымдандыруы тиіс. Мемлекеттік тілмен бірге қостілділік болу — әлеуметтік сұраныс. Мемлекеттік тіл — бұқаралық сипат алған қостілділіктің қатарында емес, біріншіде тұруы шарт.

Ғаламдандыру жағдайында мемлекеттік тіл, орыс, ағылшын тілдерінен тұратын үштілділікті дамытудың қажеттілігі айдан анық. Бірақ қазақстандықтар өз елінде ғаламдандыру тілін тежеу үшін үштілділікті мемлекеттік тіл негізінде дамытуы шарт.

Жолдау тұрғысынан алғанда, мынаны ескеру керек, кез келген тәуелсіз мектептің іргетасы (фундаменті) — еліміздің мемлекеттік тілі.

Осы ХХІ ғасырдың басында тіл білімінің беделді маманы саналатын Дэвид Кристал дегеннің «Англиский язык как глобальный» деген кітабы орыс тіліне (2001) аударылып шықты. Сол кітап осылай аталады да, былай аяқталады: «...англиский в той или иной его форме может навсегда стать языком международного общения для мирового сообщества» (235-бет).

Менің екі ұсынысым бар: 1-ұсынысым: ағылшын тілін оқыту керек, бірақ баланың жасына қарай оқыту деген педагогика қағидасына сай, әлемдік психолінгвистика ғылымы жетістіктеріне арқа сүйей отырып оқыту шарт. 2-ұсынысым — қазақ тіліне деген сұраныстың бар екендігін, бірақ ол сұраныстың орыс тілінде өтеліп келе жатқанын барша жұрт білуі тиіс. Сұраныс қазақ тіліне болғандықтан да Президентіміз «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі — еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деп отырғанын және бұл қазақ қана емес, күллі елдің сұранысы екенін ұмытпаған мақұл.

Тәуелсіздік туы желбіреген Қазақстанның тілдік өркендеуі — мәртебелі міндет. Жедел жаңару жолындағы жаңа ғасырдың алғашқы 5 жылдығында адамзаттың білім-тәрбие сияқты әлеуметтік ауқымы кең мәселелерін көтеру, оны шешу орайында ой бөліскен жөн болса керек. Қазақ қауымының (аз қазақты қақ жармайық, «жаңа қазағы» және бар) бүгінгі жас ұрпақ тәрбиесі, жігерлі де білікті жастарды тәрбиелеу әр пәнмен ұштастырылуы тиіс.

Бала тәрбиесі босаңсымауы тиіс. Оның бойына тектілік, даралық, қасиеттілікті дарыту, сіңіру, жетілдіру керек деген сөз — дұрыс сөз.

Біздің елімізде бәсеке тіл саласында да кеңінен көрініс беруде. Тілдік бәсеке — орыс, қазақ тілдерінің бәсекесі тұрмыс пен жанұядан бастап мемлекеттік аппаратқа дейін дендеген. Қай деңгейде болмасын, қазақ ұлты өзінің әлеуметтік қарым-қатынастық кеңістігінде өз тілінің өрісін кеңітері күмәнсіз. «Шешінген судан тайынбайды» демекші, тілі үшін күрестен тайынбайды. Қазақ есесін ешкімге берген емес, ана тілі майданында белсеңді белдесуге шығады. Қазақ тілін өркендету өзекті міндет болып тұрған заманда қазақ тіліне ден қою керек, оған деген көзқарас түбегейлі өзгермек керек. Сонда ғана қазақтілділер өркөкірек орыстілділердің өрекіпген тегеурініне төтеп беріп,

қасқайып қарсы тұра алады. Айта кеткен абзал, Тіл Заңының 5-бабын ғалым С.Әбдіманапов дұрыс түсінген: «Қазақ тілі орыс тілімен тең қолданылады» деп тұрған жоқ. Заңда, мен куәмін, орыс тілі «ресми тіл» болып, мемлекеттік тілдей ашық айтылмайды, Қазақстандағы күллі тіл ішінде мемлекеттік тілден басқа бір ғана өмір саласында — мемлекеттік мекеме саласында ресми қолдануға болатын бір ғана тіл ретінде көрсетілді. Ғалым дұрыс айтады: «Бір белең алып отырған құбылыс — қиындықтан қашып, сылтау айтуға дайындалу, мәселені шешудің сындарлы жолынан күрделісіне қарай ойысу. Осы түсініктаным қазақ тілін аударма тұтқынында ұстап отыр».

Қазақ үшін нарықтың нөпір мәселесін шешудің әзірге жалғыз аяқ жолы — заң көшін пайдалану болып тұр, тоқсан жолдың торабына шығар даңғыл жолы қайсы? Ол — заң жолы.

Қазақ тілін білуді талап етпесек, оны кәсіби талап деп өзгені ұғындырмасақ, не өзіміз ұқпасақ, қазақ тілі елімізге ортақ тіл болмайды, біріктіруші факторға айналмайды. А. Айталы депутат дұрыс айтады: «Қазақ тіліне ұйытқы болу өзге ұлттың емес, тек қазақтың ғана мойнындағы зілбатпан жүк». Біздіңше, мемлекеттік тілді біріктіруші факторға айналдыру үшін қазақ тіліне қазақтың ұйытқы болуы аз, қазақ тіліне күллі халық, барлық ұлт өкілдері ұйытқы болуы шарт. Ол мемлекеттік қызметте жұмыс бабында қолданылатын негізгі тілге айналса, бұл тілді білу кәсіби талапқа айналар еді. Тиісті құжаты (правасы) болмаса, машина руліне отыруға ешкімге рұқсат жоқ, ал мұны (праваны) талап ету — кәсіби талап қою, сол сияқты, өткен ғасырдың 20-жылдары 42 мамандық бойынша қазақ тілін білу кәсіби талап болды, бүгін неге сол талап қойылмасқа. Кәсіби талапты адам құқығын шектеумен шатастыруға болмайды. Демек, мемлекеттік тілді білуді талап ету — адам құқығын әсте шектеу емес, қазақ тілін білдіру арқылы күллі ұлт ұланының кәсіби қызмет бабында өсуіне қазақпен бірдей қолма-қол жағдай туғызу болады.

Мемлекеттік тілді жұмыс бабында қолдануды құр талап етпей, оны жоғары мектепте жақсылап оқып-үйрету керек, бірақ бұл да жеткіліксіз, оны (мемлекеттік тілді) оқытуды мектепте жоғары дәрежеде қоя білу керек. Мысалы, аттестат алу үшін қазақ мектебін бітіргендер орыс тілінен жазба жұмыс тапсыратыны сияқты, орыс мектебін бітіргендер қазақ тілінен жазбаша емтихан тапсыруы керек.

Мектеп пен жоғары оқу орындарында қазақ тілін жаңа бағдарлама, жаңа әдістемемен оқып шыққандар мемлекеттік қызметті қазақша жүргізу мен депутат болу үшін мемлекеттік тілді білу талабын қалтқысыз көңілден қабылдар еді.

Басшымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің өткен жылғы Жолдауында «Енді 20-25 жылдан кейін мемлекеттік басқарушылардың жаңа ұрпағы «Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының» қорытындысын шығарып, біздің әуел бастағы әлеуетімізді және өзгерістердің нәтижесін елеп-екшер болса: «шынымен солай болды ма

екен», - деп таң-тамаша қалары анық» дейді. Илләһи, сарапшы жаңа ұрпақ Қазақстан халқының басын біріктіріп, ортақ тілге айналған мемлекеттік тілі жөнінде ширек ғасырдан кейін «шынымен қазақ тілінің халі сол кездерде солай болды ма екен» деп таң-тамаша қалса игі!

Жолдау деген не? Жолдау — барымызды бағамдап, жоғымызды түгендеуге жігерлендіруші, ілгері ұмтылысқа бастаушы ұлағатты сөз.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» сол — Елбасы негізін салған Қазақстанның тілдік даму стратегиясы мемлекеттік тіл бастаған тіл керуенін дамудың даңғылы — Жібек Жолына түсірді. Тілдік даму стратегиясын жүзеге асыру — аса күрделі мәселе, бұл құр лингвистикалық қана білім емес, әлеуметтіклингвистикалық, психоллингвистикалық біліктілікті талап етеді. Осыны Тіл комитеті мұқият ескерсе екен, ескере отырып, жаппай социоллингвистикалық зерттеу негізінде мемлекеттік тілді дамыту стратегиясы мен тактикасын жасаса — керегі сол. Бұған біздің институт атсалысуға дайын.



Нүргелді УӘЛИҰЛЫ
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Қазақ тілі қанқай тіл?

Қазақ тілі — түпкі түрін сақтаған байырғы тіл. Қазақ тілі Ғайыптан пайда болған жоқ және оқшау жаратылған тіл емес. Оның шыққан ататеіі бар. Қазақ тілі түркі тілдері деп аталатын алып бәйтеректің аса бір ірі тармағына жатады. Бір негізден өрбіп, түркі ата тілінен тарағандықтан, **өзербайжан, балкар, башқұрт, ғағауыз, қазақ, қарақалпақ, қарайым, қарашай, құмық, қырғыз, ноғай, өзбек, саха (якут), татар, тоғалар, туба, түрік, түрікмен, ұйғыр, чуваш, хакас** тілдері түркі тілдері деп аталады. Қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстас болатын себебі *ай, тәңір, көк, жер, су* тәрізді есімдер, *бас, тіз, көз, қол, аяқ* тәрізді дене мүше атаулары, *ақ, қара, көк, сары, қызыл* тәрізді сын есімдер, *ондық, жүздік, мыңдықты* білдіретін сан есімдер, *бар, кел, жүр, ұш, отыр, тұр, жат* тәрізді етістік, *апа, қарындас, ата, келін, қайын ата*, т.б. туыстық атаулар ортақ болып келеді. Өмірлік мәні бар мұндай атаулар, әдетте, ауыс-түйістікке жатпайды, сондай-ақ олар түркі тілдерінің бір негізден, бір ата тілден тарағандығының белгісі болып табылады. Грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердің түркі тілдеріне ортақ болып келуі — олардың бір ата тілден тарағандығын, туыстығын көрсететін ең сенімді тілдік деректер.

Туыстығы жағынан қарақалпақ, ноғай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, сондай-ақ, татар, қырғыз тілдері қазақ тіліне ең жақын

тілдерге жатады. Туыстығы алыс саха, чуваш тәрізді тілдерді туыстығы біршама жақын, туыстығы өте жақын тілдердің деректерін салыстыру арқылы тіліміздің қандай көнелік белгілерді сақтағанын, дыбыстық, мағыналық жақтан қандай өзгерістерді өткергенін өз зерттеулерінде тіл мамандары айқындап берді. Ғылыми мәні зор болғандықтан, тілдердің туыстығына зерттеушілер ерекше көңіл бөлді.

Сонымен, түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматикалық құрылысынан, дыбыс жүйесінен нақты байқалады. Сондай-ақ, түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді тұтас тілдердің деректерін салыстыру арқылы байқауға болады.

Басқа түркі тілдерінде /б/, /ғ/, /г/ дыбыстары келетін орындарда қазақтар /у/, /к/, /қ/ дыбыстарын қолданады: аба-ауа, тағ-тау, гелді-келді, ғырмызы-қырмызы.

Басқа түркі тілдерінде /ш/ дыбысы келетін біраз сөздерде қазақтар /с/ дыбысын қолданады: *баш-бас, таш-тас*, т.б.

Басқа түркі тілдерінде сөз басында /й/ келетін жерге қазақ тілінде /ж/ дыбысы айтылады: *йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл*, т.б.

Кейбір түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың созыңқы түрі болса, қазақ тілінде ол жоқ: *тау-тоо, ат-аат*, т.б.

Қазақ тілі – жазба мәдениеті бар тіл

Ана тіліміздің даму барысында қандай кезеңдерден өткені, қай бағытқа қарай бет бұрғаны, әлемдік мәдениетпен қандай тілдік байланыста болғанын байырғы жазба ескерткіштердің тілдік деректерімен салыстыру арқылы айқындалады.

Түркі тілдерінің көбіне ортақ болып табылатын аса маңызды тарихи жазба мұралар негізінен үш дәуірге бөлінеді.

Көне түркі дәуірі (III, V-VIII ғасырлар). Бұдан мың жарым, екі мың жыл бұрынғы көне түркі жазуымен тасқа жазылған жазба дүниелердің түркітану, шығыстану ғылымында тілдік, тарихи, мәдени маңызы айрықша. Әсіресе, V-VIII ғасырлардағы Талас, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері түркі мәдениетінің биік деңгейде болғанын көрсетеді. Көне түркі дәуіріне жататын жазба мұраларға Түркі қағанатының (мемлекетінің) ел құраған қайраткерлері мен ел қорғаған қолбасшылары Білге қаған, Тоныкөк, Күлтегін, Мойынчордың басына қойылған ескерткіштердегі жазба мұралар жатады.

Аталмыш ескерткіштерде қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде қолданылатын көптеген сөздер, жер-су атаулары, аспан денелері, кісі есімдері тәрізді ономастикалық атаулар молынан ұшырасады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың, сөз тіркестерінің тарихы көне түркі дәуіріне, тіпті одан да арғы кезеңдерге барып тіреледі.

Орта түркі дәуірі. Бұл дәуір екі кезеңнен тұрады. Қараханид және Алтын Орда кезеңі. Аталмыш дәуірдің бастапқы кезеңінде түркі жұртшылығына ескі ұйғыр жазуы тарала бастады.

Қараханид кезеңі. Аталмыш кезеңдерде араб мәдениеті әлемдік мәдениеттің көш басында болып, ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің, ізгілік пен даналықтың өрістеуіне жол ашып, соны серпін берді. Ғылымның жаратылыстану, медицина, философия, т.б. салалары ерекше дамыды. Әлем әдебиетінің інжу-маржаны саналатын көркем туындылар мен философиялық трактаттар дүниеге келді. Отырардан шыққан отандасымыз, ғұлама ғалым әл-Фараби ғылымның жарық жұлдызы болды.

Ислам мәдениеті түркі халықтарының мәдениетіне, тіліне айрықша ықпал етті. Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне *ғалам, хакім, ғылым, рақым, махаббат, ғарыш* т.б. толып жатқан дерексіз ұғымдағы атаулар енді.

Араб мәдениетімен тығыз байланысты бұл кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын араб жазуымен жазылған жазба дүниелерге Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» («Құтты білік») поэмасы, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрік» («Түркі сөзінің жинағы») түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі, Ахмет Югнакидің «Ғибитуль-хакиак» («Ақиқат сыйы») атты еңбегі, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмати» («Даналық кітабы») атты шығармалары жатады. Мерзімі жағынан бұл кезең X-XII ғасырларды қамтиды.

Алтын Орда кезеңі. Аталмыш кезеңдегі тілдік ерекшеліктерді көрсететін Хорезмидің «Мұхаббатнамесі», Құтыб ақынның «Хұсрау Шырыны», Сайф Сарайдың «Гүлистан-бит турки» («Түрік тіліндегі Гүлстан»), Рабғузидің «Қиссасұл әнбиясы», қыпшақ жазбаларының бірі – «Кодекс куманикус» жатады. Бұл кезең мерзімдік жағынан XII-XV ғасырларды қамтиды.

Бұл кезеңдегі көркем туындылар XV-XIX ғасырлардағы қазақ жыраулары мен ақындарының сөз байлығы мен тіл өрнегіне ерекше әсер етті. Әсіресе, көркем әдебиет тілі жаңа мазмұндағы тұрақты сөз орамдар мен бейнелі тіркестермен байи түсті. Бұл кезеңдегі жазба туындылар, сондай-ақ қазақ қоғамындағы араб әліпбиіне негізделген ескіше жазба тілдің қалыптасуына игі әсерін тигізді. XV ғасырдан бастауын алатын қазақтың ескі жазба тілі XX ғасырдың басына дейін қолданылып келді де, халықтық негіздегі жазба тілмен ұласып кетті.

Жаңа түркі дәуірі – XV ғасырдан қазірге дейін. Жаңа түркі дәуірінің бастапқы кезеңінде (XIV)-XV ғғ.) көптеген түркі этностары тайпалық одақтар мен ру-тайпалық бірлестіктер, мемлекеттілігінің болуымен, елдікке жетуімен байланысты халық, ұлт болып қалыптаса бастады. Осы кезеңнің өзінде-ақ қазақ тілінің халық, ұлт тілі ретіндегі бейнесі айқындала түсті. Алтайдан Атырауға дейінгі күллі қазақ-ру тайпаларының бәріне ортақ сөздік қоры мен сөздік құрамы, сөйлем жүйелерінің түрлері, дыбыс құрылысы болды. Басқаша айтқанда,

халықтық, ұлттық тілдің біртұтас сомдалған өзегі қалыптасты. Бұлар халық тілінің тұрақты элементтері деп аталады. Әрине, халық тілінің сомдалған өзегінен тысқарылау жатқан, әр жерде әртүрлі дыбысталатын (*киіз-кигіз, құман-құмған,*) әртүрлі ұғынылатын там — «үй», там — «мола», т.б. тәрізді элементтер кездеседі. Бұлар белгілі бір аймақта ғана кездеседі. Халық тіліндегі ортақ элементтерге қарағанда қолданылатын шекарасы бар шеткері элементтердің саны мүлде аз, жуық шамамен жеті-сегіз пайыздан аспайды.

Жаңа дәуірдің бастапқы кезеңінде қазақ қоғамында араб жазуы қолданыла бастады. Жазу-сызудың бұл түрі Орта түркі дәуіріндегі, Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілінің негізінде пайда болды және сол кезеңдердің емле үлгісімен жазылды, яғни халық тілінің, сөйлеу тілінің элементтері аталмыш тілдің дыбыс, сөз жүйесіне бірте-бірте ене бастады. Сөйтіп, біршама халық тілінің дыбыс, сөз ерекшеліктерін бейнелейтін қолданыстар қалыптасып, жүйелі түрде жұмсала бастады. Сөйтіп, қазақ қоғамында *ескі қазақ жазба тілі* деп аталатын жазба тіл қалыптасты.

Ескі қазақ жазбатілі. Арапәліпбиі негізіндегі қазақтың ескі жазба тілі шамамен ХҮ ғасырдан ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықта қызмет етті. Ол, негізінен, Қазақ хандығы ісқағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынас ісінде қолданылды. Қадырғали би Жалайридің «Жамиғ-ат тауарихы», Әбілғазы баһадүр ханның «Шежіре түрки» атты тарихи жылнамаларын аталмыш жазу үлгілеріне Махамбет Өтемісұлы, Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбаларын, Ш.Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі, т.б. жатады. Мүрсейіт қағазға түсірген Абайдың қара сөз түріндегі шығармаларының тілін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп тануға болады. Ескі қазақ жазба тілінің нормалары, әсіресе, ХІХ ғасырдың аяғына таман сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады. Бұл тұста ілгерішіл демократиялық бағыт ұстанған «Айқап» журналы, «Қазақстан» газеті, т.б. сияқты басылымдардың орны ерекше болды. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді, бірақ ескі жазба тіліне тән сөз үлгілері де жиі кездесіп отырды.

Ескі қазақ жазба тілінің сол кездердегі қазақ қоғамы үшін тарихи-мәдени маңызы аса зор болды. Өйткені ол қоғамдық сананың құқықтық, ғылымдық, эстетикалық (көркемдік) түрлерін қалыптастыру мен дамытудың тілдік құралы ретінде жұмсалды. Олай болса, ескі қазақ жазба тілі мәдени ұлттық тарихымызда ерекше құндылық деп танылуға тиіс.

Ескі қазақ жазба тілінің емле жүйесі тым күрделі болды. Себебі, оның тілдік жүйесінде, біріншіден, Қараханид дәуірінен келе жатқан байырғы түркілік сөздер мен тұлғалар, екіншіден, қалың жұртшылық біле бермейтін араб, парсы сөздері, үшіншіден, қазақтың кәдімгі

сөйлеу тіліне тән элементтер болды. Жазба тіл жүйесінде мұндай үш түрлі элементтердің аралас-құралас жүруі, оның емле жүйесін оқып-игеруге көп қиындық келтірді. Сондай-ақ, қазақтың ескі жазба тілін халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды. Жалпыхалықтық игілікке айналып, бұқаралық сипат ала қоймады.

Төте жазу. XX ғасыр басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының игілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу-сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, күш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғылым жүйесі аса күрделі ескі жазба тіліне түбегейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбиін пайдалана отырып, халық тілінің тоғыз дауысты (а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү, е) және он тоғыз дауыссыздан (б-п, д-т, г-к, ғ-қ, ж-ш, з-с, й, л, м, н, ң, р, у) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып, қазақ әліпбиін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы біріңғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенеді, соларды таяныш етті, ескі түркілік сөз үлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы, элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А.Байтұрсынұлы жазуы халықтың тілдің сөз үлгілерін жазба тілде біраз қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оқу құралдарында заңдастырылған нормасын (кодификацияланған нұсқасын) жасады. Тіліміздің заңдастырылған жазу нормаларын А.Байтұрсынұлы негіздеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бір-екі айдың ішінде-ақ үйреніп алатындай 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға жеңіл, емлесі оңай болды. Жұртшылық сондықтан бұл жазуды бұрынғы жазудан бөлектеп, төте жазу, төте оқу деп атады. А.Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялылары ғана емес, әлемдік тіл ғылымының (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д.Поливанов, фонетика зерттеушісі Яковлев, т.б. арнайы тексере келіп, аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер Одағының ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына негізделген 29 әріптен тұратын жазуға көшті. Ал ҚХР-дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді. Онда төте жазу мен оқулықтар, оқу құралдары, газет-журналдар, әртүрлі кітаптар шығады.

Қазақ тілі – кемел тілі

Тілдің кемелдігін көрсететін негізгі белгілердің барлығы да қазақ тілінің құрылым жүйесінен толық табылады. Грамматика жүйесінде уақыт пен кеңістікке қатысты модальдық мағыналардың бейнеленуі;

сан, сапа, себеп-алдарлық, қатыстық, қимылдың өту сипаты тәрізді т.б. грамматикалық мағыналардың болуы; грамматикалық субъекті мен объектінің ажыратылуы тілдің грамматикалық құрылымының дамығандығын көрсететін негізгі белгілер болып табылады. Грамматикалық құрылыстық ежелден келе жатқан негізгі категориялары қазақ тілінде барынша тұрақты екендігі байқалады.

Дамыған тілдің негізгі белгілерінің бірі — сөз байлығы. Сөз байлығы дегеніміз тек сандық көрсеткіш қана емес. Ол, ең алдымен сөз алуандығы деген ұғымды қамтиды. Ал сөз алуандығы дегеніміз не? Әдетте, тілде ақиқат дүниедегі әрбір зат, құбылыстың бас-басына телінген атаулары бар. Олар әрбір затты даралап көрсетеді (*изен, жусан, тырнақ, саусақ, шынтақ, т.б.*) сонымен қоса, ең бастысы, олардың бәрін бір ұғымға жинақтайтын (қара, от, қол) тәрізді атаулардың; деректі атаулармен бірге (мектеп, кітап, т.б.) бейдерек атаулардың (білім, өнеге, тәрбие, ұғым, өнер, т.б.); сондай-ақ сезім-күйді көрсететін (монтию, жайраңдау, томсыраю, күлімсіреу, т.б. тәрізді) сөздермен қоса ой-танымдық (интеллектуалдық) мазмұндағы (қанағат, абырой, ар-ұят, адамгершілік тәрізді) сөздердің болуы, қазақ тілі лексикалық жүйесіндегі сөздердің алуан түрлілігі сөз байлығының сапасын көрсетеді.

Халықтың тарихи тағылымы, көргені мен көңілге түйгені логикалық, эстетикалық таным-білімі қазақ тілінің сөз байлығында жинақталған. Қазақ тілі осылардың субстанциялануы, материализациялануы. Қазақ тілі — жалпы адамзат өмірінің барлық салаларында жасалған аса маңызды, білімді, қорытылған тәжірибені кемел тіл ретінде өзінің сөздік қоры мен сөздік құрамында жинақтағы тіл. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл деген жоғары мәртебеге ие болуы ендігі жерде оның жинақтауыш қызметіне тән мүмкіндіктерін кеңінен аша түспек.

Кемел тілге тән тағы бір негізгі белгі — небір нәзік айырмашылықтарды дәл көрсете алатын тілдік амал-тәсілдердің болуы; ең бастысы, тілдік-стильдік құралдардың, амал-тәсілдердің 1) *бейтарап*, 2) *кітаби*, 3) *сөйлеу тілі* деп аталатын үшеңдік (триадалық) жүйе құруы. Қазақ әдеби тілінің қарамағындағы құралдардың үшеңдік жүйесі өз іштерінде әрі қарай тарам-тармақтарға бөлінеді. Әдеби тілдің *кітаби тіл* және *сөйлеу тілі* деп аталатын типтері бар. Ал кітаби тілдің *көркем әдебиет стилі*, *ғылыми стиль*, *ресми стиль*, *публицистикалық стиль* деп аталатын салаларға тарамдалуы рның қоғамдық өмірдің барлық саласындағы қарым-қатынастың жүзеге асуын қамтамасыз ете алатынын көрсетеді.

Тілдің кемелдігін танытатын осындай объективті белгілерге қарағанда қазақ тілі өз мүмкіндігін жарыққа шығарған, яғни құрылым жүйесі дамыған тілдердің санатына жатады. Қазақ тілінің мұндай дәрежеге жетуі, әрине, ондаған ғасырларда әртүрлі кезеңдерден қазақ этносының рулық, тайпалық, тайпалық одақ, халық болып қалыптасып, ұлт болып ұюы, ата кәсібі, ата жұрты тарихымен, шаруашылығы, мәдениеті, мемлекеттілігінің болуымен тығыз байланысты. Қазақ тілі

әр қилы тарихи кезеңдерден өте келе қазақ халқының (ұлтының) ұлттық тілі болып қалыптасты.

Қазақ тілі — қазақ халқының ұлттық әдеби тілі

Қазақ тілі — небір күрделі ойды, аса нәзік мағыналық реңктерді дәлме-дәл бере алатындай құрылымы мен жүйесі дамыған, стильдік тармақтары сараланған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі — әлемдік тіл кеңістігінде қайталамасы жоқ, ғасырлар бойы гуманизм мен прогреске қазақтардың ұлттық тұтастығы мен бірлігін нығайтуға қызмет етіп келе жатқан тіл.

Қазақ тілінде адамгершілік пен бауырмалдықты, өнеге мен ізгілікті уағыздайтын небір көркем сөз үлгілері жасалған. Абайдың ойшылдыққа толы ұлы мұрасы, М.О.Әуезов сомдаған көркем дүниелер ұлттық шеңберден шығып, әлемдік деңгейдегі өркениетке үлес болып қосылуы қазақ тілінің эстетикалық, дүниетанымдық қуатының, басқа да әлеуметтік мүмкіндігінің аса зор екендігін танытады.

Жалпыхалықтық қазақ тілінің әдеби тіл, қарапайым сөйлеу тілі, жергілікті сөйлеу тілі (диалект) тәрізді түрлері бар. Жалпыхалықтық тілдің жергілікті сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі тәрізді түрлеріне қарағанда, әдеби тіл өзінің қырналып, екшеліп, сымбатталғанымен, тіл тұтынушылардың бәріне ортақ нормаларының қалыптасқанымен, функционалдық, стильдік тармақтарының саралана түскенімен ерекшеленеді. Жалпыхалықтық тілдің ең жоғарғы формасы болып табылатын қазақ әдеби тілі қазақ халқының қоғамдық өмірінің барлық саласында дерлік қызмет етеді. Оның қоғамдық өмірдің бұқаралық ақпарат; көркем әдебиет; ғылым-білім; ресми, құқық, саясат салаларында және тұрмыста қолданылатын стильдік тармақтары бар.

Өзінің әлеуметтік мүмкіндігін аша түсу үшін әдеби тілдің нәр алып отыратын қайнар көздері болуға тиіс. *Қарапайым сөйлеу тілі, жергілікті сөйлеу тілі* қазақ әдеби тілін байытудың бұлақ көздері болып табылады. Сондай-ақ, байырғы әдебиеттегі ауызша әдеби тілдің үлгілері (жыраулар әдебиеті, эпикалық, тарихи жырлар т.б.) және бастауын шағатай, ортаазиялық түркі тілінен алатын қазақ топырағында жасалған *қазақ ескі кітаби тіл* үлгілері де қазіргі қазақ әдеби тілін байытудың көздеріне жатады. Қазақ тілі «өз буына өзі семіріп, өз қазанында ғана қайнаған тіл емес». Оның өзге де ұлт тілдерімен алыс-берісі бар. Сөз қатарын ауыс-түйіс жолымен молықтыру, әсіресе, лексика — терминология жүйесінен айқын байқалады.

Әсіресе, ауызша дәстүрде дамыған эпос, тарихи жырлар, ақын-жыраулар поэзиясы тәрізді көркем эпикалық шығармалар мен ұлы Абай бастаған алыптар шоғыры жазба дүниелерінің стандартты тілдік нормаларды қалыптастыруда рөлі айрықша болды. Сондықтан

да байырғы эпикалық шығармалар мен XV-XIXғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы ауызша тіл мен жазба тіл дәстүріндегі сөз үлгілері бүгінгі әдеби тілдің нәр алатын ең басты бұлақтары болып отыр. Өйткені әдеби тілдің ең жақсы үлгілері жазбаша, ауызша тараған тарихи-мәдени мұраларда ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастығы үзілмей үздіксіз жетіп отырған.

Қазақ әдеби тілін жасаушы — халықтың өзі. Әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуына аса көрнекті сөз зергерлері, мәдениет, ағарту, білім мен ғылым, қоғам қайраткерлері ерекше еңбек сіңіріп үлес қосты. Әдеби тілдегі көркем сөз, даналық сөз, танымдық, тәрбиелік сөз үлгілерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Тілдік құралдарды саралап, талғап қолданудың үлгісін көрсете отырып, тілдің ішкі мүмкіндіктеріне сүйене келіп, өздерінің тыңнан жасаған бедерлі сөз өрнектерімен әрдайым әдеби тілдің байып, сапалық дамуына әсер етті. Сөйтіп, әдеби тілдің дәлдік, өткірлік, байлық, икемділік, серпінділік тәрізді ішкі қуатын шыңдай түсті.

Тілдік ұжымның дүниетанымының кеңеюі, ақыл-ойының кемелденуі тілдің құрылым жүйесінің дамуына әсер етеді. Ал тілдің лексика-грамматикалық құрылым-құрылысындағы сапалық даму қоғамдық ой-сананың түрлерін қалыптастыру мен дамытудағы, қоғам мәдениетін жетілдірудегі, объективті ақиқат туралы әлеуметтік таным-білімді жинақтаудағы, оны шашаусыз ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі, тәрбие берудегі, адамдар арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі тілдің қызметін күшейте түседі. Сөйтіп қоғам тілді дамытса, өз кезегінде тіл қоғамдық сананың да дамуына ықпалын тигізеді.

Қазақ тілі — мемлекет құрушы этностың тілі

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995), Тіл саясаты туралы тұжырымдамасы (1996) және осыларға негізделген Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы (1997) республикадағы тілдердің ұлтаралық жарастық пен рухани ынтымақтастықтың құралы ретінде қызмет етуін және тіл алуандығын көздейді. Республикада мемлекеттік тіл ретінде бір ғана тілге — қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр.

ҚР-да қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғышарттары бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, Республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша және жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ, қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Міне, осы айтылғандардың барлығы қазақ тілінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне аса қажетті алғышарттардың жеткілікті және қазақ тілінің ішкі әлеуеттік мүмкіндіктерінің мол екенін көрсетеді.

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі

Мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі қоғамдық өмірдің аса маңыздымынадай салаларында жүзеге асады: басқару, ақпарат, білім беру мен тәрбие (мектепке дейінгі мекемелер, бастауыш, орта мектеп, жоғары мектеп), ғылым мен техника, (ғылыми-зерттеу мекемелерінде); қоғамдық ғылымдар, жаратылыстану мен нақты ғылымдар, техникалық және қолданбалы ғылым, экономика салаларында, ғылымның жалпыға ортақ салаларында, ғылымның салааралық түрлерінде, бұқаралық ақпарат құралдары саласында, іс жүргізу саласында; мемлекеттік, қоғамдық-саяси, мәдени мекемелер мен ұйымдарда; дене тәрбиесі, спорт, туризм; денсаулық сақтау мен емдеу мекемелерінде; қоғамдық тамақтандыру орындарында; мәдени мекемелерді (театр, кино); дипломатиялық қарым-қатынаста; әскери-патриоттық тәрбие және білім беру ісінде; шаруашылық жүргізу және ұйымдастыру; өндіріс және өнеркәсіп орындарында; Қазақстан Республикасында өтетін республикалық, халықаралық құрылтай, конференция, мәжіліс, жиындар т.б. Сонымен, қазақ тілі – дәстүрлі, тұрақты, қатаң тілдік нормасы бар, стильдік тармақтары сараланған, жалпыхалықтық тілден ұлттық деңгейге көтерілген тіл.

Мемлекеттік тілдің жоғарыда аталған қоғамдық қызметін мінсіз атқаруы үшін оның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі нормаларын қатаң сақтау, жарыспалы қолданыстарды (босаң нормаларды) ғылыми негізде саралап, тиімді нұсқаларын сөздіктер мен грамматикаларда дер кезінде заңдастырып отыру аса қажет. Тілдік нормамен байланысты мұндай шаралар мемлекеттік тілдің мәдениетін көтереді.

Сөйтіп, жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, біздің ана тіліміз «Қазақ тілі қандай тіл?» деген сұрауға қысқаша былай деп жауап беруге болады:

түпкі түрін сақтаған түркі туыстас байырғы тіл;
ежелден жазба мәдениеті бар тіл;
әдеби тіл, жергілікті тіл (диалекті), сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі, ескі жазба тіл тәрізді қайнар көздері бар ұлттық тіл;
демографиялық тірегі бар тіл;
дәстүрлі нормасы бар әдеби тіл;
құрылым-құрылысы кемелденген, сөз байлығы аса мол тіл;
егемен Қазақстан Республикасы өз қамқорлығына алған мемлекеттік тіл;

Міне, қазақ тілінің қандай тіл екенін байқататын мұндай деректер тілдік тұлғаның санасында болуы шарт.



Досжан РАЙХАН
шымкент қаласы аймақтық
өлеуметтік-инновациялық
университеті, филология
ғылымдарының кандидаты

Көне түбірлердің өзгеру сипаты

Тіл білімінің түркология саласында түрколог ғалымдардың тарапынан көптен бері көңіл аударылып, қызыға зерттеліп келе жатқан тақырыптардың бірі – түркі тіліне тән көне түбірлердің табиғаты. Түбір мәселесінің ауқымы кең, көтерер жүгі де мол. Сөз тарихы түбір тарихымен тікелей байланысты. Сөз қаншама фасырлар бойы өмір сүріп, қанша өзгерістерді басынан өткерсе де, көп өзгерістерге түсе бермейтін, бүгінде дербес сөз ретінде танылмайтын, көненің қалдығы ретіндегі түпкі түбірлер әлі де толық зерттелініп болды деп айта алмаймыз. Сондықтан ғалымдар тарапынан күн тәртібіне қойылып, ғылыми тұрғыдан шешілуге тиісті мәселелер баршылық.

Сөз мағынасының негізгі ұйтқысы болып келетін түбір морфемалар қаншама дәуірлерден бергі тарихи дамудың куәгері ретінде сырға толы тіл тарихынан хабардар етеді. Мұндай түбірлердің табиғатын танып-білудің өзіндік қыр-сырлары бар. Ол үшін әуелі өз тіліміздегі ішкі деректерді тәптіштеп тексеріп, оны туыстас түркі және ежелден тіл жағынан түбірлес, тарихи аралас-құралас өмір сүрген монғол, тұңғыс-маншжұр тілдерімен салыстыра-салғастыра зерттеудің маңызы зор. Біз сөз еткелі отырған түпкі түбірлер – этимологиялық

өлі түбірлер. Мұндай түбірлер бүгінде жеке-дара қолданылмағанмен, бірнеше сөздердің, сөз тіркестерінің немесе қос сөздердің бір сыңарларының құрамында сақталып қалған. Олар этимологиялық тұрғыдан анықталады. Ал мағыналық жағынан өзгерістерге ұшырап отыратындығы — заңды құбылыс.

Сөз мағынасының тарылуына оның дыбыстық жағынан өзгеріске түсуі де себепші болып отырады. Кейде әуелгі нұсқасы тілімізде кейбір сөз тіркестерінің құрамында сақталып қалады да, мағынасы күңгірттенеді, ал дыбыстық жағынан өзгеріске түскен нұсқасы кеңінен қолданылатын сипатқа ие болады. Мәселен, қазір **аңғар** түрінде айтылатын етістіктің көне тілдегі тұлғасы — **аңа** 'аңғару, түсіну'. Бұл етістік сол дәуірлерде аңла түрінде де айтылған. **Ол сөзүт аңлады.** Ол сөзді түсінді (МҚ І 93). Қазір де *сөзіңді аңдап сөйле* дейміз. Аңла тілімізде аңда түрінде айтылып, кейіннен қолданылу өрісінің тарылуына байланысты тек *аңысын аңды, аңдамай сөйлеген ауырмай* өледі сияқты сөз тіркесінде, мақал-мәтелдердің құрамында сақталып қалған. Қолданылу өрісінің тарылуына тілімізде дыбыстық жағынан өзгеріске түскен **аңғар** нұсқасының өнімді жұмсалуды себепші болған. Аңда мен аңды етістіктерінің түбірі бір емес. Аңды-ның көне тілдегі мағынасы — (жабайы құстарды, аңдарды) аңдау, қарауылдау, сыртынан бақылау. Қазірде бұл сөздің түсінігі кеңейген, құс пен аңнан өзгелерге қатысты да жұмсала береді. Аң деп майы емдік дәрі ретінде қолданылған құсты, ал *аңчы* деп жабайы құстарды аулайтын аңшыны айтқан. Түркі тілінің *аң* сөзі монғ. *ang / an(г)* 'аң, жабайы құстар' және *angla- / angna-* 'аң аулау, құс ұстау' сөздерімен сәйкес келеді.

Аңла етістігінің түбірі — *аң*, ал *-ла* — етістік тудырушы жұрнақ. Бұл етістік өзге нұсқаларына қарағанда түркі тілдерінде кеңінен қолданылады. Кезінде ғалымдар о дыбысынан басталатын *оңна* — хак., *оңно* — алт. диал. және *ongа* — '<*ong-* + *-а*)' 'білу', 'түсіну' Atebet._L [1,50 б.] сөздері *а:ң ~ аң ~ аң* және *ой* 'ой, ақыл' т.б. сөздері арасындағы тікелей байланысты анықтауға мүмкіндік беретіндігін айтқан болатын. Сондай-ақ *ой* мен *ұқ* сөздерінің арасында байланыстың бар екендігі жөнінде де пікірлер бар. *Ан* түбірі түркі тілдерінен өзге монғол тілінде кездеседі: *angzira-* (<*ang-zira-*), *anzira* (<*an-zi-ra*) 'білу', 'түсіну', ал *ұқ* етістігінің монғ. т. параллелі *уха-* / *ухах* түрінде дыбысталады [2,154].

Аңла тілімізде етістік ретінде қолданылмағанмен, ертеректе қолданыста болғандығын дәлелдейтін тағы бірнеше сөзді атауға болады. *Аңдатпа* — кітаптың, мақаланың мазмұнын көрсететін қысқаша түсінік. *Аңдағыш*, *аңдампаз* — аңғарымпаз, сезгіш, яғни тез түсініп қоятын адам [3, 49 б.]. Сөздің көнелігін дәлелдейтін тағы бір факті — *аңды* етістігінің көне *аңысын* (*аңдысын*) сөзімен тіркесіп келуі. Бұл сөздің этимологиясы жайында Ә. Нұрмағамбетов былай дейді: «Біздің байқауымызша, «аңыс» сөзінің түпкі төркіні монғол тілі болса керек. Бұл тілде: *аньсга* — көздің қабығы (Мон. — қаз. сөз., 1954) [4, 19 б.]. *Аңыс* сөзінің монғол тілімен төркіндестігі сол тілден ауысқандығын көрсете

бермейді. Дегенмен бұл сөздің тек сөз тіркесінің құрамында сақталып қалуы, өзге орындарда кездеспеуі монғол тілінен болуына байланысты болуы да мүмкін. Біз түпкі түбірлердің этимологиясын анықтауға қадам жасаған сайын ұқсас түбірлердің қатарын айқындауға қадам жасаймыз. Ұқсас түбірлердің өзі жеке-дара даму нәтижесінде емес, әуелгі бір негізден тараған.

Сөздердің арасындағы мағыналық байланыс олардың тарихи даму негізінде жатыр. Мұны көне сөздерді арнайы зерттеулер арқылы анықтауға болады. Бұған мысал ретінде **адалбақан** сөзін алуға болады. *Адалбақан* — киім ілетін, ашалы қада ағаш. Бұл сөзді естіген немесе бір жерден оқыған адам *адал* сөзін бірден тіліміздегі араб тілінің халал сөзінің тілімізге енген *адал*, яғни пайдалануға, ішіп-жеуге жарамды, бағалы, пайдалы мағыналарын білдіретін баламасы деп ойлауы мүмкін. Негізінде, бұл — екеуі тек дыбыстық жағынан сәйкес келетін омоним сөздер. Себебі екеуінің шығу тегі мүлде екі басқа. *Адал* сөзі тілімізде жеке-дара қолданылмағандықтан, әуелгі мағынасы ұмыт болған. Дегенмен лексикалық тіркестің (сөздің бірігуі арқылы жасалынған күрделі атау) құрамында әуелгі мағынаның сақталғандығын аңғаруға болады. Осы сөздің мағынасын беретін *ашалы қада ағаш* тіркесіндегі *аша* сөзі басы екі айыр ағаш дегенді білдіреді. Көне және орта түркі ескерткіштерінің тілінде осы сөзбен түбірлес әрі етістік, әрі есім мәнді *адыр және адар* сөздерін кездестіруге болады. *Адыр* сөзі етістік ретінде бөлу, бір-бірінен бөліп алу, айырып алу мағыналарын білдірсе, есім сөз ретінде бөлім, бұтақ, тарам мағыналарын білдіреді. Ал *адар* сөзі айыру, бөлу, талдап жіктеу дегенді білдіреді. Олай болса, мағынасы жағынан бұл сөздер сәйкес, ал тұлғалық жағынан дыбыстық сәйкестіктердің негізінде қалыптасқан. *Адал* сөзі көне *адар* нұсқасына жақындау, р-л сәйкестігінен, р-ның л-ға ауысуынан туындаған сөз. Әрине, біз бұл арада, біріншіден, көне *ад* түбірінің тілімізде сақталып қалғандығына куә болсақ, екіншіден, дыбыстық жағынан өзгерген түрінің әуелгі қалпынан алшақтап, танымастай өзгеріске түскендігін аңғаруға болады. Көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей тілімізден шығып қала бермейді. Тіпті мүлде шығып қалатындары да бар. Дегенмен олар ұзақ уақыттар бойы көненің қалдығы ретінде тілімізде қызмет етеді. Ал олардың тұлғалық өзгерістерге түскен қалпының қаншалықты семантикалық өзгерістерді басынан өткергендігін айқындау үшін тарих қойнауында жатқан сөздердің мағына, мазмұнын ашып, даму сипатын көрсету керек.

Көне, орта түркі тілдеріндегі *адыр* етістігі біздің тілімізде *айыр* түрінде айтылады. Бұл етістік д-й сәйкестігінің нәтижесінде, яғни дыбыстық алмасудың нәтижесінде кейін қалыптасқан.

Енді осы *адыр* сөзінің мағыналарына тоқталып көрейік:

1. Бөлу, бір-бірінен бөліп алу. *Бір йыл саны ічинта үчәр-үчәр айларығ адырмақ үзә өд болур*. Бір жыл ішіндегі айларды үш-үштен бөлсе, маусым болады (*Suv* 589₁₅).

2. Айыру, түсіну. *Киши мен тегүчи аба оғланы ісиг тумлығығ билгү адра аны.* Ыстық пен суықты айыра алатын әкесінің ұлы (өзі туралы) мен адаммын деп айта алады (ҚБК 273₁₁).

3. Ажырату, жекелеу. *Уқушуғ адыртың білігтә өңі.* Білімнен өзге ақылды ажыратасың (ҚБН 70₂₄).

4. Бір нәрседен, біреуден айыру. *Амрақынта адыртымыз ерсәр.* Егер біз (оларды) сүйіктілерінен айырсақ (ТТ IV B₁₄).

5. Өмірден айыру. *Алты йашымда қаң адырдым білінмәдім үч ечимә йыта адырдым.* Алты жасымда әкемнен айрылдым, білінбеді (жете түсінбедім), үш үлкен бауырымнан айрылдым (Е 32₁₆).

Айыру етістігі де бұл дәуірлерде *айру* 'айрылысу, айрылу' түрінде кездеседі және осы түбірден тараған *адзыр, адзыш, адзры, адзрыл, адзрыш* сияқты нұсқалары да бар. Мысалы: *Олар іккі айрышды.* Олар екеуі айрылысты (МҚ 138₁₄). *Адзырмаш мен бегсіг йа қулсығ кішіг.* Мен адамдарды бек немесе құл деп бөлмеймін (ҚБН 68₈).

Бір түбірдің *ад, ай, адз* нұсқаларының орта ғасырларда қатар қолданылуы тайпалар тіліне байланысты ерекшелік болу керек.

Айыр сөзі етістік ретінде тілімізде тоғыз түрлі мағынада жұмсалады. Бұл етістік бұрынғы мағыналарын жоғалтпаған, керісінше үстеме жаңа мағыналарға ие болған. Сондай-ақ, қазіргі түркі тілдерінде де өнімді қолданылса керек.

Айыр — түрк., түр., аз., гаг., қтат., қар. қ. г., құм., қбал., қыр., қаз., ноғ., ққал., тат., баш.; *айир* — өз.; *азыр* — сұйғ., хак; *а:р* — лоб.; *адыр* — тув.; *уйар* — чув. Бұл сөздердің көне түбірі — -ай, ~ -адз, ~ -ад, ~ -ат 'айырылу, екіге бөліну'. Кейін келе бұл түбірлерге әр тілдің өзіне тән қосымшалары жалғанып, мағына жағынан да түрлене түскен.

Осы түбірден тараған сөздер қазақ тілінде бүгінде әртүрлі дыбысталып, тұлғалық жағынан бір-бірінен алшақтап, әртүрлі мағынаға ие болған: *айрық* (жол айрығы), *айырым* (айырылатын жер), *айда* (жер жырту, яғни бұрында соқамен жер жыртқанда жерді екіге айырып, қопарып отырған). *Айдақ* жазу дегендегі *айдақ* шимайлап, қалай болса солай жазуды білдіреді. Алдыңғы *айда* етістігінен жасалған болу керек, жер жыртқанда да жер бетіне әртүрлі із түседі. Сондай-ақ *айдақ-сайдақ* сөзінің түбірін де бірінші сыңарынан іздейміз. Қарайым тілінің қырым диалектісінде *ай* деп біздегі *ауды* (бұт киімнің екі балағының түйіскен жері), ал *айак* деп жол айрығын, жол торабын айтады. Жолға байланысты айтылатын *аяқ* жол біздің тілімізде де бар. *Аудың* да шығу тегі көне *ай* түбірімен байланысты. Осы арада *ай* ~ *ар(шу), ар(ыл)* түбірлерінің сәйкестігін де айта кету керек. *Аршу* етістігінің де мағынасы бірнәрседен бөліп алуға, айырып алуға сәйкес келеді. Заттық мағынадағы *айыр* қаз., хак. т., *айыр* (екі ұшы айыр) — қаз., *айырланған, тарамданған* — қаз., хак., тув., т.б. қолданылады. Қазақ тіліндегі *айырды аша* деп те атайды.

Тілімізде осы сөзбен мәнделес, тұлғалас тағы бір сөз бар, ол — *ажырау, ажырату* етістігі. Бұл сөз де өз алдына дамып, бірнеше мағынаға

ие болған, дегенмен мағына сәйкестігі сақталған. Көне тілде й-мен айтылған сөздердің көпшілігі тілімізде ж-ға ауысқандығы тарихтан белгілі. й~ж сәйкестігінің нәтижесінде қалыптасқан сөздер тілімізде өте көп.

Орта ғасырлардың өзінде бірнеше нұсқада айтылатын етістіктің тіліміздегі тұлғалары мынадай: ай ~ ад ~ аж ~ ау ~ ар.

Ажыра етістігі көне тілде кездеспегенмен, кейінгі дәуірлерде пайда болған етістіктердің қатарына кірмейді, себебі оның сонау байырғы замандардан келе жатқандығын дәлелдейтін деректер бар. *Ажыра* етістігі тек біздің тілімізде ғана емес, өзге түркі тілдерінде де кездеседі: *ажыра* — қыр.; *ажра* — өз., ұйғ. диал.; *ажры* — ұйғ.; *ажыра* — қаз.; *ажийа* — лоб.; *айры* — алт.; *айи* (*айи* > *йир*) — лоб.

Түбірлердің дыбыстық сәйкестіктердің нәтижесінде қалыптасуы түпкі түбірдің бір екендігін және кейін пайда болмағандығын дәлелдейді. Түбірдің монғол тілімен сәйкес келуінің өзі де шығу тегінің әріді жатқандығынан хабар береді.

Келтірілген тілдік деректерді саралай келе бір түбірден тараған бірнеше сөз әртүрлі бағыт алғанмен, түпкі түбір мен мағынаның сақталуы архетип түбірді анықтауға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткізуге болады. Дегенмен бірнеше түбірдің алғашқысы қайсы? деген сұрақ туындайды. Ғалымдар арасында әртүрлі пікірлер болғанмен, түбірлердің алғашқысы нақты дәлелденген емес.

Г. Вамбери *айыр* етістігі *ай ат* 'бөлу, айыру' етістігінен жасалынған десе, В. Банг *айға* қарағанда *ад* немесе *адз* ертерек пайда болған дейді. К. Менгес *ажыра* ~ *ажри* тұлғасының шығу тегін монғол тілімен байланыстырады (*аджыра* < монғ. *anidžira*). Түркі тілінің *айыр*, *адыр* етістіктерін Н.Н. Поппе де монғол тілінің *ажи* 'есінде қалдыру, байқау' етістігінен жасалынған *ажира* етістігімен салыстырады да, оны монғ. дейінгі *radi* 'айыру' етістігінен болған деп есептейді. Берілген тілдік деректер түпкі түбіртек *ад* болу керек деген болжамға әкеледі.

Мұндай тілдік қолданыстар және сөздердің бірнеше нұсқада келуі сөз байлығын толықтыра түседі. Бұл сөздердің мағыналық, мазмұндық ауқымы әлдеқайда кең. Сөз мағыналарының өзгеруі бір жақты болмайды. Соның бір көрінісі — осындай дыбыстар сәйкестігінің нәтижесінде қалыптасқан сөздер.

Сөздер құрамындағы бір дыбыстың өзгеруі мағынаның өзгеруіне әкеледі. Бұлға етістігі қазіргі кезде екі түрлі мағынада жұмсалады: «1. Қолмен бір нәрсені сермеп, сілтеп қимыл жасау, қозғау, белгі беру. 2. Бір затты басқа бір нәрсемен араластыру, шайқау [3, 152 б.]. Ал осы сөздің көне тілдегі мағынасына келсек, төрт түрлі: 1. Бұлғау, араластыру. Ол *тұтмач булғады*. Ол кеспені араластырды (МҚ III 289); 2. Лайлау. Ол *сувуғ булғады*. Ол суды лайлады (МҚ III 289); 3. Ауыс. опық жегізу, ренжіту, қастық істеу. Ол *ер аның көңлін булғады*. Ол адам оның көңілін бұзды (жүрегін ауыртты) (МҚ III 289); 4. Ауыс. наразылығын өршіту, қоздыру, бүлік шығару. *Ічрә бен булғайын*.

Іштен мен бүлік шығарайын (МЧ Ю₄). Қазіргі тілмен салыстырғанда көне тілде мағынасы кең. Мағынаның тарылуына сөздің бір мағыналарының тұлғалық жағынан дыбыстық өзгеріске түсуі себеп болған сияқты. Өзгеше сипат алған мағына бүгінде өзге сөз ретінде танылады. Жоғарыда берілген екінші мағына тілімізде бұл түбірінің **бұл** түріне ауысуынан жасалынған. Бұлға етістігі ауыспалы мағынада бүлік шығаруды білдірген болса, орта ғасырларда бүлінген, бұзылған, ескірген, тозған сияқты мағыналарды білдіретін сөздің тұлғасы бұл түрінде көрінеді. Мысалы: *Бұл тарығ.* (Ұзақ сақталғаннан) бүлінген астық (МҚ I 335). Олай болса, бұл түбірдің екі түрлі дыбыстық өзгеріске түсуі ертеректе болған. Бұл түбірінен бүгінде *бүлдір, бүлін, бүлік, бүлікшіл* т.б. сөздер қалыптасқан.

Көне түбірлердің тілімізде қолданылып, кейбір орындарда сақталып қалғандығын көбінесе фольклор тіліне байланысты анықтауға болады. ҚТТС-де бұл етістігінің мағынасын былай береді: 1. Ел ішіне іріткі түсу, жұрт тыныштығының бұзылуы, елдің күйреуі. Осы айтқаным болмаса, Тұғырға сұңқар қонбаса, Ноғайлы елдің бүледі (Батырлар жыры) . 2. Бүліну, қирау, быт-шыты шығу. Хандар киген қамқа тон, Шүберек болар тозған соң. Еңсесі биік кең сарай, Морттың болар бүлген соң (Алдаспан) [6, 45 б.]. Әрине, бұл сөздер мағына жағынан да, тұлға жағынан да көне тілмен сәйкеседі.

Бүлдір сияқты бұз да осы бұл түбірімен түбірлес болуы әбден мүмкін. Бұзу, бүлдіру – синоним сөздер. Мысалы: 1. Бұзу, сындыру. *Ебін барқын буздым.* Үйлерін, ғимараттарын бұздым (БК₃₄). *Ол еб бузды.* Ол үй бұзды (МҚ II 8). 2. Жеңу, жою, құрту. *Таңут бодуның буздым.* Таңғұт халқын жеңдім (БК₂₄). 3. Ауыс. Берекесін кетіру, құлату, қирату. *Еліг болса есіз ажунуғ бузар.* Егер басқарушы ақымақ болса, дүниені қиратар (ҚБН 149₂₄). Екі етістіктің мағына жақындығы тарихи тұрғыдан да көрінеді, жалпы ұқсас мағына сезіліп тұрады. Бұл, бұл түбірлері – біздің тіліміз үшін ұмыт болған өлі түбірлер. Бұл түбірлердің әрқайсысы көне дәуірлерде дербес сөз болған және бірнеше сөздердің құрамында кездеседі.

Көне түбірлердің сақталып қалған келесі бір орындары – қос сөздер құрамы. Құрамындағы бір сыңары, кейде екі сыңары да түсініксіз қос сөздер тілімізде баршылық. Бұлға етістігінің үшінші, төртінші мағыналарындағы ренжу, наразылығы өршу сияқты мағыналар **бұлқан-талқан** (*бұрқан-тарқан*) болды (қатты ашуланды) қос сөзінің құрамында сақталып қалған. *Бай ашуланып бұлқан-талқан болды* (Қаз. ертег.). Қос сөздің бірінші сыңары мағыналы болып келеді де, екінші сыңары соған дыбыстық еліктеуден пайда болады. Сондықтан мағынаны бірінші сыңарынан іздейміз. Бұлқан 'жайсыз, тынышсыз' мағынасында өте сирек кездеседі, ал бұлқан болды тіркесі 'ашуланды, ренжіді' мағынасын білдіреді. Мысалы: Барысында көп істің бұлқан болса, жар ізгі, Жасырамыз, соғыстың Құпиясы тәрізді (Қ. Мырзалиев. Бұлбұл).

Бір түбірден тараған сөздер әруақытта бір бағытта дами бермейді. Көне тілдегі сөздің әртүрлі мағыналары әртүрлі бағытта дами отырып, түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

Орта ғасырларда кездесетін осы сөзбен тұлғалас **булнуқ** етістігінің мағынасы — 'орнынан жылжу' (әскер қатары). *Йағы санчмыш ерсіг еран булнуқуп / йана еврә санчты йағысын утуп.* Жауды талқандаған ержүрек әскердің қатарлары орнынан жылжығанда, ол тағы шабуылдап, өзінің жауын жеңді (ҚБК 129₁) [7, с.123]. *Булнуқ* етістігінің мағынасын беретін сөздің тұлғасы дыбыстық құрамы жағынан сәл өзгеріске түсіп, өзгеше сипат алып кеткен. *Булнуқ* етістігінің құрамындағы қосымшаның н мен қ дыбыстары метатеза заңдылығы бойынша орындарын алмастырып айтылған. *Бұлқын* етістігінің алдыңғы етістікке ұқсас мағынасы — бірден жұлқи қозғалу. Қозғалу мен жұлқи қозғалудың арасындағы мағыналық реңк айырмашылығы келе-келе пайда болған болу керек. Әуелгі түбір етістік білдіретін мағына мағыналық реңктер жамап, жаңа сөз қолданыстары пайда болады. Көне тілдегі *булғанч* 'абыржу', *булғануқ* 'кір, лай', *булғақ* 'наразылық' сияқты сөздер де алдыңғы етістіктермен түбірлес.

Бұл сөздерді тарихи тұрғыдан жеке сөз, туынды сөз жасауға негіз болған дербес түбір ретінде танимыз.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, *булға* етістігі МЧ және МҚ ескерткіштерінде және қазіргі көпшілік түркі тілдерінде кездеседі, дыбыстық жағынан сәл өзгеріске түскен: **булға** — қар., құм., қбал., қыр., ноғ., өз., ұйғ., алт. диал., тув. диал.; **булға** — қаз., тат., баш; *пұлға* — тат. диал.; *полға* — сұйғ.; *былға* — қаз., ноғ., ққал., тат. диал., тув. диал. т.б. Бұл етістіктің түркі тілдеріндегі мағыналары көне тілмен сәйкес келеді, алайда әрбір түркі тілінде уақыт өткен сайын өзінің мағыналарына өзгеріс кіргізіп отырғаны түркі тілдерінің деректерінен көрінеді. Қол бұлғау мағынасы көне тілде кездеспегенмен, құм., қыр., өз. диал., ұйғ., қбал., қаз., ноғ., ққал., тат., т.б.; *былғау*, *шайқау* — қыр., қаз., ққал., хак. (бас шайқау); *бас изеу* — ққал., ктат. т.б. кездеседі. Бұл бұлғау, араластыру мағыналарына қарағанда кейін пайда болған. Ал осы етістіктердің түп төркінінің қайдан шыққандығын әуелі түркі тілдерінен іздестірген жөн. Осы етістіктің *була* — түрі түрк., түр., аз., гаг., өз., ұйғ.; *була*: — як.; *бұла*, *была* — тат. диал.; *пула* — сұйғ., алт. диал.; *пыла* — алт., тел., леб., шор., саг., койб.; *биле* — түр. диал. т.б. Бұл етістіктердің қайсысы көне тілге жақын? десек, түркі тілі жалғамалы тіл болғандықтан, түбірге қосымшалар бірінен кейін бірі жалғанып келеді де, біртіндеп түбір мен қосымша бірігіп, біртұтас тұлғаға айналады. Сондықтан түркі тілінде түпкі түбірлер көбінесе бір буынды болып келеді.

В. Банг *булға* етістігінің шығу тегін *бул*, *булу*-дан пайда болған деп, *булу*-ды телеут тілінің (алт. т. диал.) *пулу* 'қатты ашулану, көтеріліске шығу' етістігімен байланыстырады және көне ұйғ. *булун* 'абыржыған, асып-сасқан', 'бүлінген' 'абыржу' етістігімен салыстырады. *Бул*

тұлғасы тек телеут тілінде ғана емес, өзгеріске түскен түрі бірнеше түркі тілдерінде сақталғандығын жоғарыдағы мысалдар дәлелдесе керек. Сөздің түбірі есім сөз болуы мүмкін, ал -а, -ы, -и, -қа — етістік тудырушы жұрнақ. Г. Рамстедт түркі тілінің *булға* етістігін қалм. *bulngir*, *bul'ngir* 'кір', 'таза емес', 'лай', 'тұнба' [*bulangir*, салыст. тұнғ. *bula* 'ми батпақ'] етістігімен салыстырады. Н.Н. Поппе бұл қатарға монғ. *bulga* 'бүліншілік', 'наразылық', эвенк. *bolgon* 'бүліншілік', 'наразылық', *bolgi-* 'наразылыққа әкелу', көнтүр. *bulganc* 'көтеріліс', 'бүліншілік', сол мағынада *bulıaq*, *bulut* 'бұлт' сөздерін қосады [2, с. 255].

Келтірілген деректерді ой елегінен өткізіп, зер сала қарасақ, түбірдің бул екендігіне күмән қалмайды.

Бүгінде мағынасы көмескіленген, өлі түбір саналып жүрген сөздердің табиғатын анықтауға қажетті тілдік деректерді жан-жақты зерттеу, өзге тілдермен салыстыра-салғастыра қарастыру олардың табиғатын анықтауға кең жол ашары сөзсіз. Осындай зерттеулердің нәтижесінде біз өлі түбір санап жүрген түбірлердің түп тұлғасы тілімізде дербес сөз ретінде өмір сүріп жатқандығын аңғарамыз.

Әдебиеттер

1. Reşit Rahmeti Arat. *Atebetü'l-hakayik*. Istanbul, AteşBasimevi, 1951.
2. Севортян Э.В. *Этимологический словарь тюркских языков: В 4-х т.* — М.: Наука, 1986. — т. 1. — 766 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы ред. бас. Т. Жанұзақов. 1 томдық — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
4. Нұрмағамбетов Ә. *Бес жүз бес сөз.* — Алматы: Рауан, 1994. — 304 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құраст. Б. Сүйерқұлова, Т. Жанұзақ, О. Жұбаева және т.б. 15 томдық — Алматы: Тіл білімі институты, 2011. 3-том — 744 б.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі / Құраст. Н. Әшімбаева, Қ. Рысбергенова, Ж. Манкеева және т.б. 15 томдық — Алматы: Тіл білімі институты, 2011. 4-том — 744 б.
7. *Древнетюркский словарь* / Под ред. Э.В. Севортян. — Л.: Наука, 1969. — 676 с.



Кеңес ЮСУПОВ
жазушы

Толғауы тоқсан қызыл тіл...

(аударма қызметі туралы толғаныс)

Айтулы аудармашы Кеңес Юсупов – қазақ терминологиясының дамуына қомақты үлес қосып жүрген саусақпен санарлықтай майталман мамандардың бірі. Біз К. Юсуповтың «Егемен Қазақстан» газеті бетінде (12. 10. 2001 .ж.) жарияланған, аударманың қырысырын ашуды мақсат еткен мазмұнды мақаласынан үзінді жариялап отырмыз. Автордың бұл еңбегі осы бір аса жауапты да маңызды салада еңбек етуге бел бұған талапты жастарға бағыт-бағдар беріп, жол сілтейтіндігіне сенімдіміз.

Тарихтың адамзат баласы айналып өте алмайтын, қандай қоғам болсын жоққа шығара алмайтын, ортақ заңдылықтары бар. Бұл тіл проблемасына да тікелей қатысты.

XX ғасырдың сексенінші жылдары басында жарияланған ЮНЕСКО дерегіне сүйенсек, осы беделді халықаралық ұйымның есебі бойынша

дүние жүзінде 2796 тіл, 8000 диалект бар. Алайда жаһанды мекендейтін барша жұрттың үштен екісінен астамы экономикалық және саяси қажеттіліктерге байланысты түрлі деңгейде қарым қатынастар жасау үшін небәрі 27 тілде сөйлесетін көрінеді. Міне, аударманың адамзатаралық қатынастарда атқаратын міндеті мен маңызын осы деректер-ақ дәлелдеп береді. Өркениетті елдер аударманың қадірін, маңызын ежелден байыпты бағалап келеді. Ендеше аударманың игілігін игеріп болмай жатып біздің оған үстірт қарауымыздың реті де, жөні де жоқ секілді.

Қалайық – қаламайық, мойындайық- мойындамайық, үш ғасырдан аса алдымен Ресей империясының, кейіннен кеңестік жүйенің боданы болған, көрмеген зобалаңы жоқ біздей елге аудармадан бірден аттап кетудің қиынға түсетіні сөзсіз.

Дегенмен феодализмнен капитализмге соқпай, бірден социализмге озған, батыры мен бағланы көп халықпыз ғой, несі бар, тағы да бір рет тәуекелге бел байлап көрелік. Бірақ күшке салуға тіл шіркіннің көнетін түрі жоқ.

Шығыстанушы И.Бенцинг: «Ғылыми, әдеби тілдік және тарихи тұрғыдан қарағанда қазақ тілі- түркі тілдерінің ішіндегі өте әсем, өте бай тілдің бірі» - деп жазады. Бүгін осы бай тіл жұмыс істемей тұр. Міне, тілдерді дамытудың үшінші бағдарламасын қабылдадық, дегенмен, әзірге жүрісіміздің мандитын түрі жоқ. Алайда оған аударма кінәлі емес деп сендіре аламын.

Жазушы өзінің тілдік қорында, өресінде барды пайдаланады, ал аудармашы сырт сөздің дәл баламасын табу үшін туған тілінің лексикасын толығымен сүзіп шығуға мәжбүр болады дейтін қағида бар. Ендеше аудару барысында біз тіліміздің ұшында тұрған, аузымызға түскен сөзді ала бермей, шамамыздың жеткенінше мағынасын нақ беретін сөздерді іздейміз. **Демек, небір жақсы, маржан сөздеріміздің қалтарыста қалып қою қатері азаяды. Міне, аударманың бірінші пайдасы осындай тұста көрінеді. Демек, аударма тілді толық қуатымен іске қосуға жәрдемдеседі.**

Аударма әдебиеттің халықтың тілін ұстартуға, сана – сезімін жетілдіруге, ағарту ісін ілгерілетуге, эстетикалық талғамын ұштауға тигізетін ықпалын алдыңғы толқын ағалар да жоғары бағалап, бұл іске хал қадірінше үлес қосқаны белгілі.

Қазақ аудармасының тарихи кезеңдеріне үңіле қарасам, «Дала уәлаяты» газетінде көп жылдар аудармашылық қызмет атқарған Дінмұхамед Сұлтанғазин ағамыздың «... перевод қылғанда, әсіресе, закон, низам, хукім турасындағы сөздер турада, бір қағиданы ұстау тиісті » деп жазғанына қарағанда сол кездің өзінде аударманың теориясы мен практикасының сілемі көрініс береді.

Қазақ зиялылары аударманың ұлттық мәдениетке ықпалын, оқу білімге тигізер жәрдемін жіті аңғарып, бұл іске белесене қатысқаны айқын аңғарылады. Тіпті осы шаруадан тыс қалған зиялы жоқ сияқты.

Мынаған назар аударыңыз, Қаныш Сәтбаев алгебра оқулығын қазақ тілінде жатық баяндап береді (ғұламаның бұл аудармасы «Қазақстан мұғалімі» газетінде жарияланды.) Илияс Жансүгіров Пушкинді қазақша сөйлетеді, орыстың ұлы ақынының мерейтойына арналған үш томдық шығармаларын қазақ тілінде шығару ісіне басшылық жасайды.

Атақты тарихшы, этнограф Әлкей Марғұлан кезінде аударма ісіне белесене қатысып, Ч.Диккенстің повесін, түрлі авторлардың көптеген басқа әңгімелерін тәржімелегені мәлім. Бұл тізімді одан әрі шексіз жалғастыра беруге болар еді.

Бүгінгі таңда біздің зерттеушілеріміз аударманы үш түрге бөліп жүр: а) еркін немес нәзиралық аударма (вольный или свободный перевод); ә) дәлме дәл- және жолма жол аударма (буквальный и дословный перевод); б) теңдес, толық, сәйкес келетін аударма (адекватный, полноценный перевод). Бізге керегі, яки, заң, ресми-құжат тіліне керегі, халықаралық мәтіндер тіліне керегі соңғысы. Мұны қазіргі кезде аудентикалық (сайма – сай түп нұсқаға толық сәйкес) аударма деп атап жүр.

Жалпы алғанда бірде бір ел аударманың маңызын, оның руханиятқа ықпалын мен әсерін жоққа шығармайды және шығарып та отырған жоқ. Керісінше, біз бүгін білікті аудармашыларға зәруміз, әрі қазіргі кезде бізге қажетті – үш тілдегі аудармашылар, яғни ең алдымен, өзінің ана тіліне жетік және орыс тілі мен бір шет тілін жақсы білетін аудармашылар. Шындығын айтқанда, бүгінгі кезеңде, тілдік ахуалдың біздегідей жағдайында біз аудармашыдан бас тарта алмаймыз. Ал олардың еңбегін басқаша ұйымдастыру, өзгеше бағалау керек десек, бұл басқа әңгіме.

Колумбия жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Габриель Гарсиа Маркес: «бұл аудармашы байғұстарды қойсаңшы», дей келіп «мұның өзі өте қиын, әрі ең бір қадірсіз және ең жаманы ақы пұлы төмен жұмыс білем» деп мүсіркеушілік білдіреді. А.Пушкин де бұл жұмыстың ауыртпалығын меңзеп, «аудармашылар – ағарту ісінің кіре тартар күреңдері» деген баға береді.

Яғни, біз олардың еңбегін бүгін басқа тұрғыдан бағалауға, жұмысын жаңаша құруға көшуіміз керек. Әңгіме олардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін өзгертуде ғана емес, сонымен қатар оларды іріктеуге, біліктілігіне, еңбегінің нәтижесіне қойылатын талапты күшейте отырып, олардың ресми құжат тілінің мәтіні үшін жауапкершілігін арттыру жағын қарастыру, олардың құжат дайындаудың бүкіл барысына қатыстыру қажеттілігін, аудармашылардың әлеуеті мен мүмкіндіктерін нысаналы пайдалану, олардың еңбегін көтермелеудің жаңа тетіктерін іздестіру қажет.

Тірегіміз – терминдер

Термин түзуде біз жүйелілікке қол жеткізе алмай келеміз. Терминнің мақсаты мен қажеттілігін және оған қойылатын талаптардың жете

ескерілмеуінің салдарынан ала-құлалыққа жол берілді. Мұның өзі іс-қағаздарының тіліне салқынын тигізеді. Сондықтан да термин түзу қағидаттары мен оған қойылатын талаптар қатаң ескерілуге тиіс.

Әлбетте **әрбір термин — сөз** (немесе **сөздер тіркесі**), алайда **әр сөз термин емес**. Әуелі осының аражігін ажыратып алу керек. Термин — белгілі бір салада тұрақты қолданылатын арнаулы бір ұғымды білдіретін сөз (немесе сөз тіркесі).

Термин болмыстың қырларын, әлеуметтік-қоғамдық қатынастарға қатысты белгілі бір аясының болатындығы, объективтілігі, тұрақтылығы мен орнықтылығы, стильдік тұрғыдан бейтараптығы, яғни боямасыздығы, демек онда экспрессия, әсірелеу, көңіл-күйі, субъективтік түсінік-пайым көрініс бермеуге тиіс.

Заңнамалық мәтінде термин неғұрлым көп болса, ол соғұрлым дәл, айқын әрі тұжырымды болып шығары сөзсіз. Демек терминдердің өзінің тура, көпшілікке түсінікті көзі үйренген мағынасында қолданылуы шарт. Термин қарапайым, әрі оқушының ұғымына қонымды болуы керек. Яғни мағынасы бұлыңғыр, екіұшты ой туғызатын, айқын тұжырымдалмаған терминдер болмауға тиіс.

Көнерген, әдеби тілде көп қолданылмайтын оқушыларға бейтаныс сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланған кезде абай болған орынды. Мұның, әсіресе, заң тілі әлі жете қалыптаспаған, орнықтамаған біздің тілімізге қатысы зор. Жаңа түпкі мағынасын сілтеме беру арқылы ашып көрсете кеткен жөн. Яғни баспасөз бетінде, әдеби шығармаларда жеке авторлар қолданған, көпшілікке кеңінен таралмаған жаңа сөздерге әуестене бермей, тілімізге әбден сіңіскен жаппай қолданылып жүрген сөздерді пайдаланған дұрыс.

Мысалға, *дотация, субвенция, субсидия* — төркіні сонау латын тілінде жатқан түсініктер. Бұлардың алғашқысы бүгінгі ұғымында мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындарға берілетін ақшалай немесе заттай жәрдем. *Субвенция* — белгілі бір мақсат үшін бөлінетін ақшалай көмек. Бұл дотациядай шығынын өтеу үшін емес, демеу үшін көтермелеп жіберу үшін бөлінеді. *Субсидия* — бұл да жәрдем, тек мұның бір айырмасы, бұл жерде қолдау көрсетуге мемлекетпен бірге жеке мекеменің де қатысуы мүмкін.

Көріп отырғанымыздай, *дотация* — шығынға батқан тұлғаға жәрдемдесу, *субвенция* болса — нысаналы тұрғыда демеушілік жасау, ал *субсидияның* мағынасы — көтермелеу, қарайласу, қолдау көрсету. Сайып келгенде, сөздіктергесүйенсек, үшеуі де қаржылай көмек беруге саяды екен. Төркіндес терминдер болғанымен, өздеріне тән реңктері, заңдар тұрғыда айырмашылықтары бар сөздер, сондықтан аражігін ажыратып, қолдану шарт. Демек, Терминкомның ықтиярымен, айтуына қарай, **жәрдемқаржы, демеуқаржы, қолдауқаржы** деп алғанымыздың айыбы жоқ. Әрі тектес дүниелерді, айталық, «көктас», «сутас», «шегіртас» және т.т. деп айта беретін қазақ тілінің табиғатына да кереғарлығы жоқ.

Тілімізді шұбарлап, шырқын кетіріп жүрген де терминдер қолданудағы осы ала-құлалықтар. Айталық, ссуданы да, долг сөзін де **борыш** деп, *убыток, затраты, расход* сөздерін шығын деп, алақолдық жасап, аузымызға іліккен сөзбен таңбалап, тарта береміз. Әлбетте, бұлар тектес сөздер болғанмен кей ретте арасына теңдік белгісін қоя беруге келмейтін ұғымдар. Мәселен, біз неге **доходты** біресе **табыс**, келесіде **кіріс** дейміз. Әсілінде, бір сөзбен бір мағына бермейтін сөз термин бола алмайды. Шамамыз келсе, осы екеуінің біреуін заңдастырып алуымыз керек. Біздікі не, сөздің көптігі ме, әлде ықыластың жоқтығы ма?

Ендеше, долг — **борыш**, расход — **шығыс**, убыток — **шығын**, задолженность — **берешек**, выручка — **кіріс**, поступление — **түсім**, потеря — **ысырап**, ущерб — **залал**, вред — **зиян**, неустойка — **айып-анжы**, издержки — **рәсуә** (бұл сөзді шығасымен де ауыстыруға болады) деуге болатын сияқты. Бірақ бір ұғымды бір ғана сөзге теліген жөн. Қолданыстағы бей-берекеттен сонда ғана арылып, іс қағаздарын қазақ тілінде жазуға қазіргідей аудармашы-тілшілерді ғана емес, кез келген маманды отырғыза аламыз.

Ревизия және проверка, контроль және надзор — басқару мәтіндерінде жиі ұшырасатын терминдер. Соңғы екі термин **бақылау** мен **қадағалау** болып қалаулы орнын тауып тұр. Ал енді мәтінде *ревизия мен тексеріс* қатар түскен сәтте қиналып, тексеру және тексеріс деп ілдәлдалайтын кездеріміз көп.

Сол сияқты іс қағаздарында жиі ұшырасатын сөздердің бір тобы: *порядок, правила, положение, условие, дисциплина, режим*. Әрқайсысының баламасы бола тұрып, біз *порядок* пен *дисциплинаның* екеуін де тәртіп, ал қосарласа ұшырасқан уақытта ежелгі әдетімізше **тәртіп** пен **тәртіптілік** деп, сол сияқты *правила мен положениені*, жеке кезіксе **ереже** атап, бірге келгенде бірін **ереже**, бірін **тәртіп** деп алып келдік. Әсілінде, әр сөзін саралап, салмақтап қолданатын баспасөз орындары *порядокты* — **реттілік**, *правиланы* — **ереже**, *дисциплинаны* — **тәртіп**, *положениені* — **қағида** деп жүйелі қолданып та жүр.

Ендеше, әр сөздің сыры мен сынына үңілейік. Жіктеп көрелік. *Порядок. По-ряду. По-рядковый номер*. Реті туралы айтып тұр ғой. Кезектілік, реттілікті білдіріп тұр ғой. Калька сияқты, бірақ ұғым, қисын дұрыс. Демек, *порядокты* — **реттілік** дәл бейнелейді, ендеше *дисциплинаны* — **тәртіпке** қайтаруымыз керек.

Тұжырып айтқанда, тіл мен термин турасында кеңінен ойластырып, кемел шешімін табуды қажет ететін көкейкесті мәселелер аз емес.

Баспасөз тілі — байлық көзі

Бүгінгі нарық заманында ерекше бір назар аударатын мәселе — баспасөзде жарияланатын хабарландырулар мен жарнаманың тілі. Бұл өзі көңіл бөлмеуге болмайтын күрделі мәселе. Өйткені бүгінгі

таңда жарнаманың маңызын ешкім жоққа шығара алмайды. Сірә, жарнамадан көп оқылатын дүние жоқ сияқты. Соған қарамастан, баяғы дәстүрімізге басып, оның тілінің мүкісіне әлі күнге дейін назар аудармайтын сияқтымыз. Көшеден бастап газеттер бетіндегі жарнамаларға дейін күлкі, реніш туғызатын қойыртпақтар өріп жүреді.

Айталық, кездейсоқ көзге түскен «хроникальді маскүнемдерді емдеу» немесе «жылжымалы бөгеттер сатылады» деген сөздер өрескел көрінеді екен. Байқасақ, әңгіме сүле маскүнемдерді емдеу, ысырмалы қоршауыш өрешелер сатылатыны жайында екен. Жарнама бұрынғыдай емес, бір жағы кіріс, бір жағы бүгінгі оқушы ден қойып қадағалайтын хабарлама ғой. Мұны ескермеу әбестік.

Сондықтан да баспасөз де, электрондық хабар тарату құралдары да өздерінде жарияланған немесе таратылған жарнамалар тіліне сақтықпен қарап, мұндағы көздеріне түскен кемшіндерді жедел түзетуге белсене қатысқаны дұрыс. Бұқаралық ақпарат құралдарының өздерінің сөз алдындағы жауапкершілігін терең түсініп, тілімізді байытуға, сөйлеу мәдениетімізді көтеруге, оны селкеуліктерден арылтуға барынша жәрдемдесуі керек.

Медициналық сөздіктерге қарап отырып, бүгіннен бастап медициналық оқу орындарында қазақ тілінде білім беруге мүмкіндігіміз әбден жетеді деген ой түйе толық негіз бар. Ал сөздіктерге келсек, олардың маңызын, керектігін әсте төмендеткіміз келіп отырған жоқ, алдағы уақытта жаңа сөздіктер жасалған кезде еске алынса деген оймен көзімізге түскен, бірді-екілі кемшіндерді атап кетуге тырыстық. Мұнда да бірізділік жоқ, калькалау басым, қазақ тілінің өзінің сөздік қоры, бұрынғы тәжірибе жете пайдаланылмаған сияқты әсер туады. Мұнда да сол, аяқ алып жүре алмайтын кемшіліктердің көпшілігі қазіргі кезде қазақ тілінің терминдеуіне салқынын тигізіп жүрген кінәраттар болып табылады.

Алдымен, таза кәсіби терминдерге бармай тұрып, *болезнь, боль, заболевание, заболеваемость, больной, больничный лист* сияқты іс қағаздарында қолданылатын атаулардың басын бір қайырып алайықшы. Көріп отырсыз, орыс тілінде бәрі де **боль** түбірінен өрбіп отыр. Енді қазақ тіліне қараңыз: **науқас, дерт, сырқат, ауру**. Айталық, Н.А.Андроновтың «Русско-казахский словарь медицинской лексики» кітабына орайластырып, *заболеваемость* сөзін сырқаттылық деп алғанымыз жөн сияқты. Ары қарай, *болезнь* сөз жоқ, **дерт**, *боль* — **ауырсыну**, *больной* — **сырқат**, *больничный лист* — **емхана парағы** (емделгені жөніндегі құжат) деп алсақ, іс қағаздарына жазатын сөздерімізді біраз ретке келтіріп аламыз.

Әдеби тіл — халықтың жүйеленген, түзілген өзіндік низамы бар тіл мәдениетінің жетістігі десек, ендеше құжат тілі сол әдеби тілдің ерекше екшелген, әдеби түзілген стилі деп танылады. Олай болса әдеби тілдің кеңсе тіліне, ресми іс қағаздарының тіліне тікелей ықпал

ететін баспасөз тілінің шұбарлануына немқұрайды қарауға болмайды.

Содан кейінгі жерде біздің неліктен күні бүгінге дейін *население мен народ* сөздерін бір сөзбен түйіп, халық деп жүргенімізді түсіну қиын. Сөз таппай қиналсақ, бірсәрі, ежелден қолданылып жүрген **жұрт** деген сөзіміз тұрған жоқ па?

Жұрт населениенің жұп-жұмыр баламасы ғой. *Население города, Население республики* — **қала жұрты, республика жұрты**. Осыдан артық не керек? Әбубәкір Диваевтың «Тарту» кітабында «Елің бар, жұртың бар» деген тіркес кездеседі. Ыбырай Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар» деді ғой. Жоқ, біздіңше, бұл дәлелдеуді керек қылмайтын қисын.

Бұл тақырыпта біз қиюы келіспей жүрген, қабысуы босаң терминдік олқымызға талдау жасауға қал-қадерімізше тоқталып, ойымызды ортаға салдық. Тегінде бір сөзде бірнеше мағына арқалатып, қиналатындай тілге кедей ел емеспіз. Тіліміздің мүмкіндігін пайдалана білмей марғаулық жасап жүрміз. Қатемізді түзегіміз келмей, біріміздің сөзімізді біріміз жөн көрмей, жегемізден кейін тартпай іске кіріссек, ана тіліміз әжептәуір таралып, бір ізге түсіп, ширап, шынайы кіріп қалар еді.

Төл сөзімізді жатсынып, өз өрісімізді өзіміз тарылтпайық.

Әсілінде заң тілін, құжат тілін түзу жолында алдымызда қадау-қадау еңбектер тұр. Бұл бағытта көп тер төгіп, қажымай — талмай еңбек ету керек. Бір қуаныштысы сол, қолымызда мол қазына — бай тіліміз бар, ендігі жерде барлық мәселе сол қазынаны қалай да ұқыптылықпен халықтың кәдесіне жаратуда болып тұр.



Нағима ӘШІМБАЕВА
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институтының аға ғылыми
қызметкері, филология
ғылымдарының кандидаты

Қазақ терминологиялық қорын қалыптастырудың лингвоәдістанымдық негіздері

Тілдің арнаулы салалардың барлығындағы қолданысын лингвистикалық тұрғыдан қамтамасыз ету — терминдер қорын жасау мен оны жүйеге келтірумен тығыз байланысты. Білім беру мен білім алуды, ғылымды игеру мен оны меңгеруді, ақпарат алмасуды ұлт тілінде жүзеге асыру үшін арнаулы лексиканың негізін құрайтын терминдер қоры да сол тілдің мүддесін көздеп, ішкі заңдылықтарын ақтай отырып жасалуы керек. Ал термин жасау, сөз шығармашылығы кәсіби біліктілікті, ерекше ізденімпаздық пен талғампаздықты әрі үлкен жауапкершілікті қажет ететін күрделі жұмыс [1. 3].

Жалпы терминологиялық қор қамсыздандыру міндетін атқаратын функционалдық ішкі жүйелер кешенін, терминологиялық қор элементтерінің құрамын және оның ұйымдастырылуын қамтиды. Терминологиялық қордың жүзеге асырылуы белгілі бір дәрежеде тілдің қолданылуының басқа да тұрпаттарының арасындағы алатын орны және міндеті тәрізді факторлармен анықталады.

Тілдің әртүрлі қолданылу тұлғаларының пайда болуы және дамуы тек тілдегі ғана өзгеріс болып табылмайды. Бұл жағдай сонымен қатар

жазу пайда болуымен, индустриалдық полиграфияның таралуымен сипатталатын жалпы адамзат қоғамының елеулі даму кезеңіндегі түбегейлі өзгерісті де көрсетеді. Сөйлеу тілімен және жазумен қатар, айрықша белгілі бір түрдегі тілдің қолданылуы шындыққа айналып отыр. Егер сөйлеу тілі айтушымен де, тыңдаушымен де тікелей байланысты болса, жазбаша тіл актілеріндегі адамның қатынасы әлсізірек болады. Тілдік туынды біртіндеп ақпаратты толық тасымалдаушы сипатқа ие болады [2. 4].

Осылайша, қазақ тілінің терминологиялық қорын жасаудың басты себебі - тілді нормалау тәсілдерін оның қолданылу ерекшеліктерімен сәйкестендіру қажеттігі болып табылады.

Осыдан барып қазақ тілінің терминологиялық қорын тізбелеу міндеті белгілі бір дәрежеде өз алдына дербес болып шығады. Қазақ тілі терминологиялық қоры аса маңызды ішкіжүйелердің бірі болып табылады.

Сонымен қазақ тілі терминологиялық қоры қарым-қатынас жасау жүйелерінде терминологиялық лексиканы және оның мағынасын ашу тәсілдерін тізбелеудің жүйесі болып табылады.

Қазақ терминологиялық қорының қолданылу ауқымын түсіну үшін жекелеген салалық немесе тақырыптық емес, терминдерге ортақ болып табылатын сипаттамаларды ескерген жөн. Терминологиялық қордың біріктірілген жүйесін құру нәтижесінде пайда болатын мұндай ерекшеліктер төмендегідей болып келеді. Қазақ терминологиялық қоры – бұл жекелеген деректерді қолдану мүмкіндігі бар бірыңғай қызмет. Ол күрделі, ауқымды, ұдайы өзгеріп отыратын терминологиялық ақпарат универсумында көпәспектiлi iздестiру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Терминологиялық қор әртүрлі салаларда қолданылатын терминдердің өзара салғастырылуын жеңілдете отырып, бүкіл қазақ терминологиясының бірізді сипатталуына қызмет етеді. Ол термин туралы көптеген деректерді жинақтайды да, сол арқылы қазақ терминологиясының біркелкі сипатталуын мақсат етеді. Жалпы алғанда терминологиялық қызмет көрсету деңгейін арттырады. Терминологиялық қор өзіне қазақ терминологиясының жаңа құрылымын енгізеді. Әр түрлі принциптер бойынша құрылған жекелеген деректердің дербес қолданылуы кезеңінде анықтала қоймайтын, айтылымы жағынан да, мазмұны жағынан да сан алуан салалық терминологияның кірігісуі нәтижесінде пайда болатын жаңа құрылымдық байланыстарды айқындайды.

Мұнда сонымен қатар шешілуіне терминологиялық қор ықпал ететін бірқатар таза ғылыми міндеттерді атап өтуге болады: а) қазақ тілінің терминологиялық жүйесін ішкіжүйелер жүйесі ретінде үлгілеу; б) жалпығылыми және жалпытехникалық тезаурустарды қазақ тілінің когнитивтік үлгілері ретінде құру; в) өзге тілдер терминдерінің аясында қазақ терминологиясын салғастырмалы, типологиялық зерттеу, оның ішінде, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде зерттеу.

Қолданыста бар анағұрлым танымал және жаңа жобаланып отырған терминологиялық қорлар жөніндегі әдебиеттерді талдау терминологиялық қор міндетін төмендегідей типтерге бөлуге мүмкіндік береді:

- технологиялар және өнімдер стандарттарын әзірлеумен, ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп дайындаумен, оқу және анықтамалық әдебиеттерді шығарумен, жарияланымдар дайындаумен, оқытушылық жұмыспен, арнайы әдебиеттерді редакциялаумен айналысатын әр алуан білім саласындағы мамандарға, сондай-ақ шет тілдерінің оқытушыларына, студенттерге, әдеби редакторлар мен пайдаланушылардың кейбір басқа да санаттарына анықтамалық-ақпараттық қызмет көрсету;

- ғылыми-техникалық әдебиетті дәстүрлі аударуды қамтамасыз ету;
- ақпараттық жүйелерді, басқару, жобалау жүйелерін лингвистикалық жағынан қамтамасыз ету;
- терминологияны ретке келтіру және терминологиялық сараптамалар жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз ету;
- терминологиялық сөздіктер түзу және басып шығару;
- терминдер анықтамаларын біріздендіру.

Қолданыстағы терминологиялық қордың көпшілігі ғылыми-техникалық әдебиетті аудару үшін құрылған, алайда нәтижесінде бұған басқа да міндеттер қосылды. Қазіргі кезде ірі деректер қорында көпфункционалдылық үрдісі байқалады [3; 4].

Міндеттің әрбір типі пайдаланушылардың нақты бір санатына бағытталған және терминологиялық деректерге қатысты белгілі бір элементтердің болуын талап етеді. Мысалы, анықтамалық терминологиялық қызметтердің негізгі бөлігі терминдер мағыналарының шегін, олардың қолданылу дәрежесі мен сипатын анықтаумен, сонымен қатар терминдердің қолданылуын ретке келтіретін қолданыстағы нормативтік құжаттар мен өзге де материалдарды іздестірумен байланысты болады. Аудармашылар үшін қолданылу ерекшеліктері туралы ақпараты бар шеттілдік терминдердің дәл баламасы қажет. Мәтіндерді морфологиялық, сөзжасамдық және синтаксистік талдау және жинақтау үшін терминдер туралы грамматикалық ақпараттың болуын талап етеді. Терминдерді ақпараттық-іздестірудің лексикалық бірліктері ретінде пайдалану синонимдік, гипонимдік (тектік-түрлік), партитивтік және ассоциативтік байланыстардың, сол сияқты ақпараттық құжаттарда терминдердің қолданылымдығы жөнінде мәліметтердің болуын қажет етеді. Терминологиялық жұмыстар бірінші кезекте терминшілерді қарастырылып отырған және іргелес пәндік салалардағы бір ізге келтірілген терминдер туралы деректермен, сонымен қатар терминдердің қолданылуы туралы ақпаратпен қамтамасыз етуі қажет. Сан салалы лексикографиялық материалдарды дайындау және лингвистикалық, терминологиялық зерттеулерді жүргізу үшін

жан-жақты, берері мол мәліметтер аса қажет. Мұнда терминдердің фонетикалық және графемалық сипаттамасы, қолданылу саласы, олардың жасалу тәсілдері мен үлгілері туралы деректер қоса беріледі.

Барлық сөздіктер (ал Терминологиялық қорды айрықша типтегі автоматтандырылған сөздік ретінде қарастырған жөн) негізгі екі қызметті атқарады — тізбелеу және нормативтік (дескриптивтік және прескриптивтік)¹.

Жалпы терминологиялық қорды ұйымдастыру мен терминологиялық ақпаратты жинаудың бірінші кезеңінде тізбелеу мәселесі - қолданыстағы терминология мен ол туралы әртүрлі дереккөздерде тіркелген ақпаратты барынша сипаттап беру мәселесі елеулі орын алады.

Қазақ терминологиялық қорының мақсаты - ғылыми-техникалық сөйлеу актілерінде тілдік норманы жүзеге асыру болып табылады. Алайда ғылыми-техникалық тілдің барлық элементтерін тізбелеудің негізінде осы норманы алдын ала анықтап алмайынша тілдік норманы жүзеге асыру мүмкін емес.

Қазақ терминологиялық қорының тізбелеу қызметі мынаған бағытталады:

- терминологиялық лексиканы барынша толық қамту және жан-жақты сипаттау;

- терминологиялық лексиканың барлық қолданылу аспектілерін көрсететін алуан түрлі дереккөздерді барынша енгізу;

- терминологиялық жүйелерді жасау мен дамытуға ынталы барлық ұйымдармен қарым-қатынас жасау.

Қазақ терминологиялық қорының тізбелеу қызметі тек ғылыми ынталылықпен ғана емес, сонымен қатар ақпараттық орталықтарды, баспаларды және басқа да ұйымдарды өздері жасаған тілдік құралдарды ұсынуға міндеттейтін ұйымдастырушылық шешімдермен де нығайтылады.

Қазақ терминологиялық қорының нормативтік қызметі, ең алдымен мынандай жағдайларда көрінеді: ол арнаулы тілдік стильдерді белгілі бір деректерге сәйкес лексикалық құрамға енгізе отырып, олардың практикалық тұрғыдан жасалуына қатысады, қазақ терминологиялық қоры бірыңғай, бірегей және жалпымемлекеттік тілдік орган ретінде құрылымданатын болады.

1 Қара., мысалы, нормативтік қызметтерді орындауға бағытталған АСИТО (КСРО), Норматерм (Франция), ТЕРМ (Батыс Берлин) тәрізді деректер қорлары, ал ғылыми-техникалық әдебиеттерді аударуды қамтамасыз ету үшін құрылған Терминологиялық қор тізбелеу сипатына ие. Осыны ескере отырып, термин жүргізу бойынша канадо-квебек мектебінің мамандары қызметі жағынан (лингвистикалық мәртебесі) Терминологиялық қорды үш типке бөлуді ұсынады: 1) нормативтік (тек стандартталған деректер бар); 2) ақпараттық (бағалау сипаттамалары қоса берілетін стандартталмаған деректер бар); 3) сипаттамалық (бағалау сипаттамасы жоқ деректердің барлық разрядтары бар).

Қазақ терминологиялық қоры ғылыми-техникалық қарым-қатынас саласындағы тілдік қолданысты анықтай отырып, тілдің барлық стильдері мен салаларына жаппай ықпал етеді. Бұл ықпал жалпытілдік норманы тұрақтандыру және дамыту бағытында болуы тиіс. Сондықтан да нормативтік қызмет саналы түрде терминологиялық қор жасаудың мақсаты ретінде қойылады. Оның аясына қазіргі таңда жеке-жеке қолданылатын төрт нормалаушы (қалыптандырушы) ағым біріктірілген:

- мемстандарт басылымдарында бекітілген терминдер мен анықтамалар стандарттары бойынша ғылыми-техникалық терминологияны стандарттау;

- мемтерминком бюллетеньдерінде көрсетілген ұсыныстар бойынша ғылыми терминологияны нормалау;

- сәтті терминдер (дескрипторлар) мен сәтсіз терминдерді (аскрипторлар) бөліп алуға қатысты ақпараттық-іздеу тілінің лексикалық бірліктерін ажырату;

- белгілі бір терминді қолдану жөніндегі эпизодтық жарияланымдар мен ұсыныстарда көрсетілгендей тіл мәдениеті мамандарының жеке күш-жігерін салуы.

Осы топтар негізіне алынған бағыттар терминологиялық қорға енгізілген әр терминнің арнайы сипаттамаларында беріледі.

Нормалаушы қызмет лексикалық қорды жинақтау және құрылымдау барысында, сол сияқты одан кейінгі деңгейлерінде де көрінеді. Оның мәні терминологияның біркелкі сипатталуына деген талпыныс болып табылады, нақты айтқанда:

- лексикалық қордың құрамын анықтау және олардың бірізді болу тәртібін ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты ұйымдастыру біркелкілігі;

- терминологиялық ақпаратты құрылымдық ұйымдастыру үшін бірыңғай жіктеу жүйесін немесе үйлес жіктемелік құралдар жиынтығын пайдалану.

Бұл соңғы өзекті мәселеге ерекше назар аударған жөн, себебі ол үлестірілген терминологиялық қор желісінің немесе жекелеген терминологиялық қор қатысушыларының арасында ақпарат алмасудың біріздендірілген пішімін орнату мәселесімен қатар, қазақ терминологиялық қоры мен өзге де терминологиялық қорлардың және автоматтандырылған жүйелердің, сондай-ақ ұйымдардың арасында — қазақ терминологиялық қоры желісінің мүшелері арасында терминологиялық деректер алмасуды қамтамасыз ету құралдарын жасап шығарумен де тығыз байланысты. Бұл мәселенің күрделілігі мынада болып отыр, қазіргі кезде қолданыстағы ақпарат жіктемесінің бірде — біреуі әмбебап тақырыпты қамту лексикасын сипаттаудағы қолданыстық тәжірибесі еш қанағаттандырмайды. Сол себепті қазақ терминологиялық қорын құру бойынша жұмыстар кешенінде бірыңғай жұмыстық жіктеменің жоғарғы деңгейін жасауды және

терминологияны ұғымдық жіктеуде қолданылатын құралдардың үйлесімділігін қамтамасыз етуді ескерген жөн.

Болашақта терминологиялық қор қарым-қатынастардың барлық түрлерін терминологиялық ақпаратпен қамтамасыз ететін болады. Мұнда практикада қолдану үшін ғылыми-техникалық терминдерді семантикалаудың компьютерлік жүйесін жасау және енгізу міндеті алдыңғы орынға шығады. Бұл міндетке және бір анағұрлым дәстүрлі міндет қосылады, ол — осы семантикаланған бар терминдерді адамға барынша «ақпараттық ыңғайлылық» жасау мақсатында тікелей пайдалануға ұсыну. Мұнда терминологиялық қордан алынған деректер жоғарыда аталып өткен бағыттарда қолданылады. Кез келген пайдаланушыларға қызмет көрсететін тұрпаттарға қатысты төмендегі жағдайларды айтар едік:

- деректер қорына телеқолжетерлік тәртіпте орындалатын жекелеген терминдер бойынша анықтамалар, бұл жерде жазысу және телефон арқылы алынған анықтамалар да қоса ескеріледі;

- терминдердің жекелеген тақырыптық салалары немесе санаттары бойынша алуан түрлі терминологиялық сөздіктердің басылымдары (анықтамаларды, стандартталған терминологияны, аударма сөздіктерді, тезаурустарды қоса алғанда);

- қазақ тілі терминологиялық лексикасының жай-күйі және қолданылуы жөнінде ғылыми есептер мен шолулар дайындау.

Қазақ терминологиялық қорының ұйымдық құрылымы. Жобаланып отырған қазақ терминологиялық қорының қазақ тілінің арнаулы лексикасын барынша қамту және сипаттау қажеттігі барысындағы оны жасау, дамыту және пайдалану жұмыстарына көптеген қоса орындаушы — ұйымдарды тарту қажеттігі туындайды.

Шетелдік терминологиялық деректер қорын жасау және қолдану тәжірибесіне жасалған талдау бұл қорлардың арнаулы терминологиялық қызметтерде қолданылып отырған терминологиялық қабаттардың негізінде жасалғандығын көрсетеді және оларды төмендегідей негізгі типтерге бөлуге болады:

- терминологиялық лексикографияға бағытталған терминологиялық орталықтар;

- ірі фирмалардың, мемлекеттік және халықаралық ұйымдардың аударма қызметтері;

- стандарттау қызметтері.

Қызметтер шетелдік терминологиялық қорлардың типологиясына да сәйкестендіре бағытталуы тиіс, оларды былайша топтастыруға болады: лексикографиялық, аудармашылық, нормативтік, зерттеу.

Аталған барлық типтердегі терминологиялық деректер қорлары көптақырыпты болып табылады. Шетелдік терминдер қорларының арасында қазіргі кезде салалық принцип бойынша ара-жігі ажыратылған қорлар жоқ, олар нақты міндеттердің шешілуін қамтамасыз етуге тиісті қызметтердің бағыт-бағдары, сонымен қатар өңделетін

терминологиялық ақпараттың сипатымен анықталатын маманданулар арқылы ерекшеленеді.

Шетелде салалық, әсіресе салаішілік терминдер қорларының болмауы бағдарламалық құралдарды, есептеу техникасын, терминологиялық деректер қорын жасап, оларды жұмыстық күйінде ұстай білу, жүйені пайдалану құнының аса жоғары болуымен түсіндіріледі.

Терминдік қор жасау мен пайдалану құнының жоғары болуы оларды, атап айтқанда, тиісті техникалармен, терминологиялық деректердің басым үлес салмағымен, деректерді дайындап, енгізуге және жүйелерді әртүрлі тәртіпте пайдалануға арнайы дайындалған қызметкерлермен жарақталған ірі орталықтарда құрудың басты себептерінің бірі болып табылады.

Терминдік қорлардың көптақырыптылығы олардың анағұрлым ауқымдырақ қолданылуын қамтамасыз етеді.

Біздің елімізде терминдік қор құру әлі де кеңінен қолданылмай отырғандығына орай қазақ терминологиялық деректер қорын жобалаған кезде жинақталған шетелдік тәжірибені пайдаланған жөн. Алайда бұл жерде еліміздегі ғылымның, экономиканың, өнеркәсіптің, ақпараттың ұйымдастырылу ерекшелігін, сонымен қатар көптеген ұйымдардың толық шаруашылық есепке көшуге және өзін-өзі өтеуге бағытталуын ескеру қажет. Жаңа көптеген терминологиялық қорлар құруда соңғы үрдістің белгілі бір қиындықтар туғызуы мүмкін, өйткені оларды құру және қолданысқа енгізу қомақты шығынды қажет етеді, ал олар тек 3-5 жылдан кейін, яғни осы жүйелер өнеркәсіпте пайдалана бастаған соң ғана өтемін қайтарады [2. 19].

Сондықтан қазақ терминологиялық деректер қорының ұйымдық-функционалдық құрылымын жобалаған кезде қолдағы бар терминологиялық деректерді, арнайы дайындалған тиісті мамандармен қамтамасыз етілуін, ұйымдарда есептеу техникасы құралдарының болуын ескеру қажет. Осы факторларды ескерген жағдайда ғана қазақ терминологиялық қорының жалпы типологиясы негізінен шетелдік жүйеге барабар болады.

Терминологиялық деректер қорының техникалық жағынан қамсыздандырылуы ҒТА орталықтары, оқу және ғылыми-зерттеу мекемелерінің көпшілігінде қолданылатын есептеу техникасы құралдарын пайдалануға негізделуі тиіс.

ТДҚ қызметі Мемлекеттік терминологиялық комиссия, Мемстандарт және басқа да министрліктер мен ведомстволар, ұйымдар деңгейінде бекітілген құжаттар негізінде ұйымдастырылуы қажет, бұл аталған ұйымдар мынандай жұмыстарға қатысады:

- ҚТДҚ (қазақ терминологиялық деректер қоры) туралы ереже (ҚТДҚ негіздері);
- мамандандырылған ТДҚ туралы типтік ереже;
- мақсатты түрде қаржыландырылатын ұзақмерзімдік, бесжылдық және жылдық жоспарлар;

- терминологиялық ақпаратты әртүрлі тасымалдағыштарда және байланыс арналары бойынша айырбастау тәртібі.

Мұнымен қатар әдістемелік құжаттама жиынтығына типтік әдістемелер мен нұсқаулықтар, сол сияқты желі қатысушыларының өзара міндеттерін ретке келтіретін құжаттар қамтылуы тиіс.

Осылайша, ТДҚ-ның жинақталуы әр жерде — ҚТДҚ-да, бүкілодақтық, республикалық, салалық, салааралық және аумақтық ұйымдарда бір мезгілде жүзеге асырылады.

Адами білім дамуының әр кезеңінде, әр дәуірде кез келген ғылым-да қолданылатын жалпығылыми және жалпытехникалық ұғымдардың белгілі бір мөлшері көрініс береді. Оларға әдістемелік ғылымдардың — философия, жалпы жүйелер теориясы, кибернетика, ақпараттану және т.б. - жалпы ұғымдары жанасады; бұл ғылымдар ұғымдарының кейбір бөлігі жалпы ұғымдар тәрізді білімнің алуан түрлі саласында қолданыла береді (мысалы, *ақпарат*, *элемент*). Бұл жерде мынаны ескеру қажет, мұндағы басты нәрсе жалпығылыми (жалпытехникалық) және салааралық ұғымдардың бірқатар білім салаларында қолданылып отырғандығы емес. Мәселе әр түрлі салада қолданылуына мүмкіндік беретін олардың ортақ мән-мағынасы болғандығында, көп жағдайда ортақ мән-мағынасына нақты белгілер үстейтіндігінде болып отыр.² Мысал ретінде жалпығылыми әдіс терминін келтіруге болады, *аналитикалық әдіс* — салааралық термин болса, *математикалық әдіс* — нақты ғылыми термин, (сал.: сондай-ақ салааралық *кластер* термині — ағылшын сөзі, кіші бөлшектердің шағын шоғыры, бумасыдегенді білдіреді, ол физикада, химияда, астрономияда, биологияда, әлеуметтануда, жалпы жүйелер теориясында, сонымен қатар ғылымтану мен ақпараттануда да қолданылады).

Білім мен іс-әрекеттің әрбір саласында жалпы әртүрлі деңгейдегі — ең ірі топтардан бастап, ең кіші түрлерге дейін — арнайы ұғымдар, сонымен қатар осы топтарды қарастыру аспектілерін көрсететін ұғымдар да бар. Ұғымның осы екі типі түрлік және аспектілік деп аталады; мысал ретінде геология терминін келтіруге болады, *субдельта* (дельта ұғымына қатысты түрлік ұғым), *мұнай геохимиясы*, *мұнай қорлары* (аспектілік ұғымдар).

Әкімшілік-саяси салада әскери терминдер жиі ұшырасады. Олардың бір бөлігі техникалық терминдерге, екіншісі — экономикалық терминдерге, үшіншісі — ғылыми терминдерге жақындайтыны рас. Әскери терминдер - ұштас салалар терминдерінің типтік үлгісі. Солар арқылы терминдердің арасындағы шегара өте шиеленісті екендігін көрсетуге болады. Техника ғылымдарының көптеген терминдері бір мезгілде техникалық терминдер болып саналса (*илеу*, *жасыту*, *күйдіру* және т.б.), ал құжаттанудың көптеген терминдері іс қағаздарының

2 Болашақта ТДҚ өзіне халықтық колөнер және кәсіпшілік терминологиясын камту мүмкіндігін ескеру қажет, сонымен қатар, мысалы, спорт, филателия, әдет-ғұрып, бала ойындары және т.б. тәрізді адам іс-әрекетінің арнайы салаларын да.

терминологиясында да кездеседі (*кесім, мұрағат*). Дей тұрғанмен аталу нысанына қарай терминдерді жіктеу аса маңызды; ол белгілі бір кезеңдегі қоғамдық құрылым дамығыштығының және ғылымның деңгейін көрсетеді.

Әлеуметтік-саяси салаға қоғамдық ғылымдар терминдерінен басқа (саяси экономия, әлеуметтану, этнография) қоғамдық-саяси лексика да жатады. Қоғамдық ғылымдар терминдері мен қоғамдық-саяси лексиканы бір-бірінен қатаң түрде бөліп алу, әсіресе, ақпараттық тілдерді құру үшін маңызды болып табылады. Тұтастай алғанда, қоғамдық-саяси лексика қазақ терминологиялық қорында көрініс табуы қажет.

Жекелеген білім салаларының ішінде аталу нысанына қарай терминдердің жіктелуі олардың мүмкіндігінше толық жіктелуі болып табылады.

Терминдердің үшінші мазмұндық жіктелімі — термин арқылы ұғынылатын ұғымның логикалық категориясы бойынша болып табылады. Мұнда заттар мен нәрселерге (*сүтпен қоректенушілер*), үдерістерге (*көбейту, іс қағаздары, компрессия*), белгілері мен қасиеттеріне (*суыққа шытынағыштық*), шамасы мен олардың бірліктеріне (*ток күші, ампер*) қатысты терминдер бөлініп шығады.

Терминдердің лингвистикалық жіктелімі белгілі бір тілдің сөздері немесе сөз тіркестері ретіндегі терминдердің белгілеріне негізделген.

Мағыналық (семантикалық) құрылымы бойынша жіктеу бірмағыналы терминдерді (*шунттау, сомын, хромосома*) және көпмағыналы терминдерді, яғни бір терминдік жүйе шеңберінде екі немесе одан да көп мағынаға ие болатын терминдерді (*сот — 1. судья мен заседательдер жиынтығы; 2. сот отырысы; 3. сот ғимараты*) бөліп алуға мүмкіндік береді. Семантика тұрғысынан алғанда еркін тіркесті (*муфель пеші, тұрғылықты орнынан анықтама*) және тұрақты (оның ішінде фразеологиялық) тіркесті терминдер (*бүкіләлемдік тартылыс*) бөлініп шығады.

Формальды құрылым бойынша терминдердің жіктелімі өте бөлшектік болып табылады. Ең алдымен, термин-сөздер бөлінеді. Олар, өз кезегінде, түбірлік (*су*), туынды (*бөлгіш, суарғыш*), күрделі (*қоғамтану, биосфера*), күрделіқысқартылған (*Қазмембас, терминком*), сондай-ақ кездейсоқ құрылымдағы сөздер — телескоптық (*магнитола — магнитофон + радиола* сөздерінің бірігуінен), тізбекті құрылымдар (*синтез-газ*) болып бөлінеді.

Ары қарай терминдік сөз тіркестері болып бөлінеді. Мұнда анағұрлым кең тараған құрылым зат есімнің сын есіммен тіркесуі, зат есімнің ілік септігіндегі зат есіммен тіркесуі, зат есімнің қосымша ретіндегі зат есіммен тіркесуі болып табылады. Кейде бес не одан да көп сөзден тұратын терминдер де кездеседі.

Терминдердің формальды құрылымында бірсөзді терминдер мен көпсөзді терминдердің қысқартылуы тән құбылыс болып

табылады. Қысқарған сөздердің көптеген түрлері кездеседі: әріптік (п.э.к.), дыбыстық (ЖАК), буындық (облатком), сөз тәріздес (сигран-синтетикалық гранит сөзінен), сөзбен толық сәйкес келетін (ГАЗ – Горький автомобиль зауыты); бұдан басқа сөз бен қысқарған сөздер тіркестері (МГД – генератор – магнитогидродинамикалық генератор).

Уәжділігі/уәждеделмегендігі бойынша жіктелім мағыналары олардың құрылымымен түсіндірілетін немесе түсіндірілмейтін терминдер бар екендігін көрсетеді. Бұл жағынан алғанда, толық уәждеделген (газ құбыры), ішінара уәждеделген (Паркинсон ауруы), толық уәждеделмеген (ромб), сондай-ақ жалғануәждеделген (найзағай бұрғыш) терминдер бар.

Негізгі дереккөздік тілге қарай терминдер байырғы (орда, жасақ, сарбаз), кірме (дисплей – ағылшын сөзі; квершлаг – неміс сөзі), аралас (металтану, автобасқару) болып бөлінеді.

Ғылым және техника саласында міндетті түрде нормалануы тиіс болып табылатын терминдер бар: мысалы, радиожилік терминдері халықаралық деңгейде нормаланған, себебі бұл теңізде жүзушілердің, авиаторлардың және тағы басқалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Әдетте, бұл терминдер халықаралық болып табылады, олардың семантикасы халықаралық ұйымдардың шешімдерімен нормаланады.

Анықтама (дефиниция) – термин семантикасын ашудың аса маңызды құралы. Сөздікте анықтама сөздік мақаланың алғашқы сөйлемін білдіреді. Ол терминнің семантикалық басым белгілерін көрсетеді де, әдетте стандартты үлгілер бойынша түзіледі (сал., тектік-түрлік анықтамалар, партитивтік анықтамалар, операциялық анықтамалар және т.б.). Жарияланған сөздік-дереккөздердегі анықтамаларды дәл сол күйінде беру керек. Мәселен, құрастыру бірлігі- құрастыру операциялары арқылы өзара біріктірілген бірнеше бөліктерден (бөлшектерден) тұратын бұйым; склерометр- металдар мен әр түрлі кристалдардың қаттылығын (беріктігін) өлшейтін құрал; судың ауытқуы- судың өзге материалдардан физикалық қасиеттері бойынша ауытқуы; акцент- дыбысты немесе дыбыстар кешенін (аккордты) ерекшелеу, айырықша айту арқылы көрсету және т.б.

Оқу құралдары және ғылыми әдебиеттер тәрізді дереккөздерді пайдаланғанда мәтіндегі анықтаманың сөздіктегі анықтамадан ерекшеленетіндігін ескерген жөн. Мәтіндегі анықтама құрылымы, тілі, терминге телу тәсілі жағынан алуан түрлі болып келеді. Сондықтан да мұндай анықтамаларды ҚТДҚБ-ына енгізу кезінде бірқатар сарапшылық өңдеулер қажет болады.

Мысалы, тойтармалы біріктірілім - тойтармалар арқылы іске асырылатын ажырамас біріктірілім. Мұны оқу құралының мәтіндегі анықтамамен салыстырып көрелік.

тойтармалы біріктірілімдер – тойтармалар арқылы іске асырылатын біріктірілімдер ажырамас біріктірілімдер санатына жатады...

Кейбір жағдайларда жарияланған дереккөздердегі анықтамалардан өзгешелеу етіп беру немесе осы кезге дейін ешбір анықтамасы берілмеген терминді анықтау қажеттілігі туындайды. Мысалы, *тақырыптық айдар*- құжат тақырыбының берілуі; *таңба денотаты*- таңбамен белгіленген нақты зат, дерек немесе қарым-қатынас және т.б.

Бір терминнің қолданыстағы анықтамасын өзге терминдерден тәуелсіз жағдайда нақтылауға тырысуда абай болған жөн; бір жағынан жақсартудың нәтижесі екінші жағынан күрт төмендетуі мүмкін, осының әсерінен терминологияның бүкіл семантикалық жүйесі бұрмаланады. Сондықтан белгілі анықтамаларды сәл ғана өзгертудің өзі, сол сияқты осы кезге дейін анықталмаған терминдерді анықтау белгілі бір салалық анықтамалардың тұтас жүйесін ескере отырып, аса ыждағаттылықпен жүргізілуі тиіс.

Қазақ тіл білімінде ғылыми-теориялық бірқатар зерттеу еңбектері жарық көргенімен, әдістемелік жағынан басшылыққа алуға болатын, терминологияның практикалық жұмыстарын жүргізуге арналған еңбектер әлі де аз деуге болады. Тілші-терминолог ғалымдардың бұл мәселеге назар аударып, аталған олқылықтың орнын толтыру қажеттігі жөнінде түрлі сала мамандары тарапынан сан мәрте мәселе көтерілді, сын пікірлер де айтылды. Мемтерминком жұмысын үйлестіруде, өзге де терминологиялық жұмыстарға араласу барысында басшылыққа алатын ғылыми-әдістемелік құралдардың аса қажет екендігіне өзіміз де сан мәрте көз жеткіздік. Сондықтан да аталған олқылықтың орнын толтыруға септігімізді тигізу міндетіміз деп санай отырып, терминологиялық жұмыстарды жүргізуге қатысы бар барлық сала мамандарына, терминдер сөздігін түзушілерге, жалпы термин мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымға арналған осы еңбек ұсынылып отыр [1. 5].

Әдебиеттер

1. Ш.Құрманбайұлы. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. Алматы. 2005 ж.

2. Лингвистическая концепция терминологического банка данных машинного фонда русского языка (проект). Под ред. Проф. А.С.Герда. Москва. 1989.

3. Самбуrowa Г.Г. О нормативности как цели терминологической работы // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983.

4. Сифоров В.И., Канделаки Т.Л. Методологические аспекты терминологической работы (Из опыта Комитета научно-технической работы) // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. А., 1983.



Бердібек БИЯРОВ
С.Аманжолов атындағы ШҚМУ
қауымдастырылған профессоры,
филология ғылымдарының кандидаты

Кейбір макропонимдердің этимологиялары

Тіліміздегі барлық сөздің, жалқы есімнің өз тарихы, өз этномәдени мазмұны бар. Күнделікті өмірде біз сөзді, жалқы есімді қолданғанда, кәдімгі тілдік таңба ретінде қабылдаймыз да, оның тарихын, этимологиясын елеп-ескере бермейміз. Көптеген ғалымдардың жалқы есімді «жай ғана таңба» деп бағалауы, кумулятивтік қабілетіне назар аудармауы, осы ажыратушы, бағыт-бағдар беруші қызметіне қарап айтылған пікірлер болып табылады.

Жаратылысынан уәжденбеген сөз немесе атау болмайды. Тек кейбір атаулардың уәжі(мотиви), аталу себебі (этиологиясы) уақыт өту барысында көмескіленіп, өшіп кетеді. Ал ол мағына уәжге, уәж атау берілген нысанның ерекше бір белгісін анықтауға алып келеді. Ендеше сөздің этимологиясын іздеу, сайып келгенде, дүниедегі зат пен құбылысты зерттеу болып шығады. Бұл жағынан келгенде, тіл біліміндегі «Сөздер мен заттар» мектебінің ұстанған бағыттары дұрыс екенін мойындамасқа болмайды.

Жекелеген бір атау археологиялық қазбадан табылған сирек экспонат, артефакт болып есептелетіндіктен, жер-су аттары аялап

сақтауды қажет етеді. Топонимдерді реттеу барысында, атауларды ауыстыру кезінде тарихи топонимдерге ерекше мән беру керектігі осыдан келіп шығады. Байырғы атаулардың құндылығы да сонда, оларды қандай атақты адамның атына, қандай әдемі сөзге де айырбастауға болмайды.

Мақаламызда әртүрлі пікірлер туғызып жүрген кейбір макротопонимдердің этимологияларына қысқаша шолу жасауды мақсат еттік.

АЛТАЙ - таулы қырат, Шығыс Қазақстан облысы. Түркілердің атамекені болған көне Алтай қазір Орыс Алтайы, Моңғол Алтайы, Қазақ Алтайы деп бөлініп кеткен. Алтайдың үштен бірі ғана Қазақстанның үлесінде. Қазақ Алтайы өз ішінде Өр Алтай, Кеңді Алтай болып Ертіс өзені арқылы екіге бөлінеді. Оларды Қалба жотасы жалғастырып тұр. Алтай оронимі (тау аты) туралы көптеген пікір бар. Мәселен, В.В.Радлов *ал* (биік) + *тайга* (орманды тау) деген сөздерден шығарса, Э.М.Мурзаев, В.А.Никоновтар «ала тау» мағынасымен байланыстырады. М.Рясянен *ал* + *той* «алып тау» десе, Е.Жанпейісов *ал* сөзі «үздіксіз, тізбектелген» мағынасын береді дейді. Ғалымдардың көпшілігі бұл атаудың негізінде *алтын* сөзінің жатқанын мойындайды (Б.Я.Владимирцов, Э.В.Севортян, Г.Дерфер, Г.Рамстедт, Г.Вамбери, А.Щербак, А.Әбдірахманов, Ф.Қоңқашпаев, Т.Жанұзақов, т.б.). Оның ішінде Ф.Қоңқашпаевтың келтірген дерегі дұрыс деп есептейміз. Моңғ. *алт* (алтын) + *тай* (туынды сын есім жұрнағы), сонда *Алттай* > *Алтай* «алтынды» болып шығады. Біздің қосарымыз академик В.В.Бартольдтың «Алтай оронимі кейін шыққан тәрізді» деген пікіріне сүйеніп, Алтай атауының көне түркі тілінен монғол тіліне аударылған атау екенін ескерту. Өйткені, Орхон жазбаларында Алтын йыш (732-735жж.), Қытайдың «Таншу» жылнамасында Алтынтағ (647ж), Моңғолдың «Құпия шежіресінде» Алтынтау (XIII ғасырдан бері) түрінде көрсетіледі де, Алтай атауы кездеспейді. Түркілік атауды монғолдар жаулап алғаннан кейін, өз тілдеріне аударып атаған тәрізді. Ал мағынасы сақталып қалған. Жаулап, отарлап алған елдердің тілі келмегендіктен, немесе әдейі саясатпен жер-су аттарын өзгертуі тарихта бар оқиға.

АРЫС – Оңтүстік Қазақстандағы өзен. *Арыс* гидронимін С.П.Толстов, А.Н.Бернштам көне *арси* этнонимімен салыстырады. В.Н. Попова атаудың бірінші сыңары үндіевропа тіліндегі *ар* «су», «өзен» мағынасын беретін сөз дейді де, екінші сыңары *ас* «су», «өзен» мәніндегі кең тараған гидроформант дейді [1; 66]. Ә. Байбатша *арыс* сақ тайпаларының бірінің аты екенін айтады [2; 42]. Б.А. Байтанаев ортағасырда осы өзен бойында салынған *Арсубаникет* қаласының атындағы *ас* сыңары түрк. *суб* болып калькаланатынын айтады (*ар* + *су*). Сонымен бірге XIV-XVI ғасырларда *Арсубаникет* *Қарасман* (*Қараспан*) аталғанын және А.М.Щербактың *Арас*, *Арсу*, *Һарас* > *Карас* нұсқалары болған деген пікірін келтіреді [1; 66].

Зерттеушілердің барлығы *Арыс* гидронимінің екі сыңары да «су», «өзен» мағынасын беретінін мойындайды, бірақ екі сыңары да бірдей мәнде тұратын топонимдер күдік тудырады. Біздің ойымызша, атаудың бірінші сыңары *ар* көне түркі тіліндегі «таза», «мөддір» мағынасында тұр «ару, аршу сөздері секілді» [3; 171]. Ал екінші сыңары *ыс/іс/с* фин-угор, түркі тілдерінде «су» мағынасын беретіні дәлелді. Сонда *Арыс* «таза, мөддір су» мәнді гидроним болғаны. Кейінгі атауы *Қарасман* < *Қарас* та бұл пікірді нығайта түседі, өйткені қаз. *қара* «таза, мөддір» + *ас* «су» екені белгілі. Қарасу аталған өзендердің барлығы дерлік мөддір сулы болып келетіні біздің алдыңғы зерттеулерімізде дәлелденген еді [4; 94]. Арыстың басқы ағысы, тіпті болмағанда Ақсу өзені құятын жерге дейін, таза болуға тиіс, өйткені Ақсу атты өзендердің көбінесе лайлы болып келетіні тағы рас.

БЕРЕЛ - өзен; е.м. ШҚО, Катонқарағай ауд. Күні бүгінге дейін Берел топонимі туралы «бергі ел» мағынасында-мыс деген халықтық этимологиядан басқа ғылыми болжам не нақты пікір айтылмай келеді.

Мағынасын ашу қиынға соғатын *Берел* гидрониміне біз профессор Г.Шухардттың «заттан сөзге қарай» деген принципіне сүйеніп, географиялық нысаннан (өзеннің өзінен) бастап бардық. Берел өзені басын Мұзтаудан алып, Бұқтырма өзеніне құятын шағын тау өзені. Оның көзге бірден түсетін басты ерекшелігі – суының, әсіресе жазда, сүттей ақ болып ағуы. Суға ақ түс беретін Мұзтаудың ақ балшығы екені анықталған. Түсіне қарап жергілікті тұрғындар Ақбұлқақ деп атайды: Ақбұлқақ < Ақбұлғақ «Бұқтырманың мөддір суын ақ түске айналдырып, бұлғайтын, лайлайтын өзен» мағынасында қолданады. Саяхатшы-ғалымдар Белая Берель түрінде картаға түсірген.

Атау беруші (қай тілде болса да) өзеннің бұл ерекшелігін байқамауы мүмкін емес. Осы ойдан келгенде, Мұзтау атауын берген сақтар не ғұндар, не түріктер *бор* (*боз*) «ақ, сұр» анықтауышын пайдаланған да, *Борел* (мұндағы *ел*, *ыл*, *іл* өте көне дәуірде «өзен», «су» гидротермині болған: Елек, Іле, Ойыл, Қиыл т.б.) атауын жасаған секілді. *Борел* түркі тілдеріне тән үндестік заңына байланысты кейінді ықпалға ұшырап, *Борел* > *Бөрел* > *Берел* тұлғасын қабылдайды. Сонымен *Берел* «ақ, сұр түсті су, өзен» мағынасында тұр деуге негіз бар. Ал түркілердің ұрпағы қазақтар көне атау *Берелдің* мәнін ұқпаған соң, кейін атаудың уәжін сақтай отырып, Ақбұлқақ деп қайыра ат берген сыңайлы.

ЕРТІС - өзен. ШҚО, Павлодар обл. Ертіс гидронимі туралы ертелікеш айтылған пікірлердің ұзын-ырғасы мынадай:

1. М.Қашқари (ХІ ғ.): «Ертішті – бәсекелесіп өтісті; бәстесіп өтісті ... Ертішүр – ертүшмек – Бәске өтісер – бәске өтіспек» деген мағынасын келтіреді. Ғалымдар бұл пікірді халықтық этимология деп тапты.

2. П.П.Семенов-Тянь-Шанский: «Иртыш – қырғыз (қазақ) тілінде *ир* – «жер» + *тыш* (*тіс*) – «қазу» түріндегі сөздерден біріктіреді.

3. В.В.Бартольд: «*Артуш (эртюш)* «адам (ер), төмен түс» мағынасын Гардизидің пікіріне сүйеніп барып айтады.

4. А.П.Дульзон: «Кет. *ир + сес* «өзен + өзен» > *Ирчис* сөзінен өзгерген», - дейді.

5. Э.М. Мурзаев: «Көне түркі. *ир.*; қаз. *иірім*, түрік. *ирмок* «өзен», өзб. *ирмок* «өзеннің сағасы» + кет. *сес*, *шеш* «өзен» сөздерінен жасалған болуы керек дейді.

6. Р.Рамстедт: «*Ертіс* — «қатал, ашулы, тасқынды», - мәнінде тұр деген көзқарасты келтіреді.

7. А.Әбдірахманов «Түрік. *ир* > *ер* «иір» + кет.*сес//шеш//тес//тыш* «өзен, су» > *Ертіс*, яғни «иір өзен», - деп шешеді.

8. А.К.Матвеев, В.И.Попова т.б.: «*Ар//ер* «су, өзен» + *тыш // тіс, сес, ас, ес* «су, өзен» тұлғаларынан біріккен дейді.

9. Т.Жанұзақ: «*јер* «жер» + *тіс* < *іс* «өзен», яғни *Ертіс* «жер суы», «жерден шыққан өзен» мағынасын беріп, Қарасу атауына сәйкес келеді», деп шешеді.

Келтірілген болжам-пікірлердің бәрін де құптай отырып, олардағы негізгі мәселе *Ертіс* атауының құрамындағы «т» дыбысында тұрғанын байқау қиын емес. Барлық келтірілген анықтамаларда «т» екінші сыңарға таңылып отырады: *тыш//тіс*. Ал көне түркі, бірқатар үндіевропа елдерінде «өзен, су» мәнін беретін көне тұлға *ас/ес, ыс/іс*, *с* болса керек еді. Тағы бір қателік мынада: ғалымдар өзеннің орысша аты *Иртыш*-тан бастап талдайды да, ең басынан қателеседі. Өзен ежелгі заманнан *Ертіс* деп аталатынын естен шығарады.

Біздің болжам-пікіріміз бойынша, *Ертіс* атауы өте көне гидроним болғандықтан (профессор Т.Жанұзақтың айтуынша, *Ертіс* атауына кем дегенде екі мың жылдан асады), бір буынды үш сөзден тұрады. Атап айтқанда, *Ер + іт + іс* > *Ертіс*. Мұндағы *ер* түбірі көне түркі. *ериш/еріс* Э.В.Севортян сөздігінде «основа ткани», «горизонтальные жерди, вставляемые между вертикальными стойками при плетенки стен амбара» сөзінде кездеседі. С.Аманжоловтың монографиясында: «*Еріс (иіріс)*: арқау (основа в ткани). Ильм., 58» түрінде түсінік беріледі [5;478]. Бұл сілтемелерден көріп отырғанымыздай *ер* синкретті түбірінің тағы бір мағынасы «көлденең» семасын береді екен.

Ал *іт/ыт/өт/үт* «өтетін», «ағатын» етістігін құрайтыны белгілі және *ыс/іс* «су, өзен» сөзі екені де баршаға мәлім. Сонда *Ертіс* < *Ер* «көлденең» + *іт* «өтетін, ағатын» + *іс* «өзен, су» болып шығады, яғни, жинақтап айтқанда, *Ертіс* «көлденең ағатын өзен» деген мәнде тұруы мүмкін.

Атауға негізгі уәж болған оның Алтайға баратын, Алтайдан шығатын құрлықты көлденең кесіп өтуі. Көне түркілер «Алтын тауын асып, *Ертіс* өзенін кешуге» мәжбүр болады. М.Қашқари сөздігінде келтірілген мысалда:

«Ысытатын аптап қапсырды
Үміт артқан адам жауықты.

Ертіс суын кешпекші,

Содан халық сескенді», - деп Ертістен өтуге үлкен мән беріледі [6; 186]. Ұзындығы 4,5 мың километрге жуық, ені 100-120м өзенді кешіп өте алмаған керуендер өзенді бойлап, оның басын (Моңғол Алтайын) айналып өтуге тура келген [7;71].

ҚАЛБА — тау жотасы (1606 м). ШҚО. Қалба оронимінің этимологиясы туралы мынадай үш түрлі пікір келтіруге болады:

1. Қалба — түркі. *қалбағай* «жалпақ»; эвенк. *калбин* «кең», мәнжүр. *кальфан* «жалпақ»; моңғ. *халбағар* «кең», «жалпақ», *халбага* «қасық» сөздерімен ұялас келіп, «жалпақ тасты, аласа тау» мағынасын береді. Таудың өзі де текшеленген, қатталған жалпақ тастардан тұрады.

2. Сонымен бірге, тұңғыс-мәнжүр. *колбо/холбо* «жалғасу», «қосылу»; моңғ. *холбо* «жалғастыру», «байлау»; түркі. *қосу* (В.И.Цинциус //Алтайские этимологии,1984,92-93) сөзінен *Қолба > Қалба* «Өр Алтай мен Батыс (Кенді) Алтайды жалғастырушы, қосатын тау жотасы» мағынасына да келеді.

3. Қалба «*Allium ursinum*, род дикого лука, черемша (Даль, 2,77; Фасмер, 2, 165; Радлов 2,270)» мәнінде орыс тіліне енген түркизм түрінде көрсетіледі [8;154]. Шығыс Түркі тілдерінде қалба «жабайы сарымсақ» сөзі қолданылады.

Қытай жазбаларында ғұндар мекендейтін солтүстіктегі, батыстағы бірнеше тау *Цунлин* «луковый хребет» деп аталатыны және ғұндарды «жабайы тау сарымсағын жейтіндер» деп атағаны кездеседі [9; 204-205]. Сол сарымсақты тау осы Қалба тауы болуы мүмкін.

Бір ғажабы бұл үш этимология да Қалба тау жотасының негізгі үш түрлі ерекшелігін дәл басып көрсетіп тұр. Бірақ қайсысы атау болып бізге жеткенін анықтау қиын, өйткені Қалба тауының жалпақ тасты болып келетіні, оның Өр Алтай мен Батыс Алтайды жалғап жатқаны, тауда жабайы сарымсақ пен рауағаштың қалың өсетіні де ақиқатшындық.

Топонимжасам тарихында осындай жұмбақ жағдайлар да кездесіп тұрады.

МАҢҒЫСТАУ — түбек. Каспий теңізі. Маңғыстау топонимі туралы бүгінге дейінгі айтылып келген пікірлер мыналар:

1. М.Қашқари сөздігінде *Маңқышлақ* тұлғасында берілген, бірақ мәні түсіндірілмеген [2;147]. Түркімен тіліндегі *қышлақ* қазақша *қыстақ = қыстау* болып өзгертіні белгілі.

2. А.Вамбери: ман «мың» + қыстақ, яғни Мыңқыстақ деген мағына шығарады [2;147].

3. Ғ.Мұсабаев: ман «қой» + қыстақ, яғни Қой қыстауы деген сөздерден жасалған деді.

4. А.Әбдірахманов: маңғыш/маңғыс «жыртқыш жануар аты» + лақ «көне жұрнақ» деп тұжырым жасады.

5. А.А.Семенов: минк «этноним» + кишлақ, яғни Минктер қышлағы деген пікір ұсынды.

6. С.Атаниязов: маң «бекініс» + қышлақ «тұрақ», яғни Бекіністі тұрақ деп қорытынды жасады.

7. Ә.Нұрмағамбетов: маңғыс «көкқасқа шегіртке» + тау, яғни Шегірткетәу болуы мүмкін деді.

8. Т.Жанұзақ: ман иран тілінде «тұрақ, аялдама жер» + қыстақ, яғни Тұрғынқыстақ деуге келеді дейді [2;148].

Біздің ойымызша, атаудың екінші сыңары түсінікті: қышлақ>қыстақ>қыстау. Ал бірінші сыңары *ман* қазақтың *маң* «маңай» сөзі екені көзге де, көңілге де ұрып тұр. Ендеше Маңғышлақ>Маңқыстау>Маңғыстау атауының этимологиясы «теңіздің маңындағы қыстау» деген қарапайым мағына береді. Ертедегі адамдар атау жасауға қарапайым сөздерді қолданған, ал, біз, оны өзіміз күрделендіріп алып, дәл мағынасынан қиыс кетіп жатамыз. Келесі атау да бұл сөзімізге дәлел бола алады.

МАРҚАКӨЛ - көл, ШҚО. Халық аузындағы бір аңыз көл орнындағы бір аңғарға қап-қара марқа қозы түсіп кетіп, соны шығарып алғаннан кейін, орнында аяқ астынан үлкен көл пайда болыпты-мыс деседі. Сондай-ақ көл атының осылай аталуын жалайыр тайпасының марқа руымен байланыстыру да бар (Е.Қойшыбаев, Т.Жанұзақ). Бұның бәрі шындыққа жанаспайтын жорамалдар. Ғылыми этимология бойынша Алтай тауында қар суынан жиналатын көптеген көлдердің «үлкені, марқасы» деген мағына береді. Салыстырыңыз: марқа қозы. Марқакөл - «үлкен көл» деген атау екені дау туғызбаса керек. Алматы облысындағы Марқатау да осы жолмен жасалып тұрғаны анық.

МҰҒАЛЖАР - тау. Ақтөбе облысы. География ғылымы табиғи нысанды сипаттап, зерттеп беру арқылы, сөз жоқ, тілші-ғалымдарға тілдің аясынан тыс, бірақ аса қажетті мәліметтер береді. Мәселен, тілші *Мұғалжар* оронимінің мағынасын анықтау үшін, ол тауды барып көруі керек, болмаса географиялық сипаттамасына сүйенуі керек. Топонимика кешенді ғылым болғандықтан, тек тілдік тұрғыдан ғана қарастырып, сыртынан тон пішу ғылыми әдіске жатпайды. Сонымен, *Мұғалжар* тауының географиялық сипаты мынадай: «*Мұғалжар* Орал тауының оңтүстігінде, Қазақстан жеріндегі табиғи жалғасы болып табылады. *Мұғалжар* тауының Орал тауынан айырмасы – оның шығыс беткейі *көлбеу* де, батыс беткейі *тік* болып келеді... *Мұғалжар* оңтүстікте *төбелері тегіс аласа қырқаларға* және жеке дара тұрған *Шошқакөл* таулы бұйратына жалғасады. Сарыарқа сияқты *Мұғалжар* да шөгінді және магмалық жыныстардан түзілген *ежелгі* таулы өлке (астын сызған – біз)» [10; 63].

Тілдік тұрғыдан келгенде, атаудың бірінші сыңары «*мұқ/моқ*>*моқал-комалый (тұқыл, мұқыл)*» [3; 238] туынды түбірі «*мұқалған, мүжілген*», «*аласа*» мағыналарын береді. Ал екінші сыңары кәдімгі *жар* (жарқабақ) сөзі тау орографиялық терминін ауыстырып тұр, өйткені таудың шығыс беткейі *көлбеу* де, батыс беткейі *тік* (жарлы) болып келеді.

Сонымен, *Мұғалжар*<*Мұқалжар (Моқолжар)* оронимі «*аласа, мұқыл, мұқыр жар(тау)*» деген ұғым тудырады демекпіз. Атауға уәж

болып тұрған екі белгі бар: бірі — оның мүжілген, ескі тау екені, екіншісі — таудан гөрі жарға ұқсауы.

ОРАЛ — е.м.(қала). БҚО. *Орал* оронимі туралы көптеген көзқарастардың ішінен екеуін екшеп атауға болады: 1) Ф.Қоңқашпаев пен А.Әбдірахманов келтірген *Орал* қаз. «белдік тәрізді орап, оралып жатқан тау» мағынасы. Таудың оңтүстіктен солтүстікке қарай белбеу (белдік) секілді созылып жатуы бұл пікірге негіз болған. 2) Белгілі топонимист-ғалым А.К.Матвеевтің «таудың әуел бастағы аты — *Арал*, оны башқұрттар өзгертіп, өз тіліне бейімдеп айтады» деген тұжырымы [2;156]. Бұл тұжырымның Қазақстандағы Арал теңізіне қатысы жоқ, Арал тауы басқа тау жүйелеріне жалғаспайтын, Шығыс Европа жазығы мен Батыс Сібір жазығын бөліп жатқан, арал тәрізді жеке тау болған соң, түркілер *Аралтау* атап кетуі мүмкін (арал сөзі тек суға қатысты айтылмайтыны мәлім. М.: Аралтоғай). Аралтауды башқұрттар *Оралтау/Оралтау* түрінде бұрмалап атайды, өйткені башқұрт тілінде *а* дыбысын *о* түрінде айту құбылысы бар. Осы, соңғы пікір, шындыққа жанасады.

СОЗАҚ — е.м. ОҚО, Созақ ауд. Созақ көне қалалар қатарына жатады. Оның нақты этимологиясы ашылған жоқ. Көптеген ғалымдар «су сақтары» дегенге икемдеп, этнотопоним ретінде таниды. Алайда бұл жерде айта қаларлықтай үлкен су жоқ болғандықтан, ол пікір теріске шығады.

Т.Жанұзақ оғыздардың парсыларға қойған аты болуы мүмкін екенін келтіреді: *сұғақ > созақ* [2;174].

Созақ топонимі туралы тағы екі түрлі болжам айтуға болады: 1) В.В.Радловтың сөздігінде кездесетін «түрк. (шағат.) *сусак* — «ағаш шөміш, ожау» сөзінен жасалуы мүмкін. *Сусак > Созақ* атауы «ойпаң жерлерге» беріледі. Мысалы, ұйғ. *Чугучак > Шәуешек* «ожау, шөміш» ойконимі мәнді сөз болуы да мүмкін. 2) *Созақ < Соз-ақ* «созылған, шалғай орналасқан» мәнінде тұруы да ғажап емес, өйткені Созақ Сыр бойындағы басқа көне қалалардан шеткері орналасқан.

СЫРДАРИЯ - өзен. ОҚО. *Сырдария* өзенінің көне атауларының бірі *Инжугидронимі* екені тарихтан белгілі. С.Г.Кляшторныйдың айтуынша, бұл өзен көне түркі жазба ескерткіштерінде *Йенчу үгүз* «маржанды (жемчужная) өзен» деп аталса, қытай жазбаларында *Чжень чжухэ* «река истинного жемчуга» деп аталған көрінеді. И.Маркварт осы түрік, қытай тілдеріндегі мағынаны парсылар өзгертпей, *Яқсарт* «истинный жемчуг» түріне аударып алғанын дәлелдеп шыққан [11;189]. Ал О.О.Сүлейменов славян тілдеріне енген түркі сөздерінің қатарына *жемчуг* сөзін де жатқызады. «Өйткені, - дейді ол, - қытай тіліндегі *йенчу* сөзінің нақты этимологиясы болмағандықтан, оның өзі түркі тілінен қабылданған сөз болуы мүмкін» [12;9].

Біздің ойымызша, ертеде негізінен көшпелілер мекендеген Орта Азия мен Қазақстан далаларында қала аз салынғандықтан және көшпелілер қарым-қатынас жасайтын қалалардың дені *Яқсарт* (Сырдария) бойында моншақша тізіліп орналасқандықтан, ол өзенді

түркілер *Інжу* "моншақ, маржан" деп атаған. Сонда *Інжу* гидронимі жай ғана таңба емес, семантикасы бар толыққанды сөз болып шықпай ма?! Топонимнің сөзге жуық болатыны да содан — оны шартты таңба сияқты шексіз ауыстыра беруге келмейді. Сол заттың белгілерімен ғана шектеледі. Мәселен, *Сырдария* гидронимі кейін ол өзеннің сырға, бояуға ұқсас сары түсті суына орай берілді деп жүрміз, алайда осы *сыр* сөзінің өзі көне иран тілінде «інжу», «моншақ, маржан», деген мағына береді деген пікір де жоқ емес (А.Әбдірахманов, Қ.Өмірәлиев).

Қорыта келгенде, топонимика ғылымын құрайтын ұштағанның (тіл, тарих, география) біреуіне, көбінесе тіл біліміне, артықшылық беріліп жүргенімен, қалған екеуін төмендетуге болмайды. Топонимиканың көптеген мәселелері таза тіл білімі тұрғысынан шешіле бермейді, үнемі экстралингвистикалық зерттеулерге жүгінуге тура келеді. Бұл, өз кезегінде, топонимикамен айналысатын адамның тарихты да, географияны да, олардың құрамдас бөліктеріне дейін жақсы меңгеруін талап етеді. Бір ғана топонимнің этимологиясын ашып көрсету барысында үш сала жарыса араласып отырады.

Әдебиеттер

1 Байтанаев Б.А. К этимологии гидронима «Арысь» // Шестая конференция по ономастике. Волгоград, 1989. С. 65-66.

2 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 524 б.

3 Кайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. — Алматы: Арыс, 2005. — 304 стр.

4 Бияров Б.Н. Өр Алтайдың жер-су аттары. Монография. Алматы: Жания-полиграф, 2002. — 180 бет.

5 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Учебное пособие. 2-издание, дополненное. — Алматы: «Санат», 1997. — 608 стр.

6 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): Зтомдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егеубай. Алматы: ХАНТ, 1997. — 1353 бет.

7 Қазақстанның физикалық географиясы. Хрестоматия. Құрастырған: Ә. Бірмағамбетов. — Алматы: Атамұра, 2001. — 144 бет.

8 Шипова Е.Н. Словарь тюркизмов в русском языке. Алма-Ата: Наука, 1976. — 444 бет.

9 Малявкин А.Г. Историческая география Центральной Азии (материалы и исследования). — Новосибирск: Наука, 1981. — 235 стр.

10 Бейсенова Ә., Карпеков Қ. Қазақстанның физикалық географиясы: Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2004. — 256 бет.

11 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. М.: Наука, 1974. — 365 с.

12 Сулейменов О.О. Тюрки в доистории. — Алматы: Атамұра, 2002. — 320 с.



Шынар ҚҰРМАНБАЕВА
С.Аманжолов ат. ШҚМУ профессоры,
педагогика ғылымдарының докторы

Коммуникативтік бағдарлы оқытуда тіл құрғанушінің оқу-танымдық уәжқемесін арттырудың маңызы

Тіл үйретудегі қатысымдық (коммуникативтік) бағытты ұстанған әдіскерлер Е.И.Пассов, А.А.Леонтьев, В.Г.Костомаров, А.Н.Щукин, М.Н.Вятютнев, Г.В.Рогова, Г.А.Китайгородская, И.Зимняя, В.А.Скалкин, Б.А.Лapidус, Н.И.Гез, Э.П.Шубин, И.Л.Бим т.б. бұл әдістің соңғы мақсатты нәтиже — қатысымдық құзыреттілікке жетуде ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екендігін дәлелдеді. Шет тілді меңгертудегі негізгі әрекет - қарым-қатынас үдерісі, сөйлеу қатынасы екендігі белгілі. Сондықтан қазақ тілін үйретуде дүние жүзінің әдістеме ғылымында үлкен жетістіктерге қол жеткізіп жүрген қатысымдық бағдарды ұстану - бүгінгі күннің аса өзекті мәселелерінің бірі.

Қатысымдық бағдарлы оқытуда қолданылатын «қатысымдық әдіс дегеніміз — оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын

тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [1, 127 б.]. «Қатысымдық бағдарлы оқыту алғашқыда тілді жеделдете оқытудың негізгі әдісі ретінде қалыптасты. Ол дайын сөйлемдерді жаттатқызу, тілдік материалды саналы түрде меңгермей, көбінесе ойланбастан қайталауға негізделгенмен, бірте-бірте оқыту мазмұны, әдіс-тәсілдері өзгеріп, толығып отырды» [2, 13 б.].

Тілді қарым-қатынас арқылы оқыту сөйлеуге бағыттап оқытудың тәжірибелік бағдарын айқындайды. Сабақта тіл жайында айтпау керек, сол тілдің өзін қолданысқа түсіру қажет. Яғни, алдымен грамматиканы оқытып, содан сөйлеуге көшу - ең үлкен адасушылықтың белгісі. Ал біздің қазіргі дәстүрлі білім беру саласында осы қателік жіберілуде. Шет тілде сөйлеуге тек қана сөйлеу арқылы, тыңдауға тыңдай отырып, оқуға оқи отырып үйренуге болады. Бәрінен бұрын жаттығулар шынайы қарым-қатынас тудыруға бағытталуы тиіс. Нағыз қарым-қатынас сипаттау, мазмұндау, бір жақты монолог түріндегі айтылымда емес, топ мүшелері түгелдей қатысқан интерактивті полилогқа құрылған тілдесім кезінде жүзеге асады.

Сөйлесім әрекетінің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық жағы болады. Бұл үшеуі сөйлеу үдерісінде өзара тығыз байланысты. Бұдан шығатын қорытынды - сөзді өзінің қолданылу формасынан бөлек игеруге болмайды, сөздер де, сол тәрізді грамматикалық формалар да сөйлесім әрекеті үстінде меңгеріледі. Дәстүрлі аударма-грамматикалық әдісте лингвистикалық негіз бірінші кезекке шығып, тіл үйрету тілді жүйелі және құрылымдық негізіне сүйене отырып оқыту арқылы жүзеге асырылатын болса, қатысымдық бағдарлы оқытуда тіл бірліктері функционалды негізде белгілі бір сөйлеу мақсатында қолданылуына қарай іріктеледі. Яғни, «үйренетін тілдің лексикасын функционалдық тұрғыдан оқытуда ауызша және жазбаша коммуникация процесінде не қызмет етсе, соны және қалай қызмет етсе солай меңгеру жүзеге асады» [3, 36.].

Қатысымдық бағдарлы оқытуда қазақ тілінде тілдік қатынасқа түсу – оқыту үдерісінің үзінді бір көрінісі немесе жай оқу жоспарының әдістемелік кезеңі ғана емес, ол оқу - танымдық үдерісті құрастырудың негізі, алмаспайтын идеясы болуы тиіс. Себебі қазақ тілін қатысымдық деңгейде меңгерту оқыту барысында үздіксіз қарым-қатынас жасау негізінде ғана жүзеге асады. Тіл үйренушінің іскерлік, белсенділік, өзіндік шығармашылығының негізгі факторы – оның мықты оқу уәждемесі, өзіндік терең пайымдауы мен дәлелі. Оқытушы ұйымдастыратын сөйлесім әрекетінің түрлері тіл үйренушінің қатысымдық қажеттілігіне қарай уәждеме туғызуға бағытталуы тиіс.

Тіл – рухани әлем, ал оны меңгеру оған толығымен бойлау арқылы жүзеге асады. Қазақ халқының бай рухани әлемін қолмен ұстау мүмкін емес, суреттеу, мазмұндау жеткіліксіз, оны ұғынып, саналы

сезіну керек. Яғни, үйренетін тілді әркім өзі санасы мен жүрегінен өткізуі, жеке басына қатысты етуі керек. Құбылысты жеке басынан өткеру - сенімді күшейтеді. Тіл үйренушінің сабақ кезінде берілген тілдік материалды саналы меңгеруі оның негізгі мәнін, мағынасын ұғуға әсер етеді, жағдаятқа сай қолдана білу дағдысы қалыптасады. Алғашқы сабақтардан бастап тіл үйренуші жаңа тілдік ортаға өз еркімен, саналы түрде кіре бастаса, оның өз мүмкіндігіне деген сенімі де арта бастайды.

Қазақ тілін үйренудің қажеттілігін, тиімділігін саналы түрде сезініп, тіл үйренуге бел байлап, шешім қабылдаған тіл үйренушінің сенімінен шығатындай, ойларындағы күдіктерін сөйлітіп, нақты мақсат болса, қысқа мерзімде де нәтиже шығару мүмкін екендігіне көздерін жеткізетіндей оқыту үдерісін жоғары дидактикалық талаптарға сай деңгейде ұйымдастыра алатын әдістемелік жүйе құруды бүгінгі заман талап етеді.

Мектеп, жоғары оқу орны, мекемелерде тіл үйрету курстарында қазақ тілін үйретуде өзара сабақтасты байланыс, жүйелі оқыту болмағандықтан, бір сатыда меңгерген білімдер мен дағдыларды келесі сатыларда қайталау, соған байланысты адам ресурстары мен уақыт үнемсіздігі, таптаурындық факторлары тіл үйренушілерге кері ықпал етіп келеді. Аударма-грамматикалық бағыттағы оқулықтармен жыл сайын сол бір әліпби мен септіктерден аса алмай, ежіктеп отырған тіл үйренушіде алға қарай жылжу, жоғары деңгейлерге қарай ұмтылуға деген ниет те болмайды.

Балалармен салыстырғанда, ересектердің бойында кез келген құбылысқа, жаңалыққа сенімсіздік білдіру, күдік тудыру қабілеті жоғары дамыған. Ол мұғалімге сенбеу, әдіске сенбеу, өз күшіне сенбеу, нәтижеге сенбеу түрінде көрініс табады. Психологтардың айтуынша, дәстүрлі сабақтарда тілді меңгере алмаймын деген қорқыныш, үрей сезімдерінен топ мүшелерінің 20 пайызына жуығы курстың соңына дейін арыла алмайды.

Ал коммуникативтік бағдарлы оқыту кезіндегі жағымды эмоциялық атмосфера, өзара ізгілікті қарым-қатынас, интерактивті әдіс түрлері, ақпараттық-коммуникациялық технология осы сенімсіздікті болдырмауға көп әсерін тигізеді.

Адамның өзінің тіл үйренуге деген жоғары уәждемесі мен саналы шешімі болмаса, керемет оқулық та, асқан білікті оқытушы ешқандай нәтижеге жеткізе алмайтыны белгілі. Бұл жағдай, біріншіден, тіл үйренудің себебін, қажетін саналы түрде түсінумен байланысты болса, екіншіден, тілді үйренудің нәтижесіне байланысты. Басқаша айтқанда, адамға тілді үйренудің қажеттілігін түсіну аз, оның тілді үйренуіне сенім туғызу керек. Ол сенім қазақ тілін оқу кезінде күн сайын өсіп, дамып, нығайып отыруы керек. Тіл үйренушіде ондай сенім тууы үшін ол тілді үйренуінің нәтижесін көріп отыруы қажет. Күн өткен сайын сөздік қоры молайып, оларды еркін қолданып,

сонымен бірге оқытушының таза қазақ тілінде сөйлеген сөздерін біршама толық түсінген сайын, үйренушінің қызығушылығы да, нәтижеге деген сенімі де арта түседі. Тілді оқудың әр сатысында белгілі нәтижелерге жеткенін көріп, біліп отырса, үйренуші барған сайын тілді оқуға, үйренуге ынталана түседі де, қазақ тілін меңгере аламын деген сенім туады. Бұл — қазақ тілін үйрену, оқу уәждемесін күшейтетін құбылыс.

Адам әрекетін дұрыс басқару тек уәждемелерді басқару арқылы мүмкін болады. Психолог ғалымдар оқу ісін әрекет тұрғысынан зерттеп қарайды да, оның жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, мақсатқа жетуі, нәтижелі болуында оқу мотивтерінің шешуші роль атқаратынын сөз етеді [4, 10 б.].

Қазақ тілін оқыту нәтижесінде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін үйренушінің ерікті, саналы шешімі, жоғары дәрежедегі қызығушылығы мен уәждемесі болуы шарт. «Уәждеме дегеніміз — іс-әрекетке итермелейтін себеп, ал мақсат дегеніміз — адамның белгілі бір істі орындауға талпынуы. Мақсатты іс-әрекеттің мотиві болуы маңызды. Сол кезде адам алдына қойған міндеттерді мүмкін болғанынша жақсы орындауға талпынады. Бұл оның мұқтажына айналады» [5, 32 б.].

«Уәждеме — адамның саналы мінез-құлық, іс-әрекетінің негізі» [6, 70 б.]. Яғни, адам бір іске саналы түрде, өз ерігімен бел байлаған болса, демек, солай етуге бұлтартпас, нақты уәждемелері бар деген сөз. Кейде «адамда мықты уәждемелер мен қажеттіліктер болған жағдайда оның еркі мен қалауы маңызды болмай қалады» [6, 81 б.]. Ал адамның міндеті мен қажеттілігі немесе қызығушылығы мен ынтасы, яғни бұлтартпайтын уәжі болмаса, ісінен ешқандай нәтиже шықпайды. Демек, оқу уәждемесі болмаған жерде, қандай керемет әдіс-тәсілдерді, ең озық технологияларды қолданса да, оған тілді үйрету ешқашан мүмкін емес.

Мемлекеттік тілді оқытуда табыстарға жету еліміздегі әлеуметтік жағдайлар мен тіл үйренушілердің жеке мақсат-мүдделерімен тығыз байланысты. Сондықтан да олардың тіл үйрену уәждемесін анықтап алу, тіл саясатын соған байланысты жүргізу мемлекеттік тіл мәселесінің дұрыс шешілуіне көп ықпалын тигізеді. Бүгінгі күнде тіл үйренушілердің басым көпшілігінің қазақ тілін оқу уәждемелері қоғамдық-әлеуметтік сипатта болып отыр. Яғни, мемлекеттік тілді меңгеру - заңның, қоғамның талабы, басшылықтың талабы деген оймен шектелушілік басым.

Осы сыртқы — қоғамдық-әлеуметтік уәждеме ішкі — жеке бас уәждемеге ауысқан кезде ғана шын мәнінде оқудың нәтижесі - қатысымдық құзыреттілікке қол жететінін ғалымдар дәлелдеп отыр. Яғни, әрбір тіл үйренуші: «Жаңа тіл арқылы жаңа әлемді танысам, қазақ тілін қарым-қатынаста қолдана алсам, қазақ тілін білу арқылы экономикалық жағдайымды жақсартып, қызмет баспалдағында

өссем», - деген уәждемелердің жетегінде тіл үйренуге ұмтылған кезде, нағыз нәтижеге қол жеткізуге болады.

«Оқы», «тап», «астын сыз», «аудар», «жатта» деген тапсырмалармен шектеліп келген аударма-грамматикалық әдіске негізделген дәстүрлі оқытуда жылдар бойы тілдің теориялық жағын үйретіп, анықтамаларды жаттатып, тілді шынайы өмірлік жағдаятта қолдану мүмкіндігі шектеліп келгені белгілі.

Білімнен құзыреттілікке қағидасына негізделген оқу үдерісінің соңғы мақсатты нәтижесі - тіл үйренушінің қазақ тілінде оқып, жазып, сөйлей алуы. Бүгінгі білім беру парадигмасының ауысуы жағдайында тіл үйретудің сапасы мен нәтижелілігін арттыру үлкен маңызға ие болып отыр.

Тіл үйретуде қатысымдық құзыреттілікке қол жеткізу үшін алдымен оқытушының өзінің жоғары деңгейдегі кәсіби құзыреттілігі талап етіледі. Кәсіби құзыретті оқытушы қазақ тілінің әрбір сабағында белсендіруден, әдістің тиімділігіне иландырудан, өз күшіне, нәтиженің алыс еместігіне сендіруден, жігерлендіруден, мақтаудан, жарысқа шақырудан т.б. тұратын уәждеме тудыру тактикасын шеберлікпен қолданып, сабағын коммуникативтік бағдарлы жүргізуі керек.

Тіл үйренушілердің өз мүмкіндіктеріне, оқу-таным әрекетінің түпкі нәтижесіне, оқытушы қолданып отырған әдістің тиімділігіне деген сенімін нығайтуға әсер ететін факторлар:

- заманауи ғылыми-техникалық базамен жабдықталған оқу орталықтары;

- мемлекеттік тұжырымдама, стандарт пен типтік бағдарламаға негізделген мықты оқу-әдістемелік кешен;

- андрагог, акмеолог, аксиолог, кәсіби құзыретті оқытушы тұлғасы.

Тіл үйренуші оқулықпен ғана шектеліп қалмай, қосымша мәліметтерді өзі іздеп жүріп оқитындай деңгейге жеткен кезде өзін-өзі дамыту, өздігінен оқу жүзеге асады. Сондықтан өз бетімен білім алуға ыңғайлы қашықтықтан оқу сайттарын, электронды білім ресурстарын көбейту қажет.

Сонымен қатар кәсіби құзыретті оқытушыларды даярлау мақсатында әдістемелік семинарлар ұйымдастырса, қазақ тілін оқытудың мониторингін жүргізіп отыру арқылы оқу-танымдық уәждемелерін айқындап, онлайн сабақтар, т.б. түрлі басқосулар арқылы үздік әдістемелермен алмасып, үздік тіл үйренуші, үздік оқытушыларды марапаттап отырса, бұл іс өз жемісін берері сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин ат.ҚБАРБК, 2000. – 208 б.
2. Ерназарова З. Тілді меңгерту деңгейлері арасындағы сабақтастық және оқытудың негізгі принциптері (шет тілдерін оқытудың

халықаралық стандартынан) // Қазақ тілі: әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. — №2-2005(2). — 10-13-б.

3. Коростелев В.С. Основы функционального обучения иноязычной лексике. — Воронеж: Изд-во Воронежского университета, 1990. — 157 с.

4. Рожкова Г.И. К лингвистическим основам методики преподавания русского языка иностранным. — М.: Русский язык, 1977. — 246 с.

5. Гонаболин Ф.Н. Психология. — Москва: Просвещение, 1973. — 239 с.

6. Ильин Е.Н. Тіл табыса білу өнері // Педагогикалық ізденіс. — А.: Рауан, 1990. — 237-287-б.



Қыздархан РЫСБЕРГЕН
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты Ономастика бөлімінің
меңгерушісі, филология
ғылымдарының докторы

Қазақ жер-су атаулар жүйесіндегі ортағасырлық кірме атаулар

Кез келген халықтың ономастикалық атаулар жүйесі — оның этникалық сәйкесімділігін (идентичность) нақты объективті түрде айқындайтын негізгі тілдік маркерлердің бірі санатындағы дүние. Ұлттың өзін-өзі сәйкестендіруіндегі объективті факторға этнографтар ортақ биологиялық, антропологиялық белгілермен қатар территориялық-географиялық (мемлекеттік) факторды жатқызады. Бұл факторлар қатарына қазақ халқының ұлттық «өздігін», ұлттық санасын растайтын тілдік фактор, оның ішінде, сол халық ерте кезден мекендеген тарихи территорияны және қазіргі кезеңдегі халқымыздың географиялық-этнологиялық кеңістігінде орналасқан географиялық атауларды, ең алдымен мемлекетіміздің атын — *Қазақстан Республикасының* атауын жатқызамыз.

Философ И.Канттың түсінігіне сай — кез келген ұлт өзін және өз болмысын нақты географиялық шекаралары бар хронологиялық тұрғыдан өзінің үздіксіз тіршілік етіп келе жатқан географиялық кеңістікпен сәйкестендіреді.

Ата-бабаларымыздың қаһармандық пен азаттық үшін күреске толы жолында өткен тарихын айта келе Елбасы Н.Назарбаев: «... Қазақтар — ұлы өркениет ұрпағы ретінде ұлттық «өздігін» барша тарихи өткелдер мен қасіреттерден алып шыққан халық. Алып шығып қана қоймай, оны сақтап, көбейте білген халық» [1, 23 б.].

Қазақ халқының, өзге көшпелі халықтар сияқты, этникалық бірегейлігі мен сәйкестігі дәстүрлі тарихи-әлеуметтік құрылымдарында көрініс табады. Тарихи тұрғыдан бұндай сәйкестендірудің негізінде әрбір көшпелі қауым өкілінің (индивид) өзін алдымен нақты бір ру, тайпа мүшесі ретінде тануы және туу фактісінің өзін нақты бір территориямен байланыстыруы жатыр. Қазақ үшін «туған жер», «Отан» ұғымдары «атамекен» (синонимдік қатары атақоныс, атажұрт) концептісі арқылы вербалданады.

Қазіргі лингвомәдениеттануда кеңінен қолданылып жүрген *ғаламның ұлттық бейнесі, этностың ғалам бейнесі* терминдік тіркестердің мазмұны ұлт пен этнос дефинициялары арқылы айқындалады: «...если исходить из историко — социальных классификаций этносоциальных общностей: племя, народность, нация, то становится очевидным, что «национальная призма» формируется не в период этнокультурной и политической оформленности и дальнейшего развития нации (высшей стадии эволюции этноса), а значительно раньше» [2, с. 43]. Сондықтан, біздің түсінігімізде, «ғаламның ұлттық бейнесі» «этностық ғалам бейнесі» «этникалық ғалам бейнесінен» анағұрлым ауқымдырақ, өйткені ұлттық ғалам бейнесі осы ұлттың қалыптасу кезеңдерінің барлығын қамтиды, ал қалған екі терминдік тіркесім білдіретін ұғым бүкіл ұлтқа дейінгі кезеңді қамтиды.

Этностың ғалам бейнесін негізгі үш бағытта қарастыруға болады: *онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық*. «Онтологический уровень картины мира этноса соотносится с пониманием мира как сущего целого. Для этноса же мир очерчен границами этногеографического, территориального пространства, в котором веками сложившиеся определенный ландшафт и природа имеют первостепенное значение. В связи с этим среда обитания территориально — географического пространства определяет важнейшие параметры картины мира этноса» [2, с. 44].

Түркі халықтарының ғалам бейнесі, кейбір африкалық тайпалар мен Гималайдың таулы аймақтарындағы өркениеттен күні кешеге дейін оқшауланып эндогенді сипатта өмір сүріп келе жатқан тайпалардан өзге, жер бетіндегі бар халықтардың ғалам бейнесі сияқты, мыңдаған жылдар бойына экзогенді сипатқа ие. Яғни мыңдаған жылдар бойы оқшауланбай, еуразиялық, одан тыс жерлердегі этнос пен халықтармен тығыз байланыста, қарым-қатынаста дамыды. Түркі, оның ішінде қазақ халқы этногенезінің қалыптасуына неолит дәуірінен бері ғұн, сақ, массагет, моңғол тектес т.б. көптеген этнокомпоненттер қатысты деуге болады. Қазақ халқы мәдениетінің экзогенді сипаты ұзақ уақыт бойы қапталдас жатқан территория — Қытай, Ресей, Иран, Шығыстық Араб елдері мәдениетімен тығыз байланыста дамығандығы белгілі. Әрине, өз кезегінде бұл факторлар қазақ халқының қайталанбас, өзіне ғана тән ерекшеліктерге ие ұлттық топонимдік ғалам бейнесінің қалыптасуына да әсерін тигізді.

Топонимдік материал негізіндегі этнотілдік бірегейлікті біз көне түркі топонимдік жүйесін қарастырудан бастап, хронологиялық тұрғыдан ендігі жерде ортағасырлық Қазақстан территориясындағы топонимдік жүйенің жалпы сипаты қандай болды деген мәселеге тоқталамыз.

Тарих ғылымында орта ғасырдың өзін ерте орта ғасыр (раннее средневековье) (жоғарыда қарастырылған Күлтегін, Түркі қағанаты т.б. дәуірі), нақ орта ғасыр (собственно средневековье) және кейінгі орта ғасыр (позднее средневековье) деп үш дәуірге бөліп қарастыру қалыптасқан. Ал ежелгі қазақ жеріндегі (орта) ортағасыр дәуірі автохтонды түркі ортаға араб-иран мәдениеті элементтері мен ислам дінінің ежелгі түркі мәдениеті, тілі, ғылым-білім т.б. салаларына бастырмалата енуімен ерекшеленеді. Алайда қазақ топонимиясындағы аймақтық зерттеулерге арналған жұмыстарда араб-иран элементтерінің жер-су атауларындағы ықпалы Қазақстанның әр аймағында әртүрлі дәрежеде көрініс тапқандығын көрсетеді. Араб халифатының әскери-саяси экспансиясы VIII-IX ғасырлар аралығында әсіресе Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік - шығыс аймақтарында үстем сипатта өтіп жатты. Оны біз сол кезеңдегі жазба ескерткіштерде көрініс тапқан топонимдік атаулардан да байқауымызға болады. Жер-су атаулары жүйесіндегі ұлттық сананың көрінісін қарастыру эволюциялық тұрғыдан алғашқы этникалық сана нышандары этнотайпалық деңгейде тілдік маркерлер мен ортақ топонимдік модельдерде көне түркі заманынан өз жалғасын тауып келе жатқандығын жоғарыда көрсеттік.

Түркі, қазақ ономастикасында тілдік-классификациялық тұрғыдан араб-парсы немесе иран тектес топонимдерді кірме атаулар деп топтастыру дәстүрі қалыптасқан. Бұл топонимдік кірме қабат қазіргі Қазақстанның топонимдік кеңістігінде белсенді түрде тілге, қоғамға қызмет етіп келе жатқан дағдылы «өз» атауымызға айналған тарихи онимдік қабатты құрайды. Алайда бұл «тарихилықтың» өзі шартты екендігін айтқан болатынбыз. Пайда болу жағынан олар «тарихи», ал қызмет ету жағынан «заманауи» атаулар деуге болады.

Ислам ықпалына ертерек іліккен Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аймақтарында өзге өңірлермен салыстырғанда араб, иран (парсы) тектес атаулар мен оның элементтерінің қатысуымен жасалған топонимдер шоғыры қоюырақ келеді

Орта ғасырдағы шашыраңқы түркі тайпалары мен түрлі этнокомпоненттердің әрі қарай табиғи түрде ынтымақтасуына, этнос, халық болып бірігуіне, этногенез процесіне кері ықпал етіп, этникалық процестерді кешеуілдеткен осы бір күрделі тарихи кезеңде топонимдік негізде этнобірегейлік деңгейін айқындау үшін сол кездегі ғаламның топонимдік бейнесі қандай сипатта болды? Түркі негізді географиялық атаулар жүйесінің орта ғасыр кезеңі қандай сипатта дамыды? деген мәселеге тоқталамыз.

Ирантілді топонимдік элементтер. Байырғы қазақ жерінде ирантілді тарихи топонимдер мен географиялық терминдік элементтердің (әрі қарай – ГТ) болуы Соғды тарихи өлкесімен, соғдылықтардың Сырдария сағасын жылыстай көшіп, сауда керуен жолдары арқылы Жетісу өлкесіне тереңдей қоныстануымен және мәдени қарым-қатынасқа түсуімен байланысты. Алайда ирантекті топонимдер мен лексикалық бірліктердің түркі топонимдік жүйесіне одан ертерек дәуірлерде ену мүмкіндігін де ескеру қажет. Мәселен, «Шахнамеде» суреттелген оқиғалар кезінде, авесталық ирандықтар мен тұрандар арасындағы қақтығыстар кезінде және одан кейінгі дәуірлерде де енуі әбден мүмкін. Яғни Қазақстан жеріндегі парсытілді атаулар бір нақты тарихи кезеңмен, дәуірлермен шектелмесе керек. Бұл жайында белгілі түркітанушы К.Мұсаев әрбір тілдік қабатты мәңгіге бекітіліп қалған қабат деп елестетпеу керек деп, В.А.Никоновтың мына сөздеріне қатысты келтіреді: ...ираноязычные, топонимы возникали на протяжении тысячелетий, их нельзя представлять единым пластом. И тюркских прокатилось немало. Те и другие не раз перемежались» [3, с. 191].

Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймақтарында ерте орта ғасыр мен орта ғасырларда құрамында «мекен, тұрақ», «ауыл, елді мекен» ортақ мағынадағы *-кат, -кет, -кент, -қанд, -дех, -диз*- ГТ-дер мен ойконимдік атаулар көптеп кездескен.

Жазба ескерткіштерде, тарихи құжаттарда кездесетін қазақ жеріне және шекаралас тарихи оазистерге қатысты кейбір иран-парсытөктес жер-су атауларын келтірсек, олар: а) құрамында соғды тілді *кат//кет* ГТ ерекшеленіп тұрған: *Будухкет, Новакет, Арсубаникет, Субаникет, Хамукат* сынды атаулар;

б) құрамында *кент* ГТ бар *Шымкент, Янгикент, Манкент, Сүткент*;

ә) *кат/кет, кант// кент* терминдерімен мағына жағынан синонимдес *дех-* термині *Дехинау* атауы құрамында кездеседі. Зерттеушілердің пайымдауынша, пайда болу уақытына байланысты *кант-кент* терминдері 10 ғ. дейінгі кезеңге жатады, ал осы жұптағы *-кат* формасы көнерек болып есептеледі. [4, 31 б.].

XIV-XVI ғғ. автохтондық тұрғындар тілдерінде түркілену тенденциясы күшейе түсуі топонимдік жүйеге де әсер етті. Сөйтіп олардың көбі түркі//иран нұсқасында қатар (параллель) қолданылған немесе толығымен және жартылай калькаланған; *Янгиқала, Янгикент, Новакет, Дехинау*. Мәселен, қазіргі ұлттық топонимдік кеңістіктерде *кент* компонентімен келетін атауларды көптеп кездестіруге болады: *Шымкент, Жаркент, Манкент, Сүткент, Құмкент* атаулары, ал Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі *Қандөз* жер атындағы *қанд* + *өз* компоненттерін «өз//уз тайпасының мекені, тұрағы» деуге болады. Этимологиясы күңгірт *Қандөз* атауын ортағасырлық *Кенди Бадам* сынды ирантипес топонимдік модель негізінде жасалуы мүмкін деген жорамал айтуға болады. Өйткені түркі топонимдерінде *кент, кант,*

терминдері постлаутта келіп, өзгеріп шыға келетін еді («өз тайпасының мекен, тұрағы») [5, 32 б.]. Осы келтірілген жайттарға байланысты аталмыш екі нұсқадағы атаудың ортақ мағынасы болуы әбден мүмкін: «оғ/уз/гуз тайпасының мекен, тұрағы».

Еліміздің топонимдік жүйесінде, сонымен қатар, ертеректе түркітілдес жұрттың тіліне еніп кеткендігі соншалықты, академик В.Бартольдтың пікірінше, суармалы егін шаруашылығына қатысты *кәріз*, *жүйек* т.б. сынды соғдылық лексемалар өзге тілден енгендігі білінбей, төлтума сөздер ретінде қабылданып, қалыптасып кеткен топонимдер мен ГТ кездеседі. В. Бартольд Абу Абдаллах Хорезмге сүйене отырып, Саманидтер дәуірі (X ғ.) суармалы егіншілік терминологиясына жататын қазақ тіліндегі «арық», «жүйек» сөзімен бара бар парсытілді *джуй*, *джуйбар* «канал», «проток» мағынасында қолданылатын сөздерді атайды [4, 93 б.].

Түркістан өңірінде *Жүйнек//Жөйнек* топонимі кездеседі, жергілікті өзбек диаспорасының тілінде *Иөйнак*. Бұл жер – түркіден шыққан философ, ақын Ахмед Йгүнекидің отаны. Жергілікті диалектідегі *жүйек* (парсы тілді *жүй* + ек қазақ тілі аффиксінің бірігуі арқылы жасалған) термині «геометриялық ретпен орналасқан өте ұзын, бірақ терең емес арықтар, суару арналары» мақта, жүгері және бақша өнімдерін суаратын шаруашылықтарда қолданылады. Яғни генетикалық тұрғыдан *Жөйнек//Йгүнеки//Иөйнак* және қазақ тіліндегі *жүйе//жүйек* парсы тіліндегі *джуй* лексемасымен жақын деуге болады.

Жоғарыда аталған топонимдер мен ГТ өзге топонимдік жүйемізде кездесетін басқа да тарихи географиялық атауларды келтіруге болады, мысалы, ортағасырлық жазба деректерде жиі кездесетін *Шауғар (Шавгар)* таудың атауы - қазақ (түркі) тіліндегі туралай калькасы *Қаратау*, ал әдебиеттердегі алғашқы парсытұлғалы *Пуроб* тарихи атауының араб тілі ықпалымен соңырақ *Фараб* - қа «суы мол өзен» айналуын айтуға болады, екеуінің мағынасы – «суы мол өзен». *Сырдария* өзені атауындағы түркітілді *Сыр* компоненті мен иран тілді *дария* «өзен», «теңіз» терминдерінен жасалған композита атау деуге болады.

Ирантілді *Дарбаза*, *Дарбұт*, *Шардара* т.б. сынды топонимдер құрамындағы *дар//дара* компоненттерін тәжік тіліндегі *дар*, парсы тіліндегі *дер* «есік», «кіре беріс», «тау асуы», ал ауған тіліндегі *дара* термині «шатқал» дегенді білдіреді екен» [6, 171 б.]. Мәселен, А.Әбдірахмановтың пайымдауынша, *Шардара атауындағы шар* «төрт» + *дара* «каньон, шатқал» дегенге саяды [7, 192 б.].

Көкмардан, *Күйікмардан* сынды қазақ тіліндегі археонимдері (тарихи көне қала мәдениеті орнындағы үйінді төбе атаулары) құрамындағы *мардан* лексемасының *мар* компоненті мордва тілінде «куча», «бугор» немесе Жайық өзенінің ресейлік Поволжьесінде «холм», «одинокая горка», «бугор», «курган» дегенді білдіреді [8, 361

б.]. Бұл лексемадағы *мар* түбірінің қазақ тіліндегі Сайрам төңірегінде орналасқан *Мәртөбе* археонимі құрамында болуы да кездейсоқтық емес деп есептейміз. Ал Саңлақ типтес шатқал атауындағы *сан* иран, әзірбайжан-парсы тілдеріндегі *санг* «тас» мағынасымен байланысады да, қазақ тілінің — лақ аффиксімен бірігіп, «тасты» дегенді білдіріп, «тастақ» атауының мағыналық баламасы болады. Э.М.Мурзаевтың пайымдауынша, өз кезегінде парсы, иран-әзірбайжан тілдеріндегі *санг* компоненті қазақ тіліндегі *сеңгір* «биік құз», «терең шатқал» т.б. мағыналарымен ұштасып жатыр [8, 495 б.]. Бұл атауды қазақ тіліндегі *саңлау* сөзінен номинацияланған атау деп «жеңілдеу» жолын қарастыруға да болар еді.

Ойымызды қысқаша қорығтар болсақ, қазақ топонимиялық жүйесінде иран (парсы) тектес элементтердің ерте кезден орын алғандығын, бірақ бірден байқала бермейтін, дегенмен, өзіндік із қалдырған, жеке қабат құрайтындығын және өте көне субстратты төменгі қабатына жататындығын айту керек.

Ортағасырлық топонимиядағы араб-түркі қостілділік үдерісі. Араб халифатының VIII-IX ғғ. Орта Азия мен ерте кездегі Қазақстан жерінде жүргізген экспансиялық саясатының нәтижесінде бүкіл жергілікті идеологияның, мәдениеттің, жазу мен тілдің әрі қарай даму барысына орасан зор ықпал етуі жаңа мемлекеттік дін — исламның орнығуымен байланысты болды. «Вытеснялась древнетюркская письменность, а в тюркскую лексику входили арабские слова» [9], араб графикасына негізделген жаңа түркі жазуы қалыптаса бастады. Бұл факторлар міндетті түрде жергілікті ономастиконға да зор ықпал етті: антропонимиялық жүйеде сан жағынан аса ауқымды арабтектес қабат пайда болып, есімдер репертуары айтарлықтай өзгеріске ұшырады, топонимиялық қолданысқа арабтілді географиялық терминология көптеп еніп, түркітектес атаулар жаппай араб тіліне қарай калькалана бастады.

Бұндай исламдану үдерісі қазақ тілінде және оның ономастикалық жүйесінде кейінгі тарихи дәуірлерде күшейе түспесе, өз қарқынын бір сәтке бәсеңдеткен емес.

Алайда Орта Азиядағы араб тілінен енген топонимдерге қатысты зерттеуші А.И.Хромов «араб қабаты», «араб элементі бар топонимдік қабат» деп айту жаңсақтық деп есептейді. Яғни құрамында арабтілді элементтер бар иран, түркі атауларын арабтекті топонимдік қабатқа жатқызу топонимдік деңгей мен апеллятивтік деңгейлерді аралыстырып, шатастыру деп есептейді [10, 191-198 бб.].

Бірақ байқауымызша, тіліміздің және өзге түркі тілдерінің лексикалық қорында араб тілді лексиканың салмақ үлесі айтарлықтай деуге болады, ал ол өз кезегінде міндетті түрде топонимиялық сала, географиялық номенклатурада көрініс тауып отырады. Сондықтан зерттеуші қандай да бір топонимдік атаудың араб тіліне жататындығын дәйектегенде ізденіс барысында сырттан долбарлай салмай,

қателеспеуге тырысуы керек. Сөйтіп апеллатив этимологиясынан гөрі онимдену процесі қай тілдің негізінде өткендігі маңызды болып, есепке алынуы керек.

Орта ғасыр кезеңінде және қазір де Қазақстанның өзге аймақтарымен салыстырғанда пайыздық тұрғыдан алғанда оның оңтүстік өңірлері топонимиялық жүйесінде арабтілді атаулар мен топонимдік элементтер басым келетіндігі белгілі.

Араб-түркі немесе түркі-араб, түркі-соғдықостілділік жағдайындағы орта ғасырдағы Қазақстанның топонимдік жүйесінің ерекшелігі — олардың түрлі жазба көздерінде екі-үш нұсқада қолданылуы. Көптеген жағдайда тікелей калькалау тәсілі немесе тұтас топонимнің аударылып алынуы немесе оның бір бөлшегінің калькалануы және атаулардың қатар екі тілде де қолданылуы тән еді.

Сол кез топонимиясындағы түркі-араб варианттарының қатар қолданылуын *Отырар — Фараб, Сайрам — Испиджаб* сынды мысалдардан байқауға болады. М. Қашғаридің сөздігінде Сайрам өзенінің жергілікті атауы ретінде көрсетіліп, семантикасы «суы таяз, табаны тасты өзен немесе өзен сағасы» деп берілген. Зерттеуші В.Махпиров Казакевичтің ізімен «сайр, сарьем в тюрко-монгольских языках означает «сухое русло водного потока, иногда мелкое место в реке», - дейді [11, 101 б.]. Испиджаб араб тілінде «сухое и каменистое пространство между двух рек», калька с тюркского *Сайрам*. Кроме того арабская калька с тюрко-иранского *Орунгент* «белый город» - *Мадинат-ул-Байза*, где *мадина* «город», *байза* «белый» [4, 35-46 бб.].

Сонымен қатар арабтекес жер-су атауларына түркі-қазақ тіліндегі *Артықата* археонимінің тарихи атауының *Аржук* көнетүркі нұсқасын, ал қазіргі қазақ тіліндегі *Бұзықтөбе* атауының тарихи көздердегі өзге бірнеше атауын келтіруге болады: *Оксус* — екінші түркі атауын, *Весидж* — араб атауын, *Зернух* — иран атауын жатқызуға болады. Осы мысалдар қатарына жататын араб тіліндегі рабат «қала маңы», «пригород» сәулет термині жеке де көптеген топоним, ойконимдер құрамында да күні бүгінге дейін еліміздің топонимдік жүйесінде ішінара кездеседі.

Сырдария өзенінің араб тіліндегі нұсқасы *Сейхун* ортағасырлық көздерде Солтүстік Мысыр еліндегі *Сейхана* өзен атауымен үндес аталған деуге болады [11, 101]. Сондай-ақ *Күйік Хасар* археонимінің құрамындағы *хасар* лексемасы «бекініс» сөзі де араб тілінен енгендігінің куәсі.

Ерекше көңіл аударатын жайт, ол қандай да бір нысананың бірнеше атауын тіркеген, қатар қолданыста болған атаулардың тарихи дереккөздер бойынша қай атау бұрынырақ пайда болғандығы туралы хронологиялық тұрғыдан нақты шектеудің, кесімді пікір айтудың өзі қиын.

Себебі көп жағдайда топонимнің пайда болу, тіркелу, оның қолданысқа, айналымға ену уақыты сәйкес келе бермейтіндігін еске-

ру қажет. Бірақ қалай болғанда да, біздің ойымызша, топонимнің жергілікті түркітілді нұсқасы алдымен пайда болса керек, өйткені Араб халифатының жаугершілік саясатында ең алдымен, жергілікті жер-су атауларын өзгерту керек деген ұстаным болған. Нәтижесінде түркітілді жергілікті топонимдік элементтер «жеңіп шыққан» дегіміз келеді. Себебі түбінде жергілікті сан жағынан басым (массовый) автохтонды (байырғы жергілікті) этнотілдік ая тұрақталып отырған, біріншіден, арабтекті этнокомпоненттер Қазақстан аймағында ұзақ уақыт, тіптен тұрақтамаған деуге болады, екіншіден, Араб халифатының ықпалы негізінен, дін, мәдениет, ғылым, жазу арқылы көрініс тауып отырған.

Сондықтан жазба көздерде сақталған көптеген тарихи топонимдер мен араб- текті элементтері бар атаулардан өзге араб тілінің жергілікті топонимдік жүйенің бет-бейнесін айтарлықтай өзгертіп жіберді деуге келмейді. Негізі топонимдік жүйе қалың да пәрменді түркі, қазақ тілді қабатта көрініс тапқан. Кейінгі орта ғасыр мен қазіргі кезеңдегі Қазақстанның топонимдік кеңістігінде негізінен түркітілді, қазақ тілді қабат сан жағынан салыстыруға келмейтін әлеуетті қабат құрайтындығы, нұсқалардың ішінен түркі, қазақ тілдері тұрақталғаны сөзсіз, ал сол кездегі топонимиядағы араб-парсы элементтері, қостілділік жағдайындағы қолданыстар кітаби тіл нұсқасы ретінде ресми, іскери құжаттарда сақталған нұсқасы ретінде орта ғасыр құзырында «қалып» қойды деуге болады.

Қорытынды орнына айтарымыз, түркі ру, тайпалары мен ұлыстары, оның ішінде қазақтар тарихтың түрлі сынынан өтіп, күрделі де драмалық жағдаяттарды, қиын-қыстау замандарды басынан кешкеніне қарамастан, ғасырлар бойы өз мәдениетінің, тілінің, салт-дәстүрлерінің қайталанбас этникалық болмыс-өрнегін, рухын сақтап, этникалық бірегейлігін жоғалтпай, күні бүгінге жеткізіп отыр. Өздерін, аса құнды рухани мұраларын шексіз Еуразия кеңістігінде шашып-жоғалтпай, тұтастығын берік ұстап, жер-су атауларында вербалданған артефакті, ментефакті түріндегі бай ақпараттар мен құндылықтарды біздерге, келер ұрпаққа жеткізе білген.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих тағылымы. — Алматы: Атамұра. 2006. — 256 б.
2. Аязбекова С.Ш. Картина мира этноса: Коркут-Ата и философия музыки. казахов. — Алматы, 1999. — 285 с.
3. Мусаев К. Лексикология тюркских языков. — М., 1984. — 288 с.
4. Бартольд В.В. Сочинения. — МВ.: Изд. — во «Вост. лит-ры», 1963. — Т.3.; Чехович О.Д. Бухарские документы XIV в. — Ташкент, 1965.
5. Кашгари М. Девону лугот ит-турк /Под ред. канд. филол. наук С.М. Муталибова. — Ташкент: Изд. — во УзССР, 1960. Т.1, Т.2.

6. Хасанов Х. Ценный источник по топонимике Средней и Центральной Азии //Топонимика. — М., 1962. — С. 125—131.

7. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы: Ғылым, 1975. — 167 б.

8. Мурзаев Э.М. Словарь народной географической терминологии. — М.: Мысль, 1984. — 653 с.

9. История Казахской ССР (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. — Алма-Ата: Наука, 1977. — Т.1. — С. 479.

10. Хромов А.Л. Об арабской топонимии на территории Средней Азии // Ономастика Средней Азии. — Фрунзе, 1980. — С. 191—198.

11. Махпиров В.У. Имена далеких предков. — Алматы, 1997. — 302 с.



Бекжан ӘБДУӘЛИҰЛЫ
ҚР Мемлекеттік ономастика
комиссиясының мүшесі

Қазақстан ономастикалық кеңістігі жаңа құқықтық- нормативтік құжаттарқы тапап етеді

Қазақ ономастикасы өзінің даму тарихында жаңа бір кезеңнің алдында тұр. Өткеніне көз жүгіртсек, әуелде атау беру мәселесі тарихи әрі табиғи жолмен шешілді. Физика-географиялық нысандар адам атымен, жер бедерінің сипатына қарай қалыптасқан терминдермен, қалалар жергілікті жердің тарихи атауымен немесе сонда тұратын халықтың, сирек жағдайда жекелеген адамдардың атымен т.б. аталды. Жалпы алғанда атаудың негізгі қызметіне сәйкес өрбіді, яғни нысанның белгілі бір ерекшелігін сипаттауға құрылды. Осы дәстүр кеңестік идеологияның тәртібі бойынша өзгерістерге түсті. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда төл құндылығымыздан алшақтап қалған сана кеңестік жүйенің ықпалынан шыға алмай, екі арада біршама кемшіліктерді жіберіп алғанымыз да жасырын емес. «Менікі» деп жүргеніміздің барлығы өзгенікі болып шықты. Енді ел есін жиған қазіргі таңда, «қазақ ономастикасының алдағы даму бағыттары қандай болмақ?» — дейтін сұрақтың туындауы заңды.

Халықаралық кеңістікке ықпалдасу туралы алдымызға стратегиялық мақсаттар қойып отырмыз. Көршілермен арада сапырылысқан сан ғасырылық тарихымыз бар. Тіршілік-тарихымыз ғана емес, ұғым-түсініктеріміз де мидай араласты. Кей тұстарда «мынау сенікі, мынау менікі еді» деуге келмейтін құндылықтар қалыптасты. Іргемізді аулақ салайық десек те, маңдайымызға жазылған бөлінбейтін еншілеріміз бар екен. Дегенмен, «бір кем дүние» кімде жоқ. «Бөлінбейтін еншінің» мәселесін уақытқа аманаттап, осы бір талмауыр тұстан өгізді өлтірмей, арбаны сындырмай, өзгені ренжітпей, өзімізді тоқыратпай аман-есен өту міндеті тұр алдымызда.

Қылдай қиянат болмасын! дейді — Тәуелсіздік талаптары. Жас та болса мемлекеттік басқару жүйеміздің басынан мәселені ауызша бұйрықпен шешетін заман өтіп кеткелі қашан. Уақыт былқылдақтықты көтермейді — алдымызға қойылған міндеттерге жаңаша шешімдер керек. Өйткені, ел экономикасының дамуы мен халықаралық кеңістіктегі қатынастарымыздың ауқымы кеңейіп, өзіндік орнымыз нығайған сайын, қазақ ономастикасының мәселелері де күрделеніп келеді (оған ішкі дамуға байланысты ашылып жатқан сан түрлі мекемелер атауын қосыңыз). Енді айнала жұрттың ғана емес, алыс жатқан елдердің де баршасына ортақ ережені меңгеру мен игеру міндеттері шықпақ алдымыздан. Өркениетті елдердің тәжірибесіне қарасақ, ономасткасы өзіне де, өзгеге де лайықталып бекітіліп қойыпты, нақтырақ айтсақ өз дәстүрін ережелеп, өзгеге біздің талабымыз осындай деп ұсынып отыр. Үлкен қалалардан бастап, көшелер мен кішкене аяқжолға дейін атау иелену тәртібі бар. Жазылған, хатталып бекітілген. Оның сыртына ешкім шыға алмайды, шығармайды да — құжаттың құдіреті.

Құдай берген құт-берекенің арқысында әлем елдерінің алдында үзеңгі бауымыз алты қабат. Сол ырыстың қазынасы — жеріміздің атаулары халықаралық карталарда қандай ережелер бойынша өмір сүріп жатқанынан әлі хабарымыз жоқ. Ішкі жағдай да алақұла. Қалаларымыздағы шетелік компаниялардан бастап, олар басқарып отырған мекемелер қымсынбастан өз әуенін салып тұр. Ал ономастикамыздың құқықтық тағдыры ҚР «Тіл туралы» заңға міңгескен бірнеше жолға байлаулы...

Енді не істейміз? — дейтін сұрақ туындайды. Жауабы — бізге де құдіретті құжат керек. Қазір елімізде әуелгі жағдай өзгерген — «өзім білемнің» жолы жіңішке. Саналы қоғам қалыптастырған осы ұстаным енді заңдастырылуы тиіс. Атау атаулының басын қосып, бір орталықтан жүйелеп отыратын құқықтық-нормативтік құжат керек — жұртшылықтың көңілінен шығатын, жұмыс істеуге қауқарлы. Құжаттың құдіреті ең бірінші — қоғам талаптарының үдесінен шыға алуында, екіншіден — қайшылықсыз болуында. Мамырдың соңын ала сонау Орал қаласында өткен «Ономастка саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді реттеу» атты республикалық дөңгелек үстел

осындай мақсатпен ұйымдастырылған болатын. Негізгі мақсат — нысандарға атаулар беру мен қайта атаудың нақты шарттарын анықтау.

Осы жиынға арнайы дайындықпен келген ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің қызметкерлері мен сала мамандарынан құрылған жұмысшы топ мүшелері артық ауыс бос сөзге бармай нақты мәселелерге тоқталды. Үш топ жеке салалар бойынша зерттеулер жүргізген. *Бірінші топ:* әуежайлар, порттар, теміржол вокзалдары, теміржол стансалары, метрополитен стансалары, автовокзалдар, автостансалар; *екінші топ:* физикалық-географиялық объектілер, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт мекемелері; *үшінші топ:* білім мекемелері, жоғары оқу орындары, орта арнаулы оқу орындары, мемлекет қатысатын басқа да заңды тұлғалар, әкімшілік-аумақтық бірліктер (елді мекендер), олардың құрамдас бөліктері (көше, даңғыл, көпір, алаң, саябақ т.б.) бойынша атау беру және қайта атау мәселелеріне тоқталды. Дамыған елдердегідей аяқжлоға дейін ереже дайындап шығу тағы да біраз дайындықты қажет етеді, дегенмен қазіргі өз ішіміздегі жағдайды зерделей отырып, жалпы атау берудің жүйесі қалай болуы тиіс деген сұрақ аясында біршама ұсыныстар айтылып, бір тоқтамға келгендей болды. Бірнеше қағидаттар ұсынылды:

Әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып, өзіміздің ішкі жағдайды зерделеген *бірінші* топтың ізденістері мен ұсыныстары негізінен Қазақстан Республикасы аумағындағы *әуежайлар, порттар, теміржол вокзалдары, теміржол стансалары, метрополитен стансалары, автовокзалдар, автостансалар* тек жергілікті жердің атымен аталуы керек деген тоқтамның айналасынан алыстамады. Оның өзіндік себебі бар — бұл нысандар бағыттық қызмет атқарады. Атаулар жолаушының немесе жіберіліп жатқан хат-хабар, жүк тасымалының қайда бара жатқаны туралы ақпарат беріп тұруы тиіс. Осыған байланысты: 1. Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайлар өзі орналасқан елді мекеннің, қаланың (облыстың) атауымен аталады; 2. Бір елді мекен және қала аумағында бірнеше әуежай кездескен жағдайда сол елді мекеннің, қаланың атауымен (облыстың) атап, реттік санымен белгіленеді (Астана-1, Астана-2). Дөңгелек үстелге жиналғандар бұл ұсынысты дұрыс деп қабылдады.

Екінші топтың *физикалық-географиялық объектілер, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт мекемелері* атауларының берілу принциптері туралы ұсыныстары былайша өрбіді: біріншіден, нысандарға атау беруде халқымыз ертеден ұстанып келеген дәстүрлі тарихи принциптерді басшылыққа алу. Қазіргі кезде лингвистеріміз бен географтарымыз оны екіге бөліп қарастырып жүр. Нысандардың тарихи атауын қалпына келтіру және географиялық принциптерді басшылыққа алу. Айналып келгенде бұл екеуінің де негізі бір. Қолданысымызда ертеден сақталып келе жатқан жануарларға

қатысты: Маралсай, Арқарлы, Текелі, Бұғылы, Құланды, Қоянды т.б.; Өсімдіктерге байланысты: Миялы, Жосалы, Қайыңды, Қарағайлы, Доланалы, Аршалы т.б.; Жер қыртысына байланысты: Ақсай, Көксай, Ақшоқы, Қарашоқы, Азаншоқы, Ақжал, Қаражал, Сарыжал, Саумалтау, Шымылдықтау, Алатау, Ақтау, Қаратау, Ақжарт.б. Түсінікті болу үшін айта кету керек «географиялық принцип» дегеніміз атауы ұмытылған географиялық нысандарға атау беру кезінде сол аймақтың жер қыртысын немесе ерекше сипатына қарай атау: сулы жер болса, Мыңбұлақ, Саумалкөл, Жалтыркөл т.б. Қырға орналасса Алтынқыр, Ақбиік; ойпатқа орналасса, Ойпаң, Ойыл, Ойлыауыл т.б. тарихи атаулармен сабақтастыру. Елді-мекендер мен түрлі географиялық нысандарды атау немесе қайта атау кезінде осындай атауларды беру туралы ұсыныстарды дөңгелек үстелге жиналғандар бірауыздан қолдады.

Тарихи принцип атау беру мен қайта атауда, физика-географиялық нысандарға ғана емес, ономастикасының барша салалары бойынша басшылыққа алынуы тиіс. Бұл ғасылар бойы қалыптасқан дәстүрді қайта жаңғыртудың құқықты-нормативтік жүйесі болып табылады. *Мәдениет және спорт мекемелері* қашан да жарнаманы қажет етеді. Оның атауында осы жағы үнемі көрініп тұруы тиіс. Ел болашағы үшін маңызды бұл саланың осы ерекшелігі ескеріле отырып, атау берудің мынандай принциптері ұсынылды: 1. Атау мазмұнында, нысан орналасқан елді-мекеннің немесе қаланың атауы және атқаратын қызметі туралы ақпарат қамтылады: Доланалы футбол алаңы, Қоғалы спорт мектебі, Зеренді мәдениет орталығы. 2. Мәдениет және спорт мекемелерінің атқаратын қызметі мен ішкі мазмұнына қарай жаранамалық сипаттағы қазақша түрлі көркем ұғым-түсінік атаулары беріледі. Мысалы: спорттық бассейндерге суға қатысты Толқын, Тұңғыық, Мөлдір, Айдын т.б.; күрес, ауыр атлетикаға күш-қуат бейнелі Алып, Таусоғар, Сомбілек т.б.; би орталықтарына нәзіктік, сұлулыққа қатысты Сымбат, Талшыбық, Нәзік, Ағерке т.б.; 3. Мұражайлар, театрлар, саябақтар атқаратын қызметі мен ішкі мазмұны бойынша аталады: Президенттік мәдениет орталығы, ҚР Ұлттық мұражай, Жазу тарихы музейі, Алматы хайуанаттар паркі, т.б. 3. Кісі есімдерін беру, бектіліген тізім бойынша, мемлекеттік ономастикалық комиссия тарапынан ұсынылады. *Денсаулық сақтау мекемелерінің атаулары*: 1. Қазақстан Республикасының аумағындағы денсаулық сақтау мекемелер атауының құрамында, өзі орналасқан елді-мекеннің немесе қаланың атауы, атқаратын қызметі туралы ақпарат қамтылуы тиіс. Мысалы: Алматы қалалық жедел және шұғыл көмек көрсету ауруханасы, Алматы қалалық адам ұрпағын өрбіту орталығы, Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы, Астана медицина университеті. 2. Атаудың құрамында денсаулық сақтау мекемелерінің түрлері көрсетілуі тиіс (*дәріхана, аурухана, емхана, емдеу орталығы* т.б.). 3. Белгілі бір нысанға атау беру туралы

ұсыныстар түскен жағдайда дәрілік өсімдіктер немесе денсаулыққа қатысты қазақша ұғым-түсінік атаулары таңдалады. Мысалы, Демеу, Шипагер, Саламат, Тасжарған, Көкемарал, Мыңжапырақ т.б. 4.Кісі есімдерін беру, бектіліген тізім бойынша, мемлекеттік ономастикалық комиссия тарапынан ұсынылады. Негізінен оқу орындарына болмаса, денсаулық мекемелеріне кісі есімін беру жағымды әсер қалдырмайды. Сондықтан бұл мәселеде тереңірек ойлана түсу керек деген ұсыныстар айтылды.

Үшінші топ: *білім мекемелері, жоғары оқу орындары, орта арнаулы оқу орындары, мемлекет қатысатын басқа да заңды тұлғалар, әкімшілік-аумақтық бірліктер(елді мекендер), олардың құрамдас бөліктері (көше, даңғыл, көпір, алаң, саябақ т.б)* бойынша атау беру және қайта атау мәселелеріне тоқталды. Біршама ұсыныстар ортаға салынды. Білім мекемелері өзінің тұрған жерінің (ауыл, қала, елді мекен т.б.) атауымен аталғаны дұрыс. Егер бір жерде бірнешеу болған жағдайда нөмірленіп беріледі: «Астана қалалық №48 мектеп-лицей», «Астана қалалық № 55 орта мектебі», жалғыз болғанда ішкі мазмұнымен аталады«Дарынды қыз балаларға арналған қазақ-түрік лицей-интернаты». Ауылдық мектептер:«Амангелдіорта мектебі», «Қызылтуорта мектебі» «Ш.Уәлиханов орта мектебі»,«Майшұқыр негізгі мектебі» т.б. Бұл мектептердің атауынан Жалпы білім мекемесі екені, қай жерде тұрғаны туралы ақпараттарды алып отырмыз. Осы секілді орта арнаулы және ЖОО-лардың атауында да тұрған жері, берілетін білімнің бағыты немесе мазмұны туралы ақпараттар қамтылуы тиіс.

Мемлекет қатысатын басқа да заңды тұлғалар, әкімшілік-аумақтық бірліктер (елді мекендер), олардың құрамдас бөліктері (көше, даңғыл, көпір, алаң, саябақ т.б) де осы ұстанымдағы тәртіпке бағынуы тиіс. Ең бірінші кезекте тарихи атау беру дәстүрі ескеріледі: тұған жерінің тарихи атауы, болмағанда географиялық принцип басшылыққы алынады. Сонымен қатар, тілімізде атау ретінде қалыптасқан тарихи-географиялық терминдер және ішкі мазмұны лайықты ұғым-түсінік атаулары беріледі. Мысалы, Жезқазған облысының Жезді ауданын; Жезқазған облысының Жезді жұмысшы поселкесі; Жамбыл облысының Жамбыл қаласы; Жамбыл облысының Жамбылауданы; Жамбыл облысының Шу қаласы, Шу ауданы т.б.

Қазіргі таңда мемлекеттік ономастика комиссиясы мен жергілікті атқару орындарының белсенді жұмыстарының нәтижесінде біршама тәжірибенің жинақалғаны белгілі, дегенмен алдағы жұмыстардың жүйелі әрі қайшылықсыз болуы үшін, ілгеріде атап өткеніміздей, қауқарлы құжаттымыз болуы тиіс. Бұл құжатта мемлекеттік мүдде мен халық дәстүріндегі атау беруге қатысты тарихи құндылықтар сабақтастықтығы сақтала отырып, халықаралық кеңістікке ықпалдасудың оңтайлы тетіктері де қамтылуы тиіс. Қазірге дейінгі жұмыстарымызда жетістіктер болғанмен, қайшылықты жақтары да

аз емес екен. Солардың ішінде талай білікті де, білімді ұлт зиялысын тығырыққа тірегені — нысандарға кісі есімін берудің шарттарын белгілеу болды. «Көкемнің аты — көшеге, атамның аты — ауылға» дейтін мысқыл нақылда осы жағдайға байланысты туған еді. Бізде қазір батыр да, ақын да, данышпан да, би-шешен де көп. Кешегі Кеңестік жүйенің сойылын соққан қайраткерлер мен «геройларымыз» да жетіп артылады. Қазақ елінің біртұтас тарихын жасай алмай отырып, тарихи тұлғалар туралы нақты қандай пікір болуы мүмкін. Мысалы, біз негізінен Қазақстан Республикасы шекарасының ішіндегі елдің тарихы туралы ғана айтамыз да, сыртта жатқан ағайынның басынан кешкен тағдыр-талайы ұлттық тарихымыздан қаншалықты орын алды дегенге келгенде ойланамыз. Сондықтан, қазірге ұлттық тұлғаларды ұлықтауымыз, олар туралы нақты фактілерге сүйенген монографиялық сипаттағы зерттеу еңбектер жазу, магистрлік, докторлық (PhD) диссертациялар қорғау деңгейінде жүргізілсе тым қораш болмас еді. Атау берудің бағытын өзгертпей, осылай кете берсек, күңгірт тарихтың қойнынан суырып алынатын «тұлғалар» саны да азаймайтын түрі бар.

«Мәңгілік ел» идеясы дәл осы тұста ойымызды селт еткізгендей болды. Өткенімізге көз жіберсек, Адам ата мен Хауа анадан бері үзілмей жалғасып келе жатқанымыз ақиқат. Солардың ішінде қазіргімен салыстырғанда, халыққа он есе, мың есе артық қызмет еткен тұлғалар болуы мүмкін. Қайсысы қалды тарихымызда? Мыңдаған жылдардан жеткені санаулы ғана. Ал біз өткен бірер жүз жылдық пен алдағы жиырма-отыз жылдың айналасынан ұзай алмай жүрміз. Тіпті атын ұсынып жүрген кей тұлғаларымыз, бар болғаны — кешегі Кеңестік идеяның қызығын көргендер ғана екен, соны да міндет қылатын сияқтымыз. Қазіргі атау беруіміздің барысы, көп жағдайда, алдағы күнге қолдан дайындалып жатқан проблеманың сипатын аңғартатындай. Сондықтан, дөңгелек үстелге жиналғандар нысандарға кісі есімін берудің шарттарына баса назар аударды.

Кісі есімін беруге көп ұрыну тарихи құндылықтарымыздың жаңа заман сұранысынан кенжелеп қалуына ықпал етеді. Атау беру ұлттық дәстүрімізде бар құбылыс. Сол атаулардың аясында ұлттық дүниетанымымыз бан арман-тілегіміз, дүниеге көзқарасымыз т.б. қамтылған. Енді міне жаһандану заманында көшпелілікке негізделген сол бір ғажайып рухани әлеміміз уақытпен бірге санамызда көмескіленетін түрі бар. Сондықтан атау беру мәселені тереңнен түсінетін мамандардың, арнайы комиссияның шешімімен ғана жүзеге асуы тиіс. Бұл орайда, әсіресе, кісі есімінің төменнен емес, жоғарыдан ұсынылғаны абзал. Бұл атаудың беделі үшін де, елдің біртұтастығы үшін де аса маңызды. Екіншіден, түрлі салалар бойынша ғылыми-зерттеу институттарының ұсыныстары басшылыққа алынғаны жөн. Нағыз ұлттық тұлғалардың солай ғана анықталуы мүмкін.

Нысандарға атау беру және қайта атауда басшылыққа алынатын екінші мәселе — ұлттық атаулар мен ұғым-түсініктер мүмкіндігін барынша пайдалану. Атаудың негізгі мақсаты — белгілі бір нысан туралы ақпарат беру, сондықтан атау ретінде таңдалған сөздің мағынасы оның ішкі мазмұнын ашып тұруы тиіс. Екінші сөзбен оны нысан мен атаудың байланысы деп атауға болады. Қазіргі жағдайларды ескере отырып, атау беру мәдениетінің қалыптасуына арнайы мамандар тарапынан ұсыныстар жасау арқылы ықпал ету мақсатында атаулар сөздігі дайындалуы тиіс. Түрлі салаларға арналған атауларды қамтитын бұл сөздікті ресми мекемелер бекітеді. Ілгеріде аталғандай, ғылыми-зерттеу институттары ұсынған кісі есімдерінің де тізімі белгіленіп, осы тәртіппен сәйкес мекемелерге беріледі.

Қазіргі кезде қазақ ономастикасын қамтитын ауқымы жағынан қала ономастикасы және ауыл ономастикасы деп екіге бөлуге болады. Қала ономастикасы өзінің сәулеті, сан қырлылығымен ерекшеленеді. Тұрғын үй кешендері, әкімшілік мекемелер, шағын аудандар, тағамханалар және т.б. түрлі халыққа қызмет көрсету орындары. Бұл жағынан алғанда ауыл ономастикасы қала ономастикасының құрамдас бөлігі болып табылады. Қазіргі кезде ауыл ономастикасы ұлттық белгілерімен ерекшеленіп отыр, алайда қала мәдениетінің ауылға ықпал етпей қоймайтыны белгілі. Қала мен ауыл арасындағы байланыстың артуы және ақпарат құралдарының мол мүмкіндігі арқылы ономастикалық атаулардың да бірдейлесуі мүмкін дейтін болжам бар, атау берудің шарттарында бұл да ескерілуі тиіс. Бізде қалыптасқан «мемлекеттік мекеме» және «жекеменшік мекеме» дейтін ұғымдар бар. Ал құқықтық-нормативтік актілерде бұндай айырмашылық болмауы тиіс. Өкінішіке қарай, жеке меншік нысандар атауларының мемлекеттік мүддеге, моральдық құқыққа, мемлекеттік тілдің жазу және мәдени нормаларына т.б. сәйкестігін реттеп отыратын құқықтық құжаттар бізде болмай отыр. Егер арнайы «ҚР Ономастика туралы» Заңын қабылдайтын болсақ, осы құрылымдардың барлығы қамтылар еді. Атаудың берілу тәртібі, жазылу ережелері: қазақша нұсқасы, транскрипция, транслитерация ұғымдарының жүйесі, дүниежүзі елдеріне ұсынылатын стандарттары т.б., кісі есімдерінің мәдени сапасы мен жазылу ережелері, құжаттарымызда таңбалануы т.б. құқықтық-нормативтік шешімі жөніндегі арнайы құжаттың қажеттілігі уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Себебі, бұл филология, тарих, география, құқық, халықаралық қатынастар т.б. секілді бірнеше сала мамандарының атсалысуымен жүзеге асатын күрделі мәселе болып табылады.



Аман АБАСИЛОВ
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университеті

Қызылорда қаласының эргонимдері

Мадалхан Д.,
Ж.Қизатов атындағы №23
мектеп-лицейі

Қазіргі күнде экономикалық және әлеуметтік өмірде көптеген өзгерістерболуда. Мұныңбәрі тілденөзкөріністерінтабуда. Бәсекелесік пайда болысымен бұрынғы мекеме, фирма, қоғамдық ұйымдардың, дүкендердің бір типтегі, бір сарындағы атаулары келмеске кетті де, көптеген кәсіпкерлер өз кәсіпорындарының атауларын өзгелерге ұқсамайтындай және бір көргеннен, бірестігеннен ұмытылмайтындай, сонымен қатар мекемені жарнамалайтындай етіп таңдап қоя бастады. Осындай сауда саттық мекемелерінің, олардың тауарлық белгілерінің аттары, бұқаралық ақпарат құралдарының және т.б. атаулары қазіргі күнде ғалымдар тарапынан зерттелетін тақырып ретінде үлкен қызығушылық тудырып отыр [1; 2].

Қазіргі күнде эргонимдер саласындағы зерттеулер Қазақстанның жекелеген қалаларының тілдік материалдары негізінде қолға алынып зерттеліп жатыр [3; 4]. Біз осы мақаламызда эргонимдерді Қызылорда қаласының мысалында қарасырамыз.

Қызылорда қаласы эргонимдерінің кеңістігі көпсалалы. Біз жиналған эргонимдерді (463 атау) іріктеп және жүйелеп қарастырғанда негізгі 5 мағыналық топқа біріктірдік. Енді осыларға жекелей тоқталайық.

1. Кісі аттарынан немесе жанды сияқты түсінілетін зат атауларынан жасалған эргонимдер. Бұлар Қызылорда қаласындағы кең тараған эргонимдер тобы болып табылады. Олар біздің жинастырған эргонимдердің 33,0 пайызын құрады. Бұл, әсіресе, қаладағы сауда нысандарында өте көп кездеседі. Мысалы дүкендер: «Мейіржан», «Гүлнаурыз», «Индира», «Пірмағанбет», «Ерлан», «Бекжан», «Анар», «Ұлжан», «Гүлназ»; сауда үйлері: «Кұлпаш», «Ақниет», «Азамат», «Айтбек», «Жайна», «Ажар», «Сұлтан»; мейрамханалар: «Қуаныш», «Адема», «Жанетта», «Меруерт»; кафелер: «Айбек», «Даурен», «Айжан», «Айман», «Нұрмағанбет», «Мунира», т.б. Көптеген жағдайда мұндай атауларды таңдау нысан иелерінің жеке мүддесімен анықталады, олар дүкендерінің атауын өз есімімен немесе баласының не жақын туыстарының атымен атайды. Бұл - Қызылорда қаласында ғана емес, жалпы елімізде кеңінен етек алған дәстүр. Ерекше айта кетер жағдай, біздің зерттеуімізде Қызылорда қаласында ер адамдардың есіміне қарағанда әйелдердің есімімен аталатын сауда орындары өте көп. Бұл, біздің ойымызша, сауда өнімдерін тұтынатын не керісінше соны сатуға ұсынатын әйелдердің көп болуынан болуы да мүмкін.

Бұлардан кейінгі маңызды орында алатындар мифонимдерден, яғни миф, эпос, ертегі, аңыздардағы ономастикалық кеңістіктің кез келген саласының аттарынан жасалған эргонимдер: «Алладин» (кафе), «Қыз Жібек» (мейрамхана), Байтерек (мейрамхана), Волшебная лампа Алладина (дәмхана), «Самрук» (қонақүй), «Ертөстік» (балабақша), «Алпамыс» (балабақша), «Толағай» (балабақша), «Три богатыря» (кафе), «Золотая рыбка» (кафе), «Золотой дракон» (мейрамхана), «Али баба» (кафе), т.б.). Бұл әдеби-мифологиялық тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Мұнда ат берушінің тұтынушыға оң ассоциация қалдыру үшін атауға немесе мәтінге ден қойғандығы байқалады. Қызылорда қаласында осындай көркем шығармалардан алынған образдармен тұтынушының мәдени әлеуетін көтеретіндей атаулар өте аз. Менің ойымша, бұлар әр уақытта жағымды сипатты білдіретін, балалықтың символымен байланысты келетін атаулар. Бұл - жоғарыда аталған «Ертөстік», «Алпамыс», «Керуен сарай» т.б. эргонимдер. Бұл тұтынушының назарын аударататын әдістің бір түрі. Алайда Қызылорда қаласы кәсіпкерлері өз нысандарына ат қоюда осындай эргонимдерді аз таңдайды.

Осы топтағы тағы бір назар аударатын эргонимдерге нысанның кең танымдылығы мен беделдігін таныту мақсатында шетелдік анторопонимдерді, кейбір брендтік атауларды да қою жатады. Өйткені тұтынушы қалай да болсын белгілі бір идеалға ойша ұмтылады, сөйтіп шетелдік модаға ассоциация беретін дүкендегі тауарды таңдайды. Олар: «Angela» (сән салоны), «Adidas», «Reebok», «Nokia», т.б.

Қызылорда қаласы көшелерінде сондай-ақ әйгілі тарихи тұлғалардың аттарын да кездестіруге болады: «Төле би» (дүкен), «Ибн Сина» (дәріхана), «Бейбарыс» (мейрамхана), «Томирис» (кафе), «Наутилиуст» (кафе).б.

2.Жансыз заттар атауларынан жасалған эргонимдер. Мұны мағынасы тек «тауарлық ассортоментті» ғана білдіретін атаулар деп те атауға болады. Бұл тәсіл бойынша эргонимдер жасау дәстүрге айналған. Олар біз жинастырған эргонимдердің ең көп бөлігін, яғни барлық атаулардың 45,1 пайызын құрады. Бұл кәсіпорынның не сауда орнының ұсынатын ассортементіндегі тауар атауларына байланысты эргонимдер («Білім», «Киімдер», «Аяқ киім», «Кілемдер», «Тағам» «Автобөлшектер» т.б.). Бұлардың негізгі бөлігі — бұл тауар мен қызмет ассортиментін тіке көрсететін немесе ассоция беретін атаулар. Бұл эргонимдер әр алуан, олар тұтынушылар тобын анықтайды. Мұндай дүкендер тұтынушының уақытын үнемдейді және жүйкесін тоздырмайды. Мысалы, құрылысшы өз қажетін алу үшін «Стройматериал» дүкеніне, жүргіуші өз көлігіне қажетті бөлшекті іздеу үшін «Автобөлшектер» дүкеніне барады.

Бұл атауларда сондай-ақ тұрмыстық бұйымдар: тағам, сусын атаулары; киімдер мен оған қажетті заттар т.б. туралы мәліметтер бар. Бұл эргонимдерде ақпараттық қызмет маңызды рөл атқарады. Мұндай эргонимдердің басым көпшілігі тауар немесе қызмет түрлеріне қатысты атауларды қамтиды: 1) **интерьер, тұрмыс заттары дүкендері** - «1000 сан ұсақ-түйек», «Комфорт», «Жиһаз», «Уют», т.б.). Қарастырып отырған осы топқа шартты түрде «әлем», «орталық», «үй» мағынасындағы атауларды қосуға болады. Осындай атаудағы дүкендер тұтынушылар үшін әрқашан орасан тауарлар әлеміне ассоциация береді: «Балалар әлемі», «Ыдыстар әлемі», «Кілемдер әлемі», «Сауда орталығы», «Сауда үйі» т.б. Мұндай дүкендер тұтынушы үшін өте ыңғайлы, өйткені онда олар тауарды өзі ұстап шыққан мерзімін, өндірушісін т.б. мұқият қарайды және оны таңдауға асықпайды. 2) **тамақ, сусын түрлері**, дүкендер: «Арзан балық», «Алтын балық», «Мандарин», «Халал ет», Халва, «Жеміс-жидек»; кафелер: «Дом пива», «Aral-beer», «Beer-лога»; дәмханалар: «Тағам», Дастархан, Бауырсақ, «Лаваш», «Сластена», «Кофе До», «Арай фаст-фуд», «Қуырдақ», т.б. 3) **киімдер мен қосалқы заттар** (аксессуарлар), дүкендер: «Башмачок», «Гардероб», «Каблочек», «Мир обуви», «Спорт тауарлары», «Трикотаж әлемі», «R.A.M. JEANS», «Сөмке», «Fashion», «Евростиль», т.б.. Бұлар эргонимдердің ақпараттық қызметінің маңызды екендігін дәлелдейді.

Осы топта топонимдерден жасалған эргонимдер саны да едәуір. Олар есте қалдыру (мемориалды) және көбінесе мекенжайлық қызметі атқарады (ат қоюшы топонимді пайдалана отырып, комерциялық өнеркәсіптің белгісін топониммен ретінде көрсетеді). Ал бұл маңызды белгі болып табылады. Аталмыш факті географиялық тақырыптың өзектілігін танытады. Мысалы: «Астана» (мейрамхана), «Алатау»

(мейрамхана), «Стамбул» (сауда үйі), «Пекин» (мейрамхана), «Токио» (кафе). «Прага-7» (кафе), «Қызылорда» (қонақүй), т.б.

Гидроним-атауларды да бір топ ретінде көрсетуге болады. «Сырдария» (сауда үйі), «Сарқырама» (дизайн орталығы), «Оазис» (кафе), «Мелиоратор» (ЖШС), «Құмкөл транссервис» (АҚ), т.б.

Сөз болып отырған топқа флора мен фаунаға байланысты болып келетін эргонимдерді жатқызуға болады. Мысалы: «Қалампыр» (дәріхана), «Қызғалдақ» (дәріхана), «Жалбыз» (дәріхана), «Ромашка» (дәріхана), «Байтерек» (мейрамхана), «Жасмин» (кафе), «Ласточка» (кафе), «Алма», (сауда үйі), «Акация» (гүл орталығы), т.б..

Осы топқа сондай-ақ космонимдерден: «Уркер» (мейрамхана), «Шолпан» (дүкен), «Жұлдыз» (дүкен), «Сатурн» (кафе), «Сириус» (кафе), «Спутник» (дүкен) «Миркурий», (кафе), т.б. жасалған атаулар да бар.

3. Күрделі аталымды нысандар атауынан жасалған эргонимдер (А.В.Суперанский оларға мерзімді баспасөз органдарының, мереке атауларының, әдеби және өнер туындылардың атауарын жатқызады). Олардың ішінде түрлі өнер түрлері – әдебиет, телеарна, музыка, театр аттарымен байланысты болып келетін эргонимдер анық байқалады. Бұл топтағы эргонимдер біздің жинастырған атаулардың 6,9 пайызын құрады. Мұндай атаулар білімділікті, ассоциативтілікті көрсетеді. Мысалы: дүкендер - «Академкітап», «Канцтауар», «Мұстафа Шоқай кітап үйі», мекемелер - «Нартай Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театры», «Сәбира Майқанова атындағы мәдениет үйі», «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті», «Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана».

4. Адамдарды, мекемелерді және т.б. сипаттайтын сөздерден жасалған эргонимдер. Қызылорда қаласындағы аталмыш топтағы эргонимдер онша көп емес, бірақ бар. Біздің жинастырған эргонимдердің 9,9 пайызын құрады. Олардың ішінде адамды сипаттайтын атауларға: «Сыр сұлуы» (кафе), «Гүлмира доктор» (тіс емханасы), «Шакир-дантис» (тіс емханасы), «Доктор-Мом» (дәріхана), «Бай Сара» (короке-кафе), «Сұлтан сүйрік» (сән солоны), т.б. жатады. Сондай-ақ өнеркәсіпті сипаттайтын «Шоқ су» (ЖШС), «Селена-star» (қонақүй), «Алтын Орда» (қонақүй.), «Алтын сарай» (мейрамхана), «Имперал Строй» (сауда үйі), «Строй люкс» (дүкен), «COPY EXPRESS» (дүкен), «Сыр қуаты» (ЖШС), т.б. эргонимдер бар. Бұл атаулар әрі ақпараттық, әрі жарнамалық сипатпен сәтті қойылған.

5. Астарлы мағыналы эргонимдер. Мұндай сипаттағы эргонимдер көбінесе құрылтайшылар мен олардың жақын туыстарының есімдерінің алғашқы дыбысы не буынынан құралған қысқарған атаулар болып келеді. Бұл топтағы эргонимдер қалада ең аз санды атаулар тобына жатады. Біздің жинастырған эргонимдердің 5,1 пайызын құрады. Нысан иелерімен жүргізілген сұхбаттар мұндай эргонимдер ат қоюшының «өзіндік бір айналы» екенін және ол оның өзіне ғана түсінікті болатындығын көрсетті. Көбінесе мұндай атаулар

құрылтайшылардың және олардың жақын туыстарының есімдерінен алынған қысқартулар «ЖанРос» (Жандос — үлкен ұлының аты + Россия — мемлекет атауы), «Ибрайхан и К» (Ибрайхан және Кенжебек — мекеме иелерінің атауы), «ВAB-групп» (Боранбаев Әскербек Болатұлы — мекеме құрылтайшысының атыжөні), «Жани III» (ЖШС), «Брыс-НГ» (ЖШС), «К-групп» (ЖШС), «Абзал и К» (ЖШС), «Венера и К» (дүкен), т.б.. Енді бірі жай ғана дыбыс тіркестерінен алынған атаулар болуы мүмкін, оны ат қоюшы ол эргонимнің мағынасын түсіндіре де алмайды. Мысалы, «Ергош» (кафе), «Гемакасис» (ЖШС), т.б.. Жалпы мұндай эргонимдер әдетте өте аз кездеседі. Мұнда ат қоюшы эргонимнің негізінен адресатқа жеңіл қабылдануына, есінде тез сақталуына көңіл бөледі. Тағы бір топтағы эргонимдер сатып алушыларға ешқандай ақпарат бермейді. Бұл кәсіпорын иесінің эргонимнің мүмкіндігін біле бермеуінен жіберілетін қателігі. Жалпы қандай да бір эргоним болмасын ол фирманың имиджін жасайтын және оны тауар мен қызмет көрсету нарығында алға сүйреуге көмектесетін сыртқы жарнаманың бір тәсілі болып табылады.

Жүргізілген зерттеу аясында біз жоғарыдағыларға қосымша **полиэтникалық сипатты танытатын эргонимдер** тобын да анықтадық. Жалпы эргонимдер сол жерде қолданылып отырған тіл немесе тілдер базасында, сол халықтардың ерекшелігін көрсететін атаулар негізінде қалыптасады. Қызылорда қаласында көптеген этностар мен диаспоралар өмір сүреді. Міне, осы жағдай көптеген дүкен, мекеме, фирма, мейрамхана атауларының әралуан тілде болуына себепші болып отыр. Мысалы, түрік тілдері тобынан алынған атаулар: «Регистан», «Шахноза», «Мунира», «Узбечка», «Алишер», «Азия», «Шаһар», «Шайхана», «Шейх-S», «Стамбул», «Анкара», «Кишлак», т.б.; орыс тілі негізінде жасалған эргонимдер - мейрамханалар: «Золотой дракон», «Арбат», «Кристал»; кафелер: «Фортуна», «Насталгия», «Ласточка»; дүкендер: «Оптовик», «Нородный», «Башмачок»; дәмханалар: «Волшебная лампа Алладина», «Минутка»; сән салоны: «Принцесса», шеберхана: «Татьяна», т.б.; корей тілі негізінде жасалған эргонимдер: «Чосон», Кореана (кафе), «Асон» (кафе) т.б.; шешен тілі негізінде жасалған эргоним: «Дашо сай» т.б.. Сондай-ақ Қызылорда «Сыр — алаштың анасы» деп аталған үш жүздің басы қосылған, рулық құрамы әртүрлі өңір болып табылады. Бұл қаладағы осы топтағы эргонимдерде біршама орын алған. Мысалы: «Қыпшақ» (орта жүз руы), «Ер Шоштан» (орта жүз руы найманның бір атасының атауы), «Дөйт» (кіші жүз руы), «Алаша» (кіші жүз атауы), т.б..

Бүгінгі таңда тілімізге өзге тілдердің элементтері еніп, тіліміздің жүйелері ішінара болса да өзгерістерге түсуде. Жалпы бір тілге өзге тілден енген сөздерді зерттеу отандық лингвистердің ғана емес, онымен қатар шетел лингвистерінің де өзекжарды мәселесі болып саналады. Шет тілінен енген сөздер деп өзге тілдің сөздік қорына тиесілі сөздерді айтамыз. Олардың бірі біздің сөздік қорымызға ешқандай

баламасыз дәл өзінің сол мағынасында еніп жатса, кейбірінің тілімізде аудармасы болғанымен оны өзіміз өзара қарым-қатынаста қолданып жатамыз. Өйткені ол сөздер өзге елдің мәдениеті арқылы енуде. Ал мәдени тұрғыда елімізде жаһандану үрдісі жүріп жатыр, демек біз әртүрлі дамыған елдермен мәдени және жан-жақты тәжірибе алмасудамыз. Тілімізде шет тілі элементтері өз қалпында қолданылуы ономастиканың эргонимика саласында қатты сезілуде. Бұның ең негізгі себептерінің бірі ол атаулардың мемлекеттік тіл басқармасына қарасты болмағанынан туып отыр. Әрбір номинатор өз кәсіпорнына өзі қалаған есімді атау етіп беруде. Кәсіпорын иелері үшін немесе, басқаша айтқанда, ат қоюшылар үшін маңыздысы тілдік саясат емес, адресатқа эргонимнің жағымдылығы болып отыр.

Қазақстан Республикасы бүгінгі таңда егемен ел ретінде әлемнің көптеген елдерімен мәдени, саяси, экономикалық байланыста дамып келеді. Бұл оның лингвистикалық кеңістігіне де өз әсерін тигізеді. Қазақстанның барлық қалалары мен аудандарында, соның ішінде зерттеу нысаны болып отырған Қызылорда қаласында өзінің шеттілдік атауын (брэнділерін) көрсететін көптеген белгілі шетелдік фирмалар атаулары мен шетел сөздерінен ғана тұратын көптеген эргонимдер бар. Мысалы, фирмалық дүкен «ADIDAS» (дүкен), «NOKIO» (дүкен), шаштараз-салон «WELLA, «Ti-tech сервис» (ЖШС), «Esperanza» (кафе), «Oasis» (турситік агенттік), «City jeans» (киім дүкені), «Sonata» (кафе), «GALLA» (түрік жиһазы), «R.A.M.JEANS» (ерлер киім дүкені), «Fashion» (киім дүкені), «Camellia» (гүл орталығы), «Evim» (тұрмыстық тауарлар дүкені), «COPY EXPRESS» (компьютерлік техника дүкені) «TEKSAN» (дүкен), «TEXNOMAN» (дүкен), «PLATINA» (зергелік шеберхана), «MAXSMUM» (жарнама агенттігі), «NEXUS» (дизайн студиясы), «SUPERMATIC» (интернет клуб), «Royal» (интернет клуб), «ANGELA» (сән салоны), т.б.

Қаланың экономикалық және өндірістік өмірдің орталығы ретінде танытатын атауларды **«техногендік эргонимдер»** деп атайды. Техногендік эргонимдердің мынадай түрлері бар: -құрылыс, -авто, -сауда және трейд (ағыл. to trade — сауда жасау), -техно және -тех, -энерг және -энерго, мұнай және oil (ағыл. мұнай, май), - инвест, -холдинг, -газ, -хим, -жөндеу, металл. Оларға: «Торғай-Петролиум» (АҚ), «АйДан Мұнай» (АҚ), «Қуат Амлон Мұнай» (ЖШС), «КазПетрол Групп» (ЖШС), Құмкөл Транс Сервис» (ЖШС), «КазРосМұнай» (ЖШС), «ЭкоҚұрылысМаркетинг» (ЖШС), «Ай-дан-инвест» (ЖШС), «АсарХолдинг» (ЖШС), «Бест сервис» (ЖШС), «Батт Ойл» (ЖШС), «Дорстрой» (ЖШС), «Строй-Мода» (Сауда үйі), «Отырар travel» (туристік агенттік), т.б. Әрбір атау сол халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі туралы белгілі бір ақпарат береді. Сонымен Қызылорда қаласының эргонимдік кеңістігі мекеме, компания, өнеркәсіп, фирма, қоғамдық ұйым атауларының өзіндік жүйесін білдіреді. Ғалымдарды аймақтық деңгейдегі осы заманғы эргонимдер проблемалары және ылғи да даму үстіндегі лексикалық бірліктер қызықтырады.

Сонымен Қызылорда қаласындағы эргонимдер туралы ақпараттарды жинап және оларды жүйелей келе дүкен иелері өз сауда нысандарының атауын беруде бірінші және екінші топтағы эргонимдерді таңдайды екен:

1. Мағынасы тек «тауарлық ассортоментті» ғана білдіретін атаулар.
2. Антропоним-атаулар.

Бірінші топ, біздің ойымызша, ең сұранысқа ие атау, өйткені тұтынушы егер ол дүкен болса, оның атынан оның не сататынын нақты ақпарат ала алады. Мұндай эргонимдерді таңдап қана қою жеткіліксіз, оған осымен қоса аздаған қиял мен шығармашылық ізденіс керек. Мысалы, тек «Азық-түлік» емес «Ең балғын азық-түліктер», «Киімдер» ғана емес «Сіздің киіміңіз» деген сияқты т.б. Антропонимдердің де жиі пайдалануы түсінікті. Қызылорда үлкен қала емес және оның жекелеген шағын аудандарындағы тұрғындар сол жердегі дүкеннің кімге тиесілі екені ғана емес, атауды кімнің құрметіне қойылғанын да жақсы біледі (мысалы, «Индира» дүкені оның иесінің қызының атына, «ЖанРос» компания иесінің баласының атына, «Ажар» сауда үйінің әйелінің атына қойылған). Жалпы алғанда Қызылорда қаласы эргонимдерінде шығармашылық ізденіс бастауы мен креативтілік мүлдем жоқ деп айтуға болмайды.

Қала эргонимдердің **сөзжасамдық ерекшеліктерін** қарастырғанда біз олардың екі түрлі тәсіл арқылы – семантикалық және атаулық сөзжасам тәсілдер арқылы жасалуына көңіл бөлеміз:

1. Сөзжасамның семантикалық тәсілі арқылы жасалған эргонимдер.

Олар: **1) эргоним сөздер**, олар өз ішінен мынадай жолдармен жасалған: а) трансонимдену (бір атаудың екінші нысанға атау ретінде көшуі) (дүкендер – «Рахат», «Арай»; сауда үйлері – «Сырдария», «Торғай», «Стамбул»; мейрамханалар - Қыз Жібек, Жанетта т.б.); ә) онимдену, бұл негізгі екі типі арқылы метафорамен (сән салондары – «Шарм», «Принцесса»; күзет агенттіктері «Найза», «Арлан», т.б.) және метонимиямен («Арзан баға» - «Арзан» базары т.б.), өзге тілден енген атаулар («Кореана», «Виола», «Версаль», т.б.) және т.б.. **2) эргоним сөз тіркестері**, құрамы әр түрлі сөз таптарынан болған, мысалы: *зат есім + зат есім* (құрылыс компаниялары - «Асар Құрылыс», «Адем Жан»; мұнай компаниясы «Торғай-Петролиум», «Қуат Амлон Мұнай»), *сын есім + зат есім* (мейрамханалар – «Алтын сарай», «Золотой дракон», «Жас отау»), *сан есім + зат есім* (дәмханалар - «Жеті қазына», «Три поросенка»). **3) эргоним сөйлемдер**, жалпы мұндай эргонимдер өте аз кездеседі, мысалы бұл орыс тілінде көбінесе этикеттік формалармен, одағайлардан жасалған (дүкендер: «Браво», «Вива») және бұйрық райлы етістікпен келетін сөйлемдер (дәріхана: *Будьте здоровы!*). Біздің ойымызша, мұндай эргонимдер қазақ табиғатына тән емес және осы сипаттағы кірме эргонимдер де біз зерттеу нысаны еткен қалада мүлдем кездеспейді.

2. Атаулық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған эргонимдер. Бұлар өз ішінде үш түрлі жолмен жасалған: **1) буынның қысқаруы жолымен**

жасалған эргонимдер (мұнай компаниялары: *ЖандосРоссия* — «*ЖанРос*»; *Қазақстан Россия* мұнай — «*КазРосМұнай*»; *Фармация Сервис* — «*ФармСервис*», т.б.). **2) қосарлану арқылы жасалған эргонимдер** («*Эко-фам*», «*Ай-дан-инвест*», «*Аңсар-Сервис*», т.б.). **3) сан және өзге де символдар қоса жазылғандар** («*Жайна -2*», «*Прага -7*», «*Азия +*», «*Шейх-S*» т.б.).

Қызылорда қаласындағы эргонимдерге сөзжасамдық тұрғыдан талдау жасау барысында біз семантикалық тәсілдің өнімді екенін көрдік. Оның ішінде ең өнімдісі **эргоним сөздер**, оның ішінде *онимдену* жолымен жасалғандары. Бұл тілдік материалды үнемдеуге қатысты, өйткені метафора мен метонимия тұтынушының көңілін аудартуға септігін тигізеді, атау берушіге қысқа да нұсқа, образдық ат қоюға көмектеседі. Саны жағынан келесі орынды **эргоним сөз тіркестері** алады. Бұл тәсілді атау берушілер бойына барынша көп ақпарат жинақтайтын көпқызметті эргонимдер жасауда жиі пайдаланады. Жоғарыда айтын өткеніміздей, **эргоним сөйлемдер** зерттеу нысаны болып отырған қала тілінде кездеспейді.

Қаладағы әртүрлі кәсіпорындарының маңдайшаларында мүлдем жіберуге болмайтын түрлі **қателіктерін** жиі көретін болдық. Біз бұларды сондай-ақ жарнамалардан, афишалардан, хабарландырулардан т.б. көреміз. Бұл не? Бұл сауатсыздық сөзді дұрыс айта алмаудан ба, әлде дұрыс жаза алмаудан ба немесе әдейі бөлектеніп көрініп, назар аудартудан ба? Біздің көзқарасымыз бойынша, Қызылорда қаласы эргонимдерінде осы заманғы жазу өз бейнесін тапқандай. Эргонимдерден біз көбінесе орфографиялық нормалардың саналы түрде бұзылғандығын кездестіреміз. Мысалы, бас әріптерді нормаға сәйкес қолданбау, ат қоюшы сөздің алдыңғы бөлігін бөлектеп көрсетеді («*АВТОбөлшектер*»), кейде бас әріптер сөз тіркесінің ортасында қолданылады («*Ыдыстар Әлемі*», «*Сыр Әлемі*»-«*Мир Красок*»), (жалпы *Ыдыстар*, *Кілемдер*, *Киімдер* деп көптік жалғаумен жазу да қазақ тілінің табиғатына жат), тіпті сөздің соңын да бас әріптермен саналы түрде жазу кездеседі («*МастерОК*», «*ТурАН*» «*ӘлемТУР*» «*ШоқСУ*»).

Тағы бір тілдік норманы бұзушылыққа сөзбен бірге әріптік емес таңбаларды пайдалану жатады («*Азия +*», «*Прага-7*», «*Сптовик*»,).

Кейбір эргонимдерден шетелдік әріптердің (латын алфавиті) араласуын жиі көреміз («*Сарқырама*», «*ШейхS*» «*Лаботория-S*», «*Империя -s*»).

Қазақтың біртуар азаматтарының есімдерін қала көшелеріне беруге болғанымен, оларды сол көше бойындағы нысандарға беруге болмайды. Мұндай келеңсіздіктерге тиім салынуы керек. Мысалы, «*Төле би*» дүкені, «*Baistrit*» (Байтұрсынов көшесіндегі мейрамхана), «*Бейбарыс*» сауда үйі, т.б.

Қаланың лингвистикалық ландшафтында шетелдік лексиканың белең алғандығын айтпай кетуге болмайды. Мұндай шетелдік сөз-

эргонимдер тек өзі ғана жазылып қоймай, енді қазақ сөздерімен бірге араласа қолданылатын болды («Алма-dent», «ДостарMed-lain», «Отрап-travel1» «БАТ-OIL», «МК- OIL», «Baistrit»). Сондай-ақ қала көшелерінде жеке адам есімдерінің де әдейі саналы түрде қате жазылуы да көбейіп барады («Адема» - Әдемі, «Ақ-Ерке» - Ақерке, т.б.). Мұны тілге менсінбеушілік танытудың белгісі, тіпті мемлекеттік «Тіл туралы» заңды өрескел бұзу деп түсіну қажет. Басқа ұлт өкілдерін былай қойғанда, бұл өзіміздің тілге деген немқұрайлығымызды байқатады. Қала эргонимдерінің дұрыс жазылуы — бұл қала халқының сауаттылық көрсеткіші. Басқаша айтқанда, сауаттылық - бұл тұтынушыға кәсіпкердің көрсеткен сыпайлығы, сауаттылық — бұл табысқа жетудің маңызды қадамы. Кәсіпкер тұтынушыны тілдік заңдылықты, норманы саналы түрде бұзу арқылы емес, көрсететін қызметі мен тауарын жарнамалайтын басқа әдіс-тәсілдерді табуы тиіс.

Әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. - Москва: «Наука», 1988. - С.151.
2. Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. / А.В. Суперанская. — Москва, 2007.
3. Иманбердиева С. Қала ономастикасының кейбір мәселелері. - Алматы: Арқас, 2004.
4. Какимова М.Е. Типология эргонимов Северо-Казахстанской области. Автореф. канд. филол. наук. - Алматы, 2004, - С.12.

Тарихымызда тілдің ұлтты ұйыстырушы құрал екендігін ең алғаш аңзартқан Алаш зиялылары болды. Олар қазақ тілінің тарихи һәм табиғи осы миссиясын негіздеумен бірге тіл білімінің де бастауында тұрды. Біз журналымыздың «Мерейтой» айдарында ұлт зиялыларының тіл туралы айтқан өміршең де өзекті ойларын ұсынуды жөн көрдік. Өйткені, 1905 жылы «Қарқаралы құзырхатынан» өріс алған Алаш қозғалысының басталғанына биыл 110 жыл толып отыр.



Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

... Қазақ деген қашаннан өз алдына ұлт болып, Еділден Ертіске, Оралдан Ауғанға дейін тұтас тұрған халық еді. Арамызға әртүрлі жұрт кіріскенде солармен қатар, атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы біздің төсекте дөңбекшітіп ұйқымызды бөлетін нәрсесі. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттарға не тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазылған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы — тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағанда тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлау керек. Қазақтың осы күнгі ісінің бетіне қарағанда һәм мұнан былай ісіміздің беті осы болса, қазақ тілі азып, жоғалуға ықтимал. Біз келісек жұрттан кем болмас үшін оқымай тұра алмаймыз. Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. Оқығанда ісіміз осы қалпында болса, тіліміздің азып жоғалуы да анық. Қазақтың балалары қалай оқып жүр? Елде оқыса, он жыл оқып хат жазуды білмейтін ескі жолмен оқиды.

Шаһарда оқыса, я сарт, я ноғай медреселерінде оқиды. Рус школында оқытыны русша кітап, үйренетіні русша жазу, қазақша көбі оқи да, жаза да білмейді. Мұсылман медреселерінде оқығандардың естігені әдеби тіл, оқығаны әдеби тілмен жазған кітап, жазғаны да сол кітаптың тіліне салып еліктеу. Ол әдеби тіл деген қандай тіл? Араби, фарсы сөздер көп кірген тіл. Неғұрлым араби, фарсы сөздер көп қосылса, неғұрлым қара халық түсінуге ауыр, тіпті түсінбейтін болса, әдебиырақ болады деп тұтынған жолдан шыққан тіл. Бұл тіл халықтан тумаған, жаны жоқ тіл. Мұсылманша оқығандарымыз әдеби тілмен сөйлейміз, әдеби тілмен жазамыз, қазақша жазсақ, әдеби тіл болмайды деп қазақ тілімен жазуға ұялады, қорынады. Русша оқығандарымыз қазақ тілімен пікірімізді толық айта алмаймыз, жетпейді, русша жазғанымыз оңай дейді. Қысқаша, русша, мұсылманша оқығандарымыз қазақ тілімен жазуға қорынып, біреуі русша жазады, біреуі әдеби тілмен жазады.

Бұлардың өз тілінен қорынып, жиренетін себебі не? Менің ойлауымша, бұл әдеттенуден бірі орысша, бірі әдеби тілмен оқып қазақша жазу әдетінде болмағандық. Әдетінде жоқ нәрсе қалыптан тысқары болып, басында ерсі көрінеді. Қазақ тілі мен жазу әдетінде болмаған соң русша һәм мұсылманша оқығандарымыз қорынады. Бір-біріне жазған хаттарын да қазақша жазбайды. Бұлай істеулері ұнамды емес. Бірақ қазақ балаларын аталары осы күнгі оқытуына қарағанда «бұл неге солай» деп ғажаптанар да іс емес. Сегіз, тоғыз жасынан оқуға түссе, оқыған тілі басқа болса, жазғанда сол кітаптардан үлгі алып жазса, олар қайдан қазақша жазуға әдеттенер? Мұнан былай да осы бетімізбен жүре берсек, ақтығында қазақ тілі азып-тозып, бірте-бірте тұтынудан шығып, әуелі қазақша жазу ұят көрінер, онан әрі не болары белгілі. Оқыған жастарымыз қазақ тілінен жиренсе, қарттарымыз мың жасауға болмаса, қазақ тілі жан сақтайтын орын жоқ. Сондықтан бұлақтамай осы бастан істің бетін тура жіберу үшін анықтап ашатын нәрсе мынау: қазақ тілін сақтау керек пе, болмаса русша болсын, басқаша болсын сөйлеуге жараған соң бәрі тіл ғой, қазақ тілі жоғалса, жоғала берсін дейміз бе?

Біздің газетіміздің таңбасы «Қазақ» яғни қазақтығымызды сақтау. Қазақтың әрине аты мен тілі жоғалмаса сақталады.

Бұл айтқанымыз русша, я басқаша оқымасын деген емес, русша тілін де білу керек. Бірақ өз тілінен жиренбеске керек деген сөз. Тұтынбаған нәрсе жоғалады. Он жыл, он бес жыл еңбек етіп, қиналып рус яки әдеби тілдерді үйренгендерге өз тілімен жазуды үйрену қиын деп ешкім айта алмас. Русша біздің де, әдеби тілді білудің де орындары бар. Біздің қарауымызша оларды өз орындарына жұмсау тиіс. Ақырында айтатынымыз, әдеби тілді сүйетін бауырларымызға газеттегі қазақтың қара тілімен жазғанымыз ұнамсыз көрінсе, ол кемшілігімізге кешу өтінеміз. Жұрт үшін шығарылған нәрсе жұртқа жақын болуы тиіс. Аспандағанмен жерден алыс кете алмаспыз. Артылдық дегенмен елден алыс кете алмаспыз.

(Автордың «Қазақ» газетінде осы басылымның бас мақаласы ретінде жарияланған еңбегінен алынды)



Гұмар ҚАРАШ

...Бір халықтың өз тілінде білім-өнері болмаса, ол халықтың тілі бұзылып өзгереді һәм көршілес күшті халықтың тілімен әсірелеп, . . . соған қол болады, оның ішінде жаңалықтар көбейеді. Ол кішкене ұлттарды жаңартып, жандандырылмаған ескі тілі өзінің барлық маңызын жояды һәм жылдам ұмытылады. Мұның мысалын тарих бетінде бек көп ұшыратамыз, бұрын да бірнеше халықтар болған, қазір біз олардың бірін де көре алмаймыз, һәм олар жоқ. Міне бұлар — сол тілдері жойылып кеткендер.

Тіл болмаса, ұлт та болмайды. Яғни ол ұлт бүтіндей өлген, жоғалған ұлт болады. Патшалық заманында көп ұлттар осындай халдерге душар болды. Мінекей, залым патша үкіметі қолында айырма уақ ұлттар осылайша ойыншық болып жүрді. Ұлы өзгерістің қуатты күшімен патша үкіметінің негізсіз ұясы быт-шыт болып таралды. Ол өзгеріс бізге сөз бен дінге үлкен бостандық берді. Һәм бүтін ұлттарға бірдей құрдастық, тегістік жолын ашты. Міне, қазір бізге айнала кеңшілік, қай жағымызда да тоқталыс беретін кедергі жоқ. Ұлтымыздың білім, өнерін, әсіресе, ана тілімізді қалайша һәм өсірсек те жолымыз ашық.

Өнер, әдебиетімізді көркейту, шаруашылық жағымызды ілгері бастыруға еріктіміз. Осы айтылған мақсаттарды жарыққа шығарғанның соңында бізде де күшті ұлттармен қатар, ұлы өзгерістің үстімізге жүктеткен зор міндеттерін атқарған боламыз. Жалпы өнер-білімнің ішіне ана тілі болуы да кіреді һәм мұның керісінше ана тілі болудан ұлттың білім-өнері табылады. Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді таратуға мүмкін емес. Ең әуелі ана тілі қажет. Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің. Ана тілін білмей тұрып ұлт білімін ала алмайсың. Ұлт білімі болмаса, онда әдебиеттің болмайтындығы өзі-ақ белгілі. Әдебиеті жоқ ұлттың өнері де өршімейді.

Тіл сақтауға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тисі. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз.

Ұмытпаңыз. Өзімізді басқа ұқсас халықтан айыратын белгіміз болған ана тілімізді білсек қана осы мақсаттаршға жетпекпіз. Егер ұлттың ешбір білім-өнері болмаса, оның кәсіп-харакеті де нашар болады. Мұның соңында ол күшті ұлттың қолтығына түседі, һәм солайша біраз уақыт өткен соң ол ұлт бүтіндей жоқ болып кетеді. Осы айтылғандардың бәрі де білім-өнері болмаған ұлттың ұлт емес екендігіне дәлел. Яғни ұлтшылдықтың нағыз белгісі болып табылады. Тіл мұнан басқа айырмаларда ұлттардың бәрі де бірдей. Тіл ешбір уақытта өзге нәрселерге бас имеске тиіс. Біз оны бегірек те сүюге һәм түрлі жұқпалы шет тілдерден сақтауға борыштымыз. Тіл — айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады.

Бала анасының құрсағында-ақ, өз ұлтының тілімен ауызданады, бүтін денесі сонымен азықтанады. Өскеннен соң бала тілді жарыққа шығарушыға, өршітуге борышты.

Қазақ халқының келешектегі ұрпағының жазымы да осыған тіреулі. Біз ана тілімізді оқып білсек, соның арқасында ұлтымыздың білім-өнерін алға жібереміз, өршітеміз. Білімі ілгері болған жақта тұрмыстың тірегі болған кәсіпөнер жолының кең болатындығы шексіз мәлім, онда шаруашылық жағы да орасан күшті әм өте сенімді болады.

Осы айтылған істерді орнына келтіргенде ғана өз ұлтымызға айырым басқалықтар даулай аламыз.

*(Автордың Ұлт һәм туған тіл
(Патшалық һәм бостандық заманында) еңбегінен алынды)*



Халел ДОСМҰХАМЕДУЛЫ

Елдің тілі бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады. Бұлар жат әсерлерге бағынғыш келіп, ана тілін өзгеруге жол басшы болады. Оқығандар өзіне ылайық әдебиет тілі деген тіл түзейді. Түзеген жаңа тілін ел ішінде жая бастайды, көбіне зорлап кіргізеді.

Әдебиет тілі дұрыстап түзелмесе, қара тілдің заңымен жүрмесе, әдебиет тілі көп бұқараға түсініксіз жат тіл болады, елге сіңбейді; сондықтан жер жүзіндегі жұрттың көбі әдебиет тілін қара тілге жақын қылып елге түсінікті қылуға тырысады. Әдебиет тілінің қаруы — баспа мен мектеп. Баспа мен мектеп деген — адам шошынарлық өте қайратты қару. Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел — сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Қазақтың әдебиет тілі жаңадан басталды. Елдің қара тілі әдебиет тілімізге негіздікке алынды. Әдебиет тіліміздің табаны дұрыс салынды деуге болады. Табаны дұрыс салынғанмен, үйді көркем болып түзеледі деп айтуға болмайды. Үйдің керегесі (дуалы), төбесі, есік-терезелері, түрлі әшекейлері көп болады. Осылардың бәрі дұрысталып салынғанда ғана, әр қайсысы өз орнына қойылғанда ғана үйді түзеліп бітті деуге болады.

Осы күні әдебиет тіліміз өте қарқындап өсіп барады. Бір жағынан, өз сөзінен сөз тудырып байыса, екінші жағынан, жат сөздерді кіргізіп байып баратыр. Тілдің өз сөздерінен туған сөз тілдің негізгі заңымен тууы керек, тілдің нағыз өз баласы болуы керек. Бұған ешкім таласпаса, таласпайды да.

Жат сөзді қолдаушылар екі түрлі. Жат сөздерді туғандағы айтылуынан өзгертпей кіргізу керек, жат сөздерді өзгерту күнә деп

жат сөздерді тілімізге әдейі, жорта, қалыбынан бұлжытпай, кіргізіп отырғандар бар. Бұл — бір. Екінші — не себепті екенін өзі білмей, ойламай, бір сөзді бір жерден қалай естісе я оқыса, сол сөзді сол күйінше бұлжытпай тілге кіргізіп, қолданып отырғандар бар. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жат сөзді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады. Бұл туралы Аурупа тілдерінен алдымызда үлгі келтіреміз. Жат сөздерді өзгертпестен алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік — шатасқандық. Бұл жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді. Жат сөздерді өзгертпейінше жүргіземіз деп қазақтың тілін бұрағандар да, «мәдениетке үйретеміз, өнер шашамыз» деп арақ пен шылым, жұқпалы ауру таратқандар да бір есеп. Арақ, шылым, аурулар адам денесін бұзса, зорлықпен кіргізген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады. Қайсысының күнәсі көп?!

Тілімізге жат сөздер екі жақтан кіріп жатыр. Бірі — араб, парсы сөздері, молдаға оқығандар арқылы. Екіншілері — Аурупа сөздері, ордаға оқығандар арқылы. Араб-парсы сөздері тілімізге дінмен бірге кіре бастады. Молдалар қаншама дін сөздерін дұрыс айтқызамыз деп, [тіл] бұраса да ел болмады. Жат сөздерді өзінше айтып, тілінің заңына ылайықтап қолданатын болды. Дін тілімізді бұза алмады. Бұған себеп — көшпелі салтымыз һәм елге тым кәдірлі болған орасан бай ауыз әдебиетіміз. Көшпелі елге жазу-сызу оңайлықпен таралмады. Жазба әдебиет жоқтық бізді сақтады. Жазба сөз қазақ арасына он тоғызыншы әсірдің екінші бөлімінде пайда болды десе болады. Онан бұрынғы есепке алынбайды. Жазба сөз бізге, бір жағынан, Қазаннан, бір жағынан, Бұхардан келді. Араб-парсы сөздерінің де көбі осы көршілер арқылы келді.

Тілімізді байытайын деп тұрған екінші түрлі жат сөздер Аурупа сөздері, бұл сөздердің жаңғыз-жарымы болмаса, елге сіңгені жоқ. Бұларды қолданып, елге ықтиярсыз кіргізейін деп тұрған — әдебиет тіліміз. Аурупа сөздері соңғы заманда әдебиет тілімізге жапа-тармағай кіріп жатыр. Сондықтан бұлар туралы да біраз ғана сөз айтпақшымыз.

1) Аурупа сөздерін алғанда, сөзді қазақ-қырғыз тілінің заңымен өзгертіп, сіңуге қолайлап алу керек. Аурупа тілінен бізге әсері көп тиетін тіл — орыс тілі, орыс сөздері ықтиярсыз қолдануға керек болатын дәуірде тұрмыз. Сондықтан орыс сөздерін қолданғанда өте сақтық керек.

2) Күнбатыс Аурупа сөздерін алғанда түбін тексеріп, шамадан келгенше сөзді түпкі иесінің сөйлеуіне жақындатып алу керек. Сөз франсоздікі болса, франсоздың айтуына, немістікі болса, немістің айтуына жақындатып алу керек. Көпке дейін Аурупамен біздің арамызға орыс тілі дәнекер болады. Орыстар Аурупа сөздерін өзінше өзгертіп алады. Мұны үнемі ұмытпасқа керек. Аурупа сөздерін орыс арқылы алғанда өте сақтық керек. Аурупа сөзін орыс өзгертіп,

орыстың өзгерткенін біз тағы өзгертсек, ақырында Аурупа сөзі орынсыз танымастай болып кетіп, аурупаша да болмай, орысша да болмай шатақ болуы мүмкін. Копенгаген дұрыс емес, Көпен-һаген я Көпенһаген болуы керек. Гелсингфорс дұрыс емес, хелсинк-Форс болуы керек. Мұндай үлгілер көп.

Жасында ұлт мектебінде дұрыстап оқыған адам ана тілінің заңын ұмытпайды, бөтен тілдің сөздерін ана тілінің заңымен айтамын деп шатасады. Әксент туады, бөтенше сөйлеуге, бөтен елдің адамынан айырылмастай болып сөйлеу бұларға өте қиын болады. Бұлардың жат тілде сөйлегенде жаттығы білініп тұрады. Өз тілін жақсы білген түрікке Аурупа тілдерінде сөйлеу қиын болса керек.

Мектепте ана тілін жақсылап оқыған балаға орыс сөздерін көпке дейін дұрыстап сөйлеу мүмкін емес. Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек. Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл — күйініш. Өз тілін білмей тұрып жат тілді еліктей беруі зор хата. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек.

(Автордың Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы еңбегінен алынды)



Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Тіл — адам жанының тілмашы. Тілсіз жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар жарық көрмей, қор болып қалар еді. Адам тіл арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар. Жазушы, ақын деген сөз — ойлаған ойын әдемілеп жарыққа шығара алатын адам деген сөз. Тілі кем болса, адамның қор болғаны. Ойың толып тұрып, айтуға тілің жетпесе, іш қазандай қайнайды да. Қысқасы — адамның толық мағынасы мен адам аталуы тіл арқасында.

Тіл әрбір адамға осындай қымбат болса, әрине, ұлт үшін де қымбат. Тілсіз ұлт, тілінен айырылған ұлт дүниеде ұлт болып жасай алмақ емес. Ондай ұлт құрымақ. Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт — тілі болу. Ұлттың тілі кеми бастауы ұлттың құри бастағандығын көрсетеді. Ұлтқа тілінен қымбат ешнәрсе болмасқа тиісті. Бір ұлттың тілінде сол ұлттың сыры, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тынық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмыс, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі — бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай. Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндерде бір күн айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр. Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындап келеді. Күндерде бір күн түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты төрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

(Автордың Тілдің адам өмірінде һәм ұлт өмірінде алатын орны еңбегінен алынды)



Мұхтар ӘУЕЗОВ

Әрбір саналы, мәдениетті азаматқа ана тілі мен сол ана тіліндегі әдебиеттің қадір-қасиеті, мәні, нәрі қандай болатынын қысқа сөз көлемінде таратып айтпай-ақ қоямыз. Ол даусыз айқын ақиқат дәрежесіндегі қымбат шындық болғандықтан жалпы жайға тоқтау орнына нақтылы сөзге келейік. Ана тілі мен ана тілі әдебиетін әрбір жас буынға екі алуан жолмен жақын етіп білдіру бар. Бұның сара жолы — мектеп арқылы оқытып білдіру. Екіншісі, ұзақ болса да кейде өнімді, қонымды болатын, әр адамның өздігінен оқу-іздену арқылы сол ана тіл әдебиетін баурай білуі бар.

Бірталай қызметкерлер, олардың үй іші кейде тіпті қазақ әдебиетін, ол әдебиеттің көрнекті нұсқаларын, орысша аударылған түрде ғана оқиды. Оны да дәстүрі зор, мәдениеті мол орыс оқушысы құптап, мақтағаннан кейін ғана амалсыздан оқығандай оқитындары да жоқ емес. Осындай оқушының да бар екені даусыз. Әрине бұл жәй ол адамдар үшін сорлылық! Біздің білуімізше, ондай мамандар, қызметкерлер және олардың кітап оқуға жарарлық үй іштері орыс әдебиетін де жетістіріп оқып жүрген жандар болмауы керек. Бұндай адамдар мемлекеттік — бір сала істің, басы-қасында болса да, арнаулы мамандықты ұстап жүрсе де және тігінші тіккен костюм мен платье, пальто әкеп қондырған сырт мәдениеті, көрініс көркі болса да, шынында жоғарыда аталғандай, толық интеллигенттік сипатқа ие деу қиын. Кей уақыттарда оқытушылар арасында әдебиет тіл жайы емес, математика, физика сияқты сабақтарды оқытатын қазақ мұғалімдері арасында да, ана тіл әдебиетін онша біле қоймайтын жайсыз көріністер байқалатын тәртізді.

Қысқа мақала көлемінде осы жоғарыда аталғандай жайлы, жайсыз күйлерді еске ала келе айтарымыз: қазақ мектебіндегі бала келешекте қай мамандыққа барам десе де, ең алдымен өзінің ана тілін, ана тіл әдебиетін сүюі шарт. Сол сүюді орта мектеп табалдырығынан аттаған соң да мамандық білім беретін жоғары мектепке ауысқанда да, асыл қасиетіндей сақтау керек.

(Автордың Ана тілі әдебиетін сүйіндер еңбегінен алынды)

Тіл мәртебесін көтеру – маңызды міндет

Қазақ елінің тәуелсіздікке ие болуы – оның саяси мәртебесін, экономикалық дербестігін ғана емес, сонымен қатар жаңа мемлекеттің мәдени-рухани келбетін де қалыптастыруда осы үдерісте қазақ тілінің орны аса айрықша. Тілімізге мемлекеттік мәртебе берілуі оның саяси-қоғамдық, әлеуметтік өрісін кеңейтіп, оған соны қызметтер жүктеуде. Қазақ тілі енді



қоғамның барлық саласына еніп, басқару, реттеу, жұмылдыру, ақпарат, ғылым тағы да басқа салалардың негізгі тіліне айналу үдерісіне енді. Әлбетте, бұл қазақ тілінің барлық стильдік тармақтарының жетілуіне, сөзжасам мен терминжасам үдерісінің күшеюіне алып келеді. Қазіргі кезде тіл кеңістігінде осындай ішкі сапалы өзгерістер жүруде. Әрине, олар белгілі бір шаралар, мақсатты жұмыстар арқылы жүзеге асады. Елімізде тіл саясатын жүргізудің уәкілетті органы – Мәдениет және спорт министрлігі осы бағытта көптеген жұмыстар жүргізуде. Министрліктің Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті және оның жанындағы Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы үстіміздегі жылы мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және еліміздегі өзге тілдерді қолдау мақсатында бірқатар шаралар өткізді. Мұндай шаралар өзінің ұйымдастырылу мазмұны жағынан ғылыми-әдістемелік, көпшілік, насихаттық сипатта болды.

Еліміздегі тіл насихаты және осы бағыттағы өзге де жұмыстар, негізінен алғанда, мемлекеттік тілмен сабақтасатыны түсінікті. Қазақ тілінің басқа тілдерге қарағанда ерекше мәртебесі, мемлекетқұрушы ұлттың тілі болуы оған осындай айрықша басымдық береді. Тілдің ұлт тарихында алатын орны, оның ділі мен руханиятын қалыптастырудағы маңызы, халықтың танымын түзудегі және оны ұйыстырудағы рөлі қашанда тағдырлы мәселе болған. Сондықтан ұлттың барша болмысын жасаудағы тілдің ерекше ықпалы қашан да жоғары бағаланған. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: *«Ғасырлар бойы қазақтың ұлт*

ретіндегі мәдени тұтастығына ең негізгі ұйытқы болған — оның гажайып тілі» деген сөзі осы ойымызды айғақтайды.



Еліміздегі тіл саясаты ұлт пен мемлекет өміріндегі тілдің барлық маңызды қырларын ескере отырып жүргізілуде. Еліміздегі тіл саясатының басты бағдарлары Ата заң - Конституциямызда, Тілдер туралы заңда көрсетілсе, оны нәтижелі іске асыру жолдары Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасында толық айқындалған. Осы бағдарламада

айқындалған талаптарды орындаудағы Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыс комитетінің және оған қарасты Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының 2015 жылы атқарған жұмыстары әр алуан.

2006 жылғы қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XII құрылтайында Елбасы Н.Назарбаев «Үштұғырлы тіл» туралы идеяны жариялап, 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңмен іске асыруды ұсынған болатын. Болашағы біртұтас ұлт институционалды реформасында да осы мәселе көтерілді.

Үстіміздегі жылдың 10 сәуірінде ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, БАҚ өкілдері, облыстардағы тілдерді дамыту басқармаларының, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының, мемлекеттік мекемелердегі және ұлттық компаниялардағы Тілдерді дамыту бөлімдерінің басшылары, арнаулы және ЖОО, Тіл саласындағы қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «Тіл-татулық тірегі» республикалық кеңесі өткен болатын. Республикалық кеңес мемлекеттік тіл саясатын насихаттау, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, республикадағы Тілдерді оқыту орталықтарының жұмысын біріздендіруді мақсат етті.

Аталған кеңестің қорытындысына сәйкес «Оқыту әдістемесін біріздендіру, Тіл оқыту орталықтары оқытушыларының біліктілігін арттыру, мамандардың беделін көтеру және еңбектеріне мемлекеттік қолдау көрсету, басқа да жұмыстар бойынша нормативтік-құқықтық базасын реттеу, терминологиялық жұмыстарды жандандыру бойынша негізгі үйлестіруші орган ретінде Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы белгіленсін», - деп атап көрсетіліп, Орталыққа бірқатар маңызды міндеттер артылды.

Бүгінгі таңда Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің қолдауымен орталықтың ғылыми-әдістемелік әлеуеті көтеріліп

келеді. Орталықта комитеттің тапсырысымен шығатын оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтарға сараптама жасайтын ғылыми кеңес жұмыс істейді. Ол кеңеске әдістеме саласындағы жетекші ғалымдар мен мамандар топтастырылған. Республикалық ұлттық мәдени бірлестіктердегі жексенбілік мектептер арқылы этнос тілдерін және мемлекеттік тілді оқыту курстарын ұйымдастыруға мемлекеттік қолдау көрсету, аталған мектептердің қызметін әдістемелік жағынан қамтамасыз ету мақсатында әдістемелік құралдарды баспаға ұсынып отыр.

Өңірлердегі орталықтар дайындаған оқу құралдары республикалық орталықтағы ғылыми-әдістемелік кеңестің сараптамасынан өтіп, солардың оң қорытындысын алғаннан кейін комитеттің қарауына ұсынылады. Жалпы, өңірлердегі тіл оқыту орталықтарының басты мақсаты — мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік тілге үйрету, соларға арнап оқу-әдістемелік құралдар шығару болғандықтан, республикалық орталықтан бекітіліп ұсынылған бағдарлама бойынша жұмыс жасағаны әлдеқайда тиімді болар еді. Биыл осы бағыттағы жұмыстар біріздендіріле бастады.

Орталық қызметінің бір қыры жоғарыда тоқталып өткен оқу-әдістемелік жұмыстар болса, екінші қыры ұлттық терминология мәселесіне қатысты жүргізілетін жұмыстар тізбесін құрайды. Халқымыздың ғылым мен техника, мәдениет пен экономика салаларындағы жетістіктерін байқататын рухани және саяси маңызы зор факторлардың бірі - ұлттық терминология болып табылады.



Терминология, әсіресе салалық терминдерді аудару проблемаларына қатысты нақты мемлекеттік көзқарас орнығып келеді. Осыған сәйкес, Орталық терминологиялық лексиканы біріздендіру, терминологияның нормативтік-лексикалық қорын жетілдіру, салалық терминологиялық жұмыстарды жандандыру бағытында нақты тапсырма алып, ғалымдар, сала мамандары, практик аудармашылармен бірлесе іс-шаралар атқаруда. Орталықта Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясына қарауға ұсынылған терминдерге, атауларға, жеке сөздерге, сөз тіркестеріне және басқа да лингвистикалық сипаттағы жобаларға лингвистикалық сараптама жасап, қорытынды беретін сарапшылар тобы құрылған. Сарапшылар жекелеген азаматтардан, министрліктер жанынан ашылған салалық терминологиялық секциялардан, тілдерді дамыту басқармаларынан келген хаттар бойынша лингвистикалық сараптамалар жасаумен айналысады.

Сонымен қатар, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысымен Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері мен пәнаралық зерттеулері нысаны

бойынша 2015-2017 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді



гранттық қаржыландыру негізінде ауқымды жобалардың орындалып жатқандығын да айта кету керек. Ертеңімізді болжап, бүгінгімізге сын көзбен қараған сәтімізде халықтың рухын көтеріп, тіліміз бен ділімізді сақтап қалуға көмектесетін құралдардың бірегейі — ата-бабаларымыз мирас еткен мәдени игіліктер екендігі сөзсіз. Жас ұрпақты өз елінің патриоты

етіп тәрбиелеп шығару, жас өркеннің шабыты мен дарынының ашылуына жағдай жасау, сондай-ақ оларды бәсекеге қабілетті азамат етіп дайындау — аға буынның басты бағыты. Бұл мақсатқа жету үшін берілетін тәрбие ұлттық дәстүрлерге сүйеніп жүргізілуі тиіс. Ұлттық құндылық мәселесі сөз болғанда халықтың сан ғасырлар бойы жинақтаған алтын көмбесі — халық ауыз әдебиетіне тоқталмай өту мүмкін емес. Өйткені «сөз қадірін — өз қадірім» деп ұққан ата-бабамыз тілі мен діліне, ұрпақ тәрбиесіне қатысты көрген-түйгендерін, насихат-өнегесін халық ауыз әдебиеті арқылы жеткізіп отырған. Аты айтып тұрғандай халық ауыз әдебиетінің асыл мұрасы атадан балаға ауызша жеткізіліп, қасиетті кілті жатқа айту арқылы табыс етіліп келді. Бертін келе, ел ішіндегі көкірек көзі ашық сауатты азаматтар бұл көмбені хатқа түсіріп, ғасырлар қойнауында тасада қалмауының жаңаша жолын тапты. Қазіргі электронды ақпарат алудың желілері кеңейіп, кітап оқу жағы кенжелеп отырған заманда «ел қазынасы — ескі сөзімізді» замана көшімен бірге алып жүру үшін том-том кітап етіп шығару жеткіліксіз. Бүгінгі фольклортанушылардың алдында құнды мұраларымызды жастардың санасына сіңіртудің тың жолдарын табу міндеттері тұр.

Бүгінгі балалардың басым көпшілігін электронды ақпарат құралдары тәрбиелеп жатқаны баршаға аян. Онда қазақша өнімдердің үлесі өте аз екені де белгілі. Шет елдік мультфильмдер мен хабарларды көріп өскен қазақ баласы төл фольклорлық кейіпкерлеріміздің барынан да бейхабар десек, артық айтқандық болмас. Шет ел фольклорының бас қаһармандары немесе батыстық аниматорлардың қиялынан туған құбыжық кейіпкерлерді кез келген қазақ баласы қайдан көрсе де тап басып, түсін түстеп айтып береді. Бұған жас ұрпақты кінәлай алмаймыз. Өйткені, Қазақстандық бүлдіршіндерді ғаламтор бетінен де, көгілдір экраннан да, баспа өнімдерінен де, ең аяғы күнделікті жарнамалардан да халық ауыз әдебиетіндегі желаяқ, көлтауысар, таусоғар тәрізді халықтық қаһармандары емес, шет елдік аниматорлардың өнімдері қаумалап жатыр.

Баланың санасына мультфильмдер арқылы сіңіп жатқан жат образдар ойыншық түрінде қолына ұсынылып, қиял әлемін жаулап

алады. Балаларға арналған баспа өнімдеріндегі түрлі-түсті суреттер арқылы сәбидің дүниетанымына араласып, сүйікті кейіпкеріне, еліктейтін піріне айналады. Хат таныған жеткіншек, әрине, тәрбиелік мәні зор қазақ фольклорының нұсқаларын емес, сәби күнінен санасына таныс болған кейіпкерлер туралы ақпараттарды іздеп оқиды. Сөйтіп, түрі қазақ болғанмен танымы жат ұрпақтар легі қалыптасады.

Ғылым мен техника қарыштап дамыған бүгінгі өркениетті заманда өткен құндылықтарымыздан қол үзе бастағанымыз ащы шындық. Мұның бір себебі қазақ фольклорлық мұраларының ғаламтор бетінен, интернет кеңістігінен тиісті орнын ала алмай жүргендігінде. Инновациялық технологиялардың жетістігін пайдалана отырып, қолда бар мұраларымызды жастар арасында насихаттау бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Фольклорлық кейіпкерлердің суретшілер сомдаған, бірізге түскен бейнесінің негізінде түрлі мультфильмдер қойылса, әртүрлі материалдардан жасалған қуыршақтар сомдалса, түрлі-түсті көз тартарлық кітаптар шығарылса бүгінгі бүлдіршін хат таныған уақытында фольклорлық мұраларды қызығып оқыр еді деген ойдамыз.



Қазақтың ұлттық болмысы, тілі, мәдениеті, тарихы атадан-балаға жалғасып келе жатқан аңыз-әңгімелерінде, батырлық жырларында, ертегілері мен шешендік сөздерінде, жұмбақтары мен жаңылтпаштарында сақталған. Фольклорлық кейіпкерлердің портреттерін жасау жастардың ғана емес, ұлттың рухани мұрасын танып-білсем деген кез келген адамның қиял әлемін қанаттандырады. Қазақ фольклорының

түрлі жанрларындағы кейіпкерлердің сипаттамасы берілген мәтіндер мен олардың түркі халықтарының фольклорындағы инварианттарын, фольклортанушылардың еңбектерін зерделей келе, жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып, қазақ халқының рухани мол қазынасы - фольклорлық мұраны ондағы басты қаһармандардың бейнесі арқылы танытуға болады деген ой туындады. Осы идеяның негізінде «Инновациялық технологияларды пайдалану арқылы фольклорлық кейіпкерлерді біріздендіру» атты ғылыми жоба іске асырылып жатыр.

Комитет пен орталықтың оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарынан басқа тағы бір маңызды бағыты – қазақ тілінің байырғы бастауларын, төл табиғатын, бүгінгі қолданылу деңгейін таныту мен насихаттау.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында жастарға білім беру кезінде оның тәрбиелік жағына, атап айтқанда, патриоттық пен адамгершілік, ұлтаралық татулық және толеранттылық, рухани

даму жағына баса назар аудару керектігін атап көрсетті. Осы орайда, орталық ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысымен халықаралық және республикалық деңгейдегі бірқатар шараларды ұйымдастырды.

Орталық қызметкерлері Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған шаралардың да басы-қасынан табыла білді. Тараз қаласында атап өтілген «Түркі жазбалары мен мәдениеті күндерінің» аясында өткізілген «Қазақ хандығы мен түркілердің рухани мәдениеті: тіл және тарих» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға Қазақстанның түкпір-түкпірінен, Әзербайжан мен Қырғызстаннан танымал ғалымдар жиналып, түркі жазбаларына қатысты зерттеу нәтижелерін ортаға салып, пікір алмасса, Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі мен айтыс өнерінің алтын діңгегі Сүйінбай Аронұлының 200 жылдық мерейтойына орайластырыла Алматы облысы Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылында өткізілген «Текті сөздің төресі – терме» атты республикалық жыршы-термешілер байқауында қазақ фольклорының інжу-маржаны жыршы-термешілік өнер ұлықталды.

Тілімізді кемелдендіретін, жетілдіретін, оның бейнелілігі мен тереңдігін көрсететін саланың бірі бұқаралық ақпарат құралдары болып табылады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қай саласы болмасын тұрғындардың тіл мәдениетін, сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қызметі мен экспрессивті – әсер ету қызметіне сәйкес бұл саланың стилі қазақ әдеби тілінің жай-күйін, әдеби тілдің нормаларын танытуда жетекші стиль ретінде қалыптасып отыр.

Соңғы жылдардағы БАҚ материалдарына назар салсақ, біршама жанрлық-стильдік жаңалықтар, өзгерістер бар екенін байқаймыз. Ұлттық коммуниканттың назарын қалайда өзіне аудару үшін прагматикалық қуаты күшті экспрессиялық сөздерді қолдану – бүгінгі БАҚ-тың тіліне тән сипат. Өкінішке орай, радиодан берілетін хабарларда сөз қолданыстағы қателер кездесе, теледидар немесе баспасөз бетінде стильдік қателерге қоса емле қателеріне дейін кездесіп жатады. Міне, БАҚ тіліндегі әдеби нормадан ауытқушылықтарды, емле немесе тыныс белгісінен жіберілетін қателерді жібермеу жолдарын қарастыру мақсатында өткізілген іс-шаралар да сан алуан. Бұлардың қатарында «БАҚ және тіл мәдениеті» семинар-тренингін, «БАҚ және тіл нормасы мәселелері» дөңгелек үстелін атап өтуге болады.

Дөңгелек үстелде бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдық-әлеуметтік қызметіне, тілдік-жанрлық ерекшелігінің әралуандығы мен күрделілігіне сәйкес әдеби тіл нормаларын танытудағы рөлін жетілдіру мәселесі көтеріліп, күнделікті баспасөз тілінің стильдік айырым белгілеріне әсер етіп отырған басқа да факторлар жан-жақты талқыланса, семинар-тренинг БАҚ өкілдері, оның ішінде телеарна, радио тілшілерімен кездесу ұйымдастырып, олардың сөздік қорын, сөз саптауын, тіл мәдениетін жетілдіруді мақсат етті.

Семинар-тренингте кәсіби мамандар дәріс оқып, шеберлік сабақтарын көрсетсе, дөңгелек үстел жұмысына ҚР Парламентінің

депутаттары, ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық терминология комиссиясының мүшелері, тіл білімі және журналистика саласын зерттеуші ғалымдар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы тіл саласына жауапты құрылымдардың басшылары мен мамандары қатысты. Саладағы қордаланған мәселелерді шешуде мұндай шаралардың берері мол. Осы ретте, Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай БАҚ өкілдерінің мерейін көтеретін «Мемлекеттік тіл және БАҚ» байқауының ұйымдастырылғанын айта кеткіміз келеді.

Республикалық байқауға еліміздің әр өңірінен келіп түскен 200-ден аса материалдардың ішінен мемлекеттік тілдің қызмет ету аясын кеңейту мен мәртебесін нығайтуды көздеген, қазіргі мемлекеттік тілдің ахуалы туралы өткір де өзекті, сыни материалдар жариялаған жекелеген тілшілердің еңбектері іріктеліп алынып, байқаудың ережесіне сәйкес «Үздік мақала», «Үздік телеарна бағдарламасы», «Үздік радио бағдарламасы», «Үздік сайт мақаласы» номинациялары бойынша 4 бағытта бағаланды.

Байқау жеңімпаздары диплом, алғысхаттармен қатар, ақшалай сыйлықтармен марапатталса, кей журналистер ынталандыру сыйлығын иеленді. Дәстүрлі түрде өткізіліп жүрген бұл іс-шара мемлекеттік тіл саясатын насихаттау белсенділігін арттырып, тиісінше тіліміздің дамуына септігін тигізетіні сөзсіз.

Бүгінгі таңдағы тіл саласындағы өзекті мәселелердің бірі терминологиялық және ономастикалық жұмыстарды реттеуге бағытталған мәселелерді шешу болып табылады. «Медициналық терминдерді біріздендірудің нормативтік-лингвистикалық негіздері», «Ономастика және көрнекі ақпарат мәселелері», «Ономастика саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді реттеу» атты республикалық дөңгелек үстелдер өткізілді. Тіл жанашырлары бас қосқан келелі кеңесте өрелі ойлар мен өткір пікірлер, тың ұсыныстар айтылды.

Үш тілді жетік меңгерген қабілетті жастарға қолдау көрсету, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу мақсатында жастар арасында «Тіл-тұнық ойдың кәусары» облыстық олимпиадасы, «Ой-сана» оқушылар байқауы, қазақ мәдениеті, тілі мен әдебиетіне деген қызығушылықты арттыруды міндет еткен «Абай оқулары», Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің XVII республикалық байқауы, «Тіл шебері» республикалық байқауы орталық қызметкерлерінің тіл мәртебесін арттыруға байланысты түрлі мазмұндағы іс-шараларды өткізуге белсене араласатындығын көрсетті.

Еліміздің шоқтығы биік сұлу өңірінің бірі Бурабайда қазақ тілінен сабақ беретін мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының оқытушылары арасында республикалық «Тіл мерейі» байқауы өткізілді.

Мемлекеттік тілдің мәртебесі мен маңызын кеңінен насихаттау, қазақ тілінен сабақ беретін оқытушылардың қоғамдық мәртебесі мен беделін арттыру және оқытушының әдістемелік шеберлігін шыңдау, тіл үйретудің озық әдістемесін тарату, педагогикалық қызметтегі инновациялық тәсілдерді, оқытушылардың сабақ берудегі біліктілігі мен тәжірибесін сараптауды басты мақсат еткен бұл байқауға

облыстық (қалалық) мемлекеттік тілді оқыту орталықтарындағы шебер ұстаздар қатысты.

Байқауға Қазақстанның түкпір-түкпірінен келіп, облысының намысын қорғаған үздік мұғалімдердің қайсысын алсақ та дайындығы тиянақты, ісі мығым екендігін дәлелдеп, сабақ берудегі өзіндік өрнектерін көрсете білді.

Семинар-тренингке әдіскер ғалымдар, тіл мамандары, тіл үйренушілер, Астана, Алматы қалалары және облыс орталықтарындағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының басшылары мен оқытушы әдіскерлері қатысып, мемлекеттік тілді оқытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдері туралы өз ойларын ортаға салды.

Ал Тараз қаласында өткен «Оқыту бағдарламалары мен мазмұны, оқыту технологиясын жетілдіру» республикалық семинар-тренингі жоғарыдағы іс-шараның заңды жалғасы болып табылады. Байқауда үздіктердің үздігі өз тәжірибелерімен бөліссе, семинар-тренингте мемлекеттік тілді ересек адамдарға үйрететін оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру, онлайн әдісімен озық тәжірибелерді алмасу және мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының оқытушыларын ынталандыру көзделді.

Семинар-тренингке әдіскер ғалымдар, тіл мамандары, тіл үйренушілер, Астана, Алматы қалалары және облыс орталықтарындағы мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының басшылары мен оқытушы әдіскерлері қатысты. Мемлекеттік тілді оқытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдері туралы баяндамалар жасалып, әдіскерлер өз ойларын ортаға салды. Сондай-ақ, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының үздік оқытушылары панорамалық сабақтар мен онлайн режимінде шеберлік сабақтарын көрсетті.

Орталық мемлекеттік тілдің рөлін арттыру мен тіл саясатының мақсат-міндеттерін қалыптастыруға бағытталған «Тіл және қоғам» альманағының басылып шығуына жетекшілік етеді. Журналда мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін дамыту және кеңейту бойынша ұсыныстар ортаға салынып, мемлекеттік тілдің қолданылу барысы туралы материалдар жарияланады. Мемлекеттік тілдің халықаралық қызметте қолданылу тәжірибесі көрсетіледі. Журнал бетінде жарық көрген талдау және жалпылама ғылыми-лингвистикалық сипаттағы зерттеулер, қазақ әдеби тілінің нормаларын қалыптастыруға септігін тигізеді. Ономастика, терминология мәселесімен қоса әлеуметтік лингвистикалық зерттеудің нәтижелері де журнал бетіне жарияланып, тіл білімі мен қоғам өміріндегі тың жаңалықтармен, соны ізденістермен таныстырады.

Тілдің өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем екендігін дана халқымыз әрқашан қастерлеп құрмет тұтқан. Жеңіске жетелейтін жүз нақты қадамда көптілділіктің ұлт жоспары межелерінің бірі болуы да замана талабы. Осы талапқа сай қызмет етіп, тіл мәртебесін көтеру, қазақстандықтарды мемлекеттік тілдің төңірегіне ұйыстыру осы саладағы басты бағдар болып қала бермек.

МАЗМҰНЫ

ТУҒАН ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ

<i>Б.Хасанұлы. Мемлекеттік тілді дамыту стратегиясы</i>	7
<i>Н. Уәлиұлы. Қазақ тілі қандай тіл?</i>	20

ТҮБІ БІР ТҮРКІ ТІЛІ

<i>Д.Райхан. Көне түбірлердің өзгеру сипаты</i>	29
---	----

АУДАРМА ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

<i>К.Юсуп. Толғауы тоқсан қызыл тіл</i>	37
<i>Н.Әшімбаева. Қазақ терминологиялық қорын қалыптастырудың лингвоәдістанымдық негіздері</i>	44

СӨЗ ТӨРКІНІ

<i>Б.Бияров. Кейбір макротопонимдердің этимологиялары</i>	55
---	----

ӘДІСТЕМЕ ӘЛЕМІНДЕ

<i>Ш.Құрманбаева. Коммуникативтік бағдарлы оқытуда тіл үйренушінің оқу-танымдық уәждемесін арттырудың маңызы</i>	63
--	----

ОНОМАСТИКА

<i>Қ.Рысберген. Қазақ жер-су атаулар жүйесіндегі ортағасырлық кірме атаулар</i>	69
<i>Б.Әбдуәлиұлы. Қазақстан ономастикалық кеңістігі жаңа құқықтық-нормативтік құжаттарды талап етеді</i>	78
<i>А.Абасилов. Қызылорда қаласының эргонимдері</i>	85

МЕРЕЙТОЙ

<i>А.Байтұрсынұлы. «Қазақ» газетінен</i>	94
<i>Ғ.Қараш. Ұлт хәм туған тіл</i>	96
<i>Х.Досмұхамедұлы. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы</i>	98
<i>М. Жұмабаев. Тілдің адам өмірінде хәм ұлт өмірінде алатын орны</i>	101
<i>М. Әуезов. Ана тілі әдебиетін сүйіндер</i>	102

ЖЫЛ ЖЕМІСІ

<i>Тіл мәртебесін көтеру – маңызды міндет</i>	103
---	-----

РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ:

Авторлардың стилі,
орфография хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы
Тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
Берік ҚОСДӘУЛЕТОВ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 16.09.2015 ж.
Басуға қол қойылған күні 16.10.2015 ж.
Пішімі 70 × 100^{1/16}. Шартты баспа табағы 9,1.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №